19 Лукаш С. Н., Тимченко П. В. Педагогические условия развития лидерских качеств у студенческой молодежи // Человек и образование. – 2015. – № 2 (43). – С. 104–108.

20 Рубцов В. В., Забродин Ю. М. Компетентностный подход как концептуальная основа связи профессионального образования и профессионального труда // Вестник практической психологии образования. – 2012. – № 3.

21 Хомутский Д. Ю., Андреев Г. С. Формирование компетенций инновационного лидерства на основе модели дизайн-мышления // Управление развитием персонала. – 2016. – № 3. – С. 174–178.

## РАЗВИТИЕ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ ЛИЧНОСТИ

ЧУБОВА В. В.

учитель начальных классов, СОШ № 18, г. Павлодар

Лидерами не рождаются, лидерами становятся. Эту простую истину в нас закладывали сначала в школе, затем в высшем учебном заведении. Затем учителем становилась сама жизнь. Любому из нас дано право, самостоятельно выбирать свое место в коллективе. Каждый человек по природе обладает определенными лидерскими задатками, однако развить их в достаточной степени и использовать, чтобы достичь своих целей и реализовать себя, получается далеко не у каждого. Почему некоторые люди, уже в юном возрасте ведут себя как прирожденные лидеры и способны повести за собой толпу, а другие не могут даже настоять на своей позиции и выступают в

роли ведомых, следующих за лидером? В чем состоят особенности психологии лидерства, и какие черты присущи лидеру?

Психология лидерства кроется не только в особенности характера и мышлении человека, но и проявляется внешне. Лидера достаточно просто выделить в толпе по его поведению, привычкам [1, с. 1]. Замечательным лидером может быть не только руководитель компании или менеджер, им может быть и учитель, и исследователь, и нежная мать. Большинство людей во многом похожи на чашку. Они уже полны до краев. Их ум так переполнен мнениями, идеями и предпочтениями, что ничто новое не может туда проникнуть. А в нашу эпоху быстрых изменений, когда нужно постоянно знакомиться с новыми взглядами и понятиями, вооружаться новыми умениями, это серьезнейший недостаток. Лидеры должны опустошить свои чашки. Нужно всегда оставаться восприимчивыми к новым знаниям, а себя считать вечными учениками. Лидер должен выработать в себе Ум Начинающего. Это важное качество для лидера. Один из уроков лидерства, гласит: За миг до победы случаются мелкие затруднения. Самое главное в этот момент – сохранять сосредоточенность и продолжать верить. Устойчивость в ситуации неопределенности. Это одно из главных качеств лидера: ему не страшна неизвестность или отсутствие обратной связи. Белые пятна не мешают его деятельности. Лидер справляется со своим делом и без немедленной обратной связи и разрешает проблемы, непосильные для других, неспособных к действиям в условиях неопределенности [4, с. 48]. Работая учителем начальных классов, с каждым новым набором учащихся, ищешь среди детей лидера, который уверен в себе и своих силах, который готов вести за собой других, брать ответственность за себя и свои решения. Такой лидер должен обладать навыками вербального и невербального воздействия на окружающих. Бывает, что ребенок «кажется» лидером, но в силу слабого характера или своей лени, очень быстро устает от ответственности за одноклассников. Тогда приходится более тщательно продумывать свой выбор.

По мнению ученых, считается, что в жестикуляции лидера, как правило, преобладают жесты открытости и доминирования. Поза и походка лидера также свидетельствуют об уверенности, силе воли и открытости. Прямой решительный взгляд, прямая спина, широко расправленные плечи, размашистая походка, немного резкие, доведенные до конца жесты рук, выразительная мимика, высоко поднятая голова – все это признаки, по которым, можно выделить

среди толпы человека, обладающего лидерскими навыками [5, с. 116]. Данные особенности – только внешние проявления лидерских качеств, обусловленные внутренним состоянием человека, его психологией, образом мышления. Внутренне лидер всегда уверен в себе, своих возможностях и начинаниях; он открыт ко всему новому и всегда готов бросить вызов обстоятельствам. Как правило, лидеры обладают большой силой воли, отличными коммуникативными способностями, умением мотивировать себя и других людей. Также лидерам присущи навыки психологического воздействия на окружающих, с помощью которых они подталкивают других проникнуться их идеями и работать под их руководством для достижения поставленной цели [1, с. 1].

Давайте более подробно рассмотрим личность лидера. В свете современных разработок данного вопроса стоит обратить особое внимание на связи лидерской роли с личностью ее исполнителя [2, с. 124].

Личность лидера, этот аспект в той или иной степени уже затрагивался при рассмотрении детерминантов ролевой дифференциации лидерства, механизмов выдвижения в позицию лидера, а также в кратком историческом очерке релевантных обсуждаемой тематике исследований

Усилившийся акцент на перцепции последователей, характерный, для сторонников «имплицитной теории» лидерства, привел, по мнению специалистов к весьма неожиданному сдвигу в подходе к анализу проблемы личностной детерминации лидерства. От черт лидера акцент в попытках ее понимания фактически сместился к атрибутам последователей. Подобный взгляд на проблему отражает, точку зрения некоторых ведущих ее разработчиков, в частности Р. Лорда и его сотрудников [2, с. 124] Вместе с тем в последнее десятилетие новый исследовательский импульс получил и традиционный подход к упомянутой выше проблеме. Катализатором послужило обращение ряда исследователей лидерства к пятифакторной модели личностных черт, или так называемой Большой Пятерке – одному из наиболее популярных и перспективных современных подходов в изучении личности [3, с. 78]. Причем словом «Большая» подчеркивается, как мы увидим далее, включенность в каждый из факторов модели множества более конкретных черт. Р. Хоган с соавторами [1994] попытался выяснить, какие из факторов «Большой Пятерки» можно рассматривать в качестве детерминантов лидерства. С этой целью ученый, обратился к данным фундаментального справочника Р. Стогдилла, интерпретируя отдельные приводимые там черты как относящиеся именно к лидерству (что сделать, замечу,



весьма непросто, поскольку специального разведения между лидерством и руководством Р. Стогдилл, подобно подавляющему большинству американских исследователей, не проводил). Кроме того, были обобщены данные ряда более поздних и современных исследований так называемого внезапно появляющегося лидерства, в которых посредством различных психологических тестов (в частности, известного отечественным психологам Калифорнийского многофакторного опросника – СРГ) изучалась связь между чертами личности и лидерством.

В итоге был сделан вывод о том, что четыре фактора модели «Большой Пятерки» могут рассматриваться в качестве детерминантов выдвижения в позицию лидера, а именно:

– экстраверсия (высокий уровень выраженности представлен такими чертами, как напористость, энергичность, активность, общительность);

– нейротизм (низкий уровень выраженности представлен такими чертами, как эмоциональная стабильность, уверенность, уравновешенность, спокойствие);

– сознательность (высокий уровень выраженности представлен такими чертами, как дисциплинированность, ответственность, надежность, настойчивость, добросовестность);

– доброжелательность (высокий уровень выраженности представлен такими чертами, как склонность к сотрудничеству, доверчивость, дружелюбие, доброта) [2, с. 125].

Таким образом, проведенный анализ литературы показал, что нет единой теории лидерства в психологии. Вместе с тем многие теории сходятся в том, что лидер – это человек, который способен оказывать влияние на других людей и пользующийся авторитетом среди других. Одним из методов развития лидерских качеств является специальное обучение, организованное в Т-группах.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Психология лидерства: лидером может стать каждый, 2016. <http://sam-sebe-psycholog.ru>

2 Кричевский Р.Л. Психология лидерства: учебное пособие: Статут Москва, 2007. – 124 с. 125с.

3 Лаак и Бругман, Как измерить человеческую индивидуальность, 2003; Первин и Джон, Психология личности, 2000. – 78 с.

4 Психология. Учебник. Под ред. А. А. Крылова. - М.: Проспект, 2000. – 48 с.

5 Аллан Пиз. Язык телодвижений. Как читать мысли окружающих по их жестам, 2003. – 116 с.

## ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕННИНГ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

ЭТЕКБАЕВА А. Ж.

бастауыш сынып мұғалімі, № 2 Чернорецк ЖОББМ, Павлодар облысы,  
Павлодар ауданы

1970-ші жылдары ГДР-да М. Форвергтің жетекшілігімен ол әлеуметтік-психологиялық тренинг деп атаған әдіс жасап шығарылды. Біздің елге де тренинг осы атауымен келді.

Біздің елімізде тренингтер қарым-қатынас тренингінен басталды. Қарым-қатынас тренингі іс жүзінде кез келген басқа тренинг үшін базалық бағдарлама болып табылады. Басқа бағдарламалар (өз-өзіне сенімділік тренингі, келіссөздер тренингі, сауда-саттық тренингі, топ қалыптастыру тренингі, жанжалсыз мінез-құлық тренингі және басқалары) жасап шығарылғанда, бұл бағдарламалардың негізіне әлеуметтік-психологиялық тренинг алынды. Сондықтан әлеуметтік-психологиялық тренинг атауы әлеуметтік-психологиялық тренинг қағидаттарында құрылған басқа тренингтік бағдарламаларды белгілеу үшін де жиі пайдаланылады.

Егер Артур Ребер құрастырған «Үлкен түсіндірмелік психологиялық сөздікке» жүгінетін болсақ, тренингтің мынадай анықтамасын көреміз: «Жалпы тренинг дегеніміз – олардың жүзеге асырылуы нәтижесінде қандай да бір белгілі реакцияға (реакцияларға) немесе қандай да бір күрделі, шеберліктерді қажет ететін қызметке қатысуға қабілетті организм түріндегі ақырғы өнімді алу үшін жасап шығарылған процедуралар жиынтығы немесе кез келген оқу бағдарламасы». Бұл кез келген, соның ішінде адамды ғана емес, оқытуды қамтитын өте кең анықтама. Бұл анықтаманың негізгі ойы тренингтің жаттығу, дағдылар мен шеберліктерді жинақтау болып табылатындығында [1, 6 б].

Тренингтің тағы бір анықтамасын Ю. Н. Емельянов берген: «Тренинг дегеніміз – қызметтің кез келген күрделі түріне, соның ішінде қарым-қатынасқа үйренуге және оны меңгеруге қабілеттіліктерді дамыту әдістерінің тобы» [3, 89 б.].

И. В. Вачков тренингтің мынадай анықтамасын ұсынады: «Практикалық психологияның өзін-өзі тану және өздігінен даму

дағдыларын қалыптастыру мақсатында қолданылатын белсенді әдістерінің жиынтығы».

«Психологиялық сөздікте» (1990) әлеуметтік-психологиялық тренинг (ары қарай ӘПТ) «Практикалық психологияның қарым-қатынастағы хабардарлықты дамыту мақсатында топтық психологиялық жұмыстың белсенді әдістерін пайдалануға бағдарланған саласы» ретінде анықталады.

Бұл анықтама тренинг ұғымын қарым-қатынас тренингіне әкеліп саяды да, оның аясын одан әрі тарылтады. Көбінесе «әлеуметтік-психологиялық тренинг» атауы қарым-қатынас тренингінің, іскерлік қарым-қатынас тренингінің, әріптестік қарым-қатынас тренингінің және т.б. синонимі ретінде қолданылады [7, 12 б.].

«Психологиялық» сөзінің қолданылуын психологтар дәстүрлі түрде тек психолог қана жаттықтырушы бола алады деп түсіндіреді, әйтсе де, соңғы кезде жаттықтырушылардың едәуір бөлігінің психологиялық білімі жоқ және олар оны алуға ұмтылмайды да. Мен ойымша жаттықтырушының психологиялық білімі болуы тиіс, өйткені тренинг механизмдерінің көпшілігі психологиядан алынған деген пікірді ұстанамын. Психология негіздерін түсінбеу көбінесе қателерге ұшыратады.

Жаттықтырушының қатесі тренинг нәтижесіздігінің негізгі себебі болып табылады, ал тренинг болса – нақты дағдылар мен шеберліктерге үйрету бойынша ең тиімді технология. Жаттықтырушының қатесі тренингті уақыт пен ақшаны еш пайдасыз, босқа жұмсауға айналдырады.

Жаттықтырушының ең басты қатесі – топтық жұмыстың механизмдерін түсінбеуі: кез келген топта, және әсіресе тренингтік топта бірнеше өзара байланысты үдерістер болады. Ең маңызды үдеріс – жаттығу, жаңа дағдыларды меңгеру үдерісі, жаңа шеберліктерге үйрену. Бұл үдеріс топтық динамикаға негізделеді. Топтық динамиканың, қатысушылардың ұйымшылдығының, қауіпсіздік пен қолдау ахуалының арқасында оқыту тиімдірек болады. Сондықтан жаттықтырушының басты міндеті топ динамикасын үнемі ынталандырып отыруда, басқаша айтқанда, жаттықтырушы топта қолайлы ахуалдың қалыптасуына көп көңіл бөлуі тиіс.

Көбінесе, жаттықтырушының ойынша, топ өз міндетін орындай алмағанда, жаттықтырушы ашуланады. Өз әріптестеріне ол топтың «тым енжар» екендігін, қатысушыларының ештеңені «түсінбейтіндігін», орынсыз сұрақтар қоятындығын және т.б. айтып шағымданады. Егер, оның ойынша, олар нашар үйренетін болса, ол оларды барлығын тезірек жасаулары тиіс деп есептеп, тықырта бастайды. Ал олар,

неге екені белгісіз, баяу істейді, және тек уақыт мағынасында ғана емес, түсіну мағынасында да. Бірнеше ойын ойналып, бірнеше жағдай талқыланғандай болғанмен, олар тағы да қате жібереді. Бұл жаттықтырушыны ашуландыра бастайды және, әрине, бұл топтық үдерістер мен оқып-үйрену үдерісін одан әрі тежей түседі.

Мұндай жағдайда жаттықтырушы «не қылған зердесіз едіңдер» деп кейіп, «ақылдары жоқ ақымақтардың» қателерін көздеріне шұқып көрсетіп, үйретуге тырысады [4, 64 б.].

Тәжірибе көрсеткенде, екі бірдей топ болмайды. Әр топтың өз жылдамдығы және өз нәтижесі болады. Және, айталық, оқу материалы бойынша бір топта тезірек алға басса, екіншісінде баяуырақ жылжиды, бірақ топ үшін нәтижесі бойынша бұл бірдей дәрежеде тиімді болуы мүмкін.

Жаттықтырушы топтың өзіне бағдарлануы тиіс: топ өзі қалай жүрсе, солай жүреді. Оның топты барынша ынталандыруға және оның жылдамдығын арттыруға тырысатыны өзінен-өзі түсінікті. Кейбір жерлерде ақыл айтып, итермелеп те жібереді. Бірақ бұл жерде ең бастысы – топтың өзі шығатын нәтиже [5, 56 б.].

Тренингтің қатысушылары өздерін мұнда бағалайды, қандай да бір «мінездемелер» жазады деп үрейленіп, тренинг олардың қабілеттіліктерін анықтау үшін өткізіледі деп қорқатыны да болады. Ол кезде олар тренингтен де, жаттықтырушыдан да қорқады. Олардан басынан бастап жақсы жұмыс күтудің қажеті жоқ. Және, әрине, мұндай топты алғашында асықтырудың қажеті жоқ, әйтпесе өздерінің қорқыныштары бекер емес екен деп шешіп, бүкіл тренинг бойы «окоптарында» отырып шығады. Егер жаттықтырушы алғашқы жарты күнде топтың өздерін еркін сезінуін қамтамасыз етуге жұмсаса, көңілді және рахаттанып отырып оқып-үйренуге болатындығына көздерін жеткізсе, топ қатысушылары өздерін еркін, бос сезіне бастайды. Кейін олар өз батылдықтарына өздері таң қала бастайды да, алғашқы күннің аяғында әдетте мұндай ахуалда, әрі таныс емес адамдармен олар тіпті екі-үш күн сөйлемейтіндігін, ал қазір өздерін «видеоға» түсіріп жатқандығына да қарамастан, өздері ойынға қатысуға ынта білдіріп отырғандығын айтады [3, 37 б.].

Жаттықтырушының тағы да бір елеулі қатесі – тренингке адекватты емес теориялық және практикалық материалды қосуы. Жаттықтырушы тренингтің жаттығу екендігін түсінуі тиіс. Жаттықтырушының міндеті – топ қатысушыларына жаңа ақпарат беру емес, ал нақты дағдылар мен шеберліктерге үйрету. Жаттықтырушы үнемі жаңа нәрсеге ұмтылып отыруы тиіс емес.

Көптеген жаттықтырушылар қатысушылардың бір бөлігінің бұрын да мұндай тренингте және, мүмкін, осыған ұқсас бағдарламада болғандығынан қорқады. Қатысушылар мұның бәрін білетіндіктері туралы айта бастайды деп қорқады. Мұндай жағдайлар барған сайын жиі ұшырасады, өйткені фирмалардың көптеген қызметкерлері төрт-бес тренингте болып көрген. Қайтсе де өз қорқыныштарының орнын толтыру үшін кейбір жаттықтырушылар тренингтік бағдарламаларға қандай да бір жаңа элементтерді енгізеді. Бірақ тренинг үшін, оның қатысушылары үшін олар көбінесе жай ғана пайдасыз емес, сонымен бірге, зиянды да болып шығады, өйткені көбіне қатысушыларды дұрыс емес мінез-құлыққа, дұрыс емес мақсаттар мен қағидаттарға баулиды.

Мәселен, сауда-саттық технологиясы жөніндегі тренингтік бағдарламаларда әр түрлі жіктеулер, сатып алушылар типологиялары пайда болды. Ішінара олар қатаң ғылыми теориялардан алынған, ішінара қолтума болып табылады да, мысалы, сатып алушыларды «кептерлер» мен «бүркіттерге» және т.б. бөлу сияқты болады. Бірақ тіпті қатаң ғылыми жіктеудің өзі зиянды, өйткені сатушы сатып алушының типін бірден дұрыс анықтай алмайды. Оның үстіне, мұндай жіктеулердің авторларының көпшілігі өздерінің типологиясы қалада бағдарлануға көмектесетін карта сияқты деп айтады. Кез келген нақты картаның нақты қаладан айырмашылығы болатынындай, тұлға типінің сипаттамасы да нақты тұлғадан ерекшеленеді. Нәтижесінде сатушы бірдеңе істеуге, қандай да бір өзінің түсініктері бойынша сөйлеуге тырысады және, әрине, сатып алушы әлденеден сезіктенеді.

Тренингтік бағдарламаларға енгізілген жаңалықтардың тағы да бір мысалы НЛБ-дан көптеген элементтерді қосу болып табылады. Нейролингвистикалық бағдарламалау – өте жақсы психотерапевтік тәсіл, бірақ тренинг үшін, соның ішінде сауда-саттық тренингі үшін көбінесе зиянды болады. Тіпті НЛБ-мен бұрыннан айналысатын көптеген тәжірибелі психологтар бір қарағаннан адамның типін – оның «визуал», «аудиал» немесе «кинестетик» екендігін анықтай алмайды. Бұл үшін тіпті олардың өздеріне де 5 минуттан 15 минутқа дейін уақыт қажет болады. Ал сатушының мұндай уақыты, тәжірибесі және НЛБ бүкіл жүйесін түсінуі жоқ. Ал егер сатушыны НЛБ-ға жақсылап үйретсе (бұған бірнеше жыл кетеді), онда оған сатушы болып жұмыс істеудің қажеті қанша? [6, 102 б.].

Тренинг дегеніміз – жаттығу, және топ қатысушыларына жаттығуға мүмкіндік беру қажет. Өз жаттықтырушысына әрбір жаттығуда өзінің бұлай жүгіре білетіндігін және жүгірудің қандай да бір жаңа тәсілін үйренгісі келетіндігін мәлімдейтін жүгіргішті елестетіп көріңіздерші.

Нағыз шеберлік қайта-қайта жаттыға отырып қалыптасады, тренингтің өзі де осы үшін керек.

Тағы бір қате – тренинг пен терапевтік топтың арасындағы айырмашылықты түсінбеу. Алдында айтылғандай, тренингтің мақсаты – жаттығу, белгілі бір дағдылар мен шеберліктерге машықтану. Ал психотерапевтік топтардың мақсаты – топ қатысушыларының жеке проблемаларын шешу.

Тренинг сырттай қарағанда қатысушылар көп күліп-ойнайтын қандай да бір әншейін ойындардың жиынтығы сияқты көрінуі мүмкін, және бұл жұмысқа ұқсамайды. Жаттықтырушы, терапевтік топтарда болғаннан кейін, өз тренингіне терапевтік жаттығуларды қоса бастайды. Нәтиже әрқашан біреу: қатысушылардың біреуі көз жасына ерік береді, осылайша, онымен жұмыс істеу аяқталады, өйткені кәдімгі тренингте бұл жағдайды ары қарай өрбітуге уақыт жоқ, және көбінесе шеберлік те жоқ. Сондықтан жаттықтырушы осы тәсілдердің арасындағы айырмашылықты анық түсініп, оларды ешқашан бір бағдарламада араластырмауы тиіс. Бұл – әр түрлі жұмыстар.

Әрине, тренингтік топтарда да, терапевтік топтарда да пайдаланылатын жаттығулар бар. Мысалы, барлық тренингтік жаттығулар терапевтік топтарда да қолданылады, бірақ бұл терапевтік топтардағы басқа процедуралар мен ойындарды тренингтік топтарға ауыстырып қолдануға болады дегенді білдірмейді. Бұл жаттықтырушыға психологиялық білімнің қажеттігі туралы айтуға тағы бір себеп болады. Өйткені психология негіздерін білмеу осыған ұқсас қателерге алып келеді.

Жаттықтырушы сондай-ақ өзі адекватты емес ойынды ойлап табуы немесе оны әдебиеттен алуы мүмкін. Әдебиетте сипатталған көптеген ойындар да әрқашан тренингке жарамды бола бермейді. Мысалы, әдебиетте сипатталған «Әуе шарындағы апат» ойыны. Ойынды көбінесе мектеп психологтары қолданады, және мен олардың ойынның жаман екендігі туралы айтқандарын жиі естимін. Ол көбінесе тренингтен кейін де жалғасуы мүмкін елеулі жанжалмен аяқталады. Бұл ойында барлық қатысушылар әуе шарындағы адамдарды құтқару үшін нені теңізге тастау керек, ал нені қалдыру керектігі туралы шешім қабылдаулары тиіс. Бірақ ұсынылған заттардың ішінде тірі ит бар. Ойынның қызуымен қатысушылардың біреуі қаруды тастау керек деп шешсе, енді біреуі итті тастау керек дейді (өйткені, олардың ойынша, қару олардың ары қарай тіршілік етуі үшін қажет болады). Ал кейде топта қандай да бір көзқарастың жақтастарының бірін де лақтырып тастауға шешім қабылдануы мүмкін. Жанжалды болдырмау үшін,

мұндай ойынға, заттармен қатар, жануарды (итті) қоспау керек. Бұл эмоционалдық бауыр басушылықтың әр түрлі деңгейі, және мұндай тандау жасағанда, адамның көңіліне терең эмоционалдық қаяу түсуі мүмкін, және бұл тренингтің емес, жаттықтырушының біліксіз жұмысының нәтижесі болады.

Иә, бір жаттықтырушы терапевтік те, тренингтік те топтарды алып жүруі мүмкін, бұл – жиі болатын жағдай, бірақ бұл – әр түрлі қатысушылары, әр түрлі міндеттері бар әр түрлі топтар [2, 33 б.].

Кез-келген жаттықтырушы топпен не істегісі келсе де ерікті екендіктерін біледі. Сөздің дәлме-дәл мағынасында, жаттықтырушы – «әрі патша, әрі құдай». Жаттықтырушы әр түрлі ойындар жүргізеді, қатысушыларға рөлдерді үлестіріп береді. Топтағы бірде-бір адам қандай да бір ойынның жалпы мақсаттарын ойын басталғанша түсінбейді. Топтың барлық қатысушылары жаттықтырушылар болған күннің өзінде де олар бәрібір ойынның қандай болатындығын білмейді, оның үстіне, қатысушыларға нұсқаулар көбінесе жеке беріледі. Және, соған сәйкес, кейбір немесе барлық қатысушылары ақымақ болып көрінетін ойынды жасау оңай. Мысалы, бір тренингте барлық қатысушыларға мынадай нұсқау берілген: «Ал қазір бәрің бір қатарға тұрындар... (кідіріс) төрт тағандап тұрындар... (кідіріс) енді тілдерінді шығарындар». Ары қарай мынадай түсініктеме берілген: «Қызметтік іздеуші иттер тобы тренингке дайын». Содан соң барлығы қалжың ретінде түсіндірілген. Жаттықтырушыға мұндай «қалжыңдардың» қажеті қанша? Айналадағылардың бәрі ақымақ болып көрінгенде, жаттықтырушының өзі өзіне әрі ақылды, әрі тапқыр, әрі талантты болып көрінетіні өзінен-өзі түсінікті.

Енді бір топта жаттықтырушы жылқы туралы есепті шешуге тапсырма берді (нұсқауды ары қарай қараңыз). Ол кімде «0» шыққанын сұрады. Бірнеше адам қолдарын көтерді. Жаттықтырушы олардың білімдерінің қандай екендіктерін, мектепте қалай оқығандықтарын сұрады. Ары қарай ол бұл есептің үшінші сынып оқулығынан алынғандығын қуана хабарлады. Содан соң жаттықтырушы кімде «1» шыққанын сұрады да, бәрі қайталанды және т.б. Соңында мынадай түсініктеме берілді: сендердің барлықтарың жоғары білімді ересек адамдарсындар, ал үшінші сыныпқа арналған есепті шеше алмадыңдар. Содан соң топ қатысушыларының барлығы өздерін тіпті үшінші сынып деңгейіне де жетпейтін адамдар ретінде бағалаулары үшін кідіріс жасалды.

Шын мәнінде, бұл ойын – қабылдау таптаурындарына арналған ойын, және мұнда есептеуде қателер болуы мүмкін. Бұл ойынның

негізгі мағынасы – барлық адамдардың есеп шарттарын әр түрлі қабылдайтындықтарын көрсету, және барлық даулар дәл осыдан туындайды. Ойыннан шығатын қорытынды есептің топтық шешіміне көшуге әлі ерте болғандығында. Ең алдымен есеп шарттарынан хабардар етіп, барлық қатысушылардың осы шарттарды жалпы түсінуін қамтамасыз ету қажет болатын, сонда шешім бірден табылар еді. Бұл есеп қарым-қатынас үдерісін сатылы түрде өту қажет екендігін көрсетеді. Бұдан басқа, осы ойын мысалында тиімді қарым-қатынас өлшемдері жақсы көрінеді.

Азырақ көзге түсетін жағдайлар да болады. Мысалы, жаттықтырушы біреудің атына бірнеше бағалау фразаларын тастауы, топ алдында қатысушының анық қатесін көрсетуі, бағалаған кейіппен бет-аузын тыжырайтуы мүмкін – және нақты «құрбандық» өзінің дәрменсіздігін түсінеді. Ал тренингте барлық дерлік ойындар қате қағидатына құрылатындықтан (яғни, ойындарда солардың мысалында жұмыста оларды қайтып жібермеуге үйрену үшін міндетті түрде қателер болады), жаттықтырушының мұндай мүмкіндіктері молынан болады [7, 23 б.].

Қорытындылай келе, жаттықтырушының жоғарыда көрсетілген барлық қателері оның жұмысының тиімділігіне өткізілген тренингтер саны мен тәжірибесінен гөрі әлдеқайда күштірек әсер ететіндігін айтуға болады. Жаттықтырушының көптеген жылдар бойы жұмыс істеуі, бірақ осы заңдылықтардың бірде-бірін түсінбеуі мүмкін, және бұл жаман нәтижелерге алып келетін болады. Тренингтің тиімділігі және пайдалылығы туралы екі пікір бар: біреулер тренингтің өте тамаша және жақсы екендігін айтса, енді біреулер тренингті жай ғана алдау және ешқандай нәтиже бермейтін дүние деп мәлімдейді. Шын мәнінде, біреулердің жаттықтырушымен жолы болған, енді біреулерінің жолы болмаған. Тренингтің өзі болса – тамаша әдіс, бірақ жүргізушісі жаман жақсы машина жаман жүретіндігі сияқты, тренинг те көбінесе кері нәтиже береді.

Қалайша осындай қателерді жібермеуге болады? Жауап қарапайым: шындап оқып-үйрену қажет, және ең тиімді әдіс тренинг болып табылады, жаттықтырушыларды оқытып-үйретуге арналған тренингтік бағдарламалар болады.

Бұдан басқа, жұмыс барысында жаттықтырушы үнемі өзін бақылап отыруға міндетті. Бақылаудың тамаша механизмі – өзіне үнемі «мен мұны не үшін істеймін?», «менің мақсатым қандай?», «мен қандай нәтижеге қол жеткізім келеді?» деген сұрақтарды қойып отыру. Және жаттықтырушы әлденені айтқысы немесе істегісі келгенде, ол өзінің не



істеп отырғандығын және топқа мұның қажеті қанша екендігін түсінуі тиіс. Егер бұл топтың пайдасына жарайтын болса, онда барлығы жақсы. Егер жаттықтырушы әлденені айтқысы немесе істегісі келсе, бірақ бұл топ үшін зиянды немесе тым болмағанда пайдасыз болса, онда оны айтуға не істеуге болмайды. Жаттықтырушының жақсы жұмысы деген осы. Жаттықтырушы топ үшін жұмыс істеуге міндетті [4, 58 б.].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абрамова Г. С. Введение в практическую психологию. – М. : Международная педагогическая академия, 1994.
- 2 Вачков И. В. Основы технологии группового тренинга. Психотехники: Учебное пособие. – М., 2000.
- 3 Емельянов Ю. Н. Активное социально-психологическое обучение. – Л. : Изд. ЛГУ, 1985.
- 4 Завьялова Ж. В. Путь тренера. – СПб. : Речь, 2000.
- 5 Захаров В. П. Практические рекомендации по ведению групп социально- психологического тренинга: методические указания. – Л. : ЛГТУ, 1990.
- 6 Лойшен Ш. Психологический тренинг умений. – СПб. : Питер, 2001.
- 7 Макшанов С. И. Психология тренинга. – СПб., 1997.

#### 1.1.3 Тенденции развития СМИ и современные медиатехнологии в журналистике

##### 1.1.3 БАҚ дамуының үрдісі және журналистикадағы заманауи медиатехнологиялар

### ОНЛАЙН-ВИДЕО НА МОБИЛЬНЫХ УСТРОЙСТВАХ – НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ КОНВЕРГЕНТНОЙ РЕДАКЦИИ

БЕГЕЖАНОВ А. Б.

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ИБРАЕВ М. А.

к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Развитие журналистики всегда зависело от технологического прогресса: будь то появление нового материала для письма – бумаги, изобретение типографских литер Гутенбергом, изобретение радио Теслой, появление телевидения или интернета.

В свою очередь и онлайн-видео появилось с развитием высокоскоростного интернета и постепенным усовершенствованием технологий сжатия видеоданных. Первоначально для просмотра видео в сети Интернет использовались исключительно персональные компьютеры, но с течением времени всё несколько изменилось и сейчас для просмотра используются различные цифровые устройства, подключенные к сети.

Стремительное развитие нанотехнологий в начале XXI века породило огромный скачок производства мобильных цифровых устройств – смартфонов, планшетов и даже наручных часов с миниатюрными экранами. Постепенное совершенствование нанотехнологического процесса привело к тому, что мобильные устройства стали способны воспроизводить высококачественное видео в реальном времени через Интернет. Потребление онлайн-видео контента стало расти в геометрической прогрессии. По данным ComScore количество пользователей мобильных устройств превысило количество пользователей персональных компьютеров уже на рубеже 2013-2014 годов и продолжает увеличиваться галопирующим темпом. В начале февраля 2017 года мировой лидер в области производства сетевого оборудования компания Cisco опубликовала данные о росте мобильного трафика в 2016 году на целых 63 процента. Таким образом, ежемесячный трафик составил 7,2 эксабайта в конце 2016 года, против 4,4 эксабайта в конце 2015 г. Несомненно, львиную долю данного трафика составляет видео, так как данного рода устройства используются в основном лишь для развлечений и потребления медиаконтента [1, с. 200].

Борьбу за потребителей видеоконтента вот уже несколько лет ведут крупные корпорации в лице Google с их сервисом YouTube, Amazon с сервисом видеотрансляций в прямом эфире Twitch.tv, Netflix с одноименным сервисом «видео по запросу» (video-on-demand), а также многочисленные социальные сети, имеющие функцию загрузки видеоконтента пользователями.

СМИ уже давно потеряли монополию на производство и распространение видеоконтента. Если раньше для качественного производства и доставки видеоконтента требовались целые команды специалистов, большие ресурсы и соответствующее дорогостоящее оборудование, то сейчас весь путь от идеи до представления контента аудитории может быть пройден одним человеком с доступной цифровой камерой и персональным компьютером. Но означает ли это, что традиционные СМИ потеряют свою аудиторию? Скорее всего нет, если вовремя переориентироваться на современные реалии. А реалии



таковы, что конвергентные редакции, ставящие основной упор на онлайн-видеоконтент, в ближайшем будущем оставят далеко позади своих конкурентов [2, с. 15].

В современном мире, говоря о теме онлайн-видео, мы говорим в первую очередь о различных интернет-сервисах, предоставляющих возможность загрузки и воспроизведения видео. Почему даже гиганты в мире СМИ пользуются сторонними сервисами для размещения видеоконтента? Во-первых, потому что создание собственной инфраструктуры бесперебойной доставки видеоконтента требует больших затрат как на оборудование, так и на разработку соответствующего программного обеспечения. Во-вторых, размещая контент на сервисах онлайн-видео, в некоторых случаях можно получить дополнительный органический трафик из внутреннего поискового модуля либо механизма пользовательских рекомендаций, что, безусловно, ведет к дополнительному росту аудитории [1, с. 98].

Каковы же основные преимущества конвергентных редакций, делающих ставку на онлайн-видео?

- большой выбор площадок для размещения контента. Чаще всего используются наиболее популярные среди данной аудитории социальные сети.

- огромный потенциальный охват аудитории, в результате вирусного распространения контента как внутренними механизмами сервиса, так и посредством, так называемых, «мессенджеров» (WhatsApp, Viber, Telegram и др.) и социальных сетей

- возможность обратной связи с аудиторией в виде подписок, комментариев и других видов социального взаимодействия. Это повышает удержание аудитории

- возможность в реальном времени отслеживать вовлеченность и реакцию на материалы через комментарии и оценки пользователей

- возможность дополнительной монетизации через партнерские соглашения с сервисами, предоставляющими площадки для размещения контента. В частности, сервис YouTube позволяет издателям получать 55 % от дохода, полученного от рекламы во время просмотра видеороликов.

Практически все современные интернет-компании ведут кроссплатформенную разработку своих продуктов. То есть, сервис разрабатывается для взаимодействия с широким спектром устройств – от смартфонов до смарт-телевизоров. Таким образом, загружая видео, к примеру, на видеосервис YouTube, можно быть уверенным что ролик будет доступен практически с любого устройства, имеющего

выход в Интернет. Но есть некоторые отличия в создании контента, ориентированного преимущественно на определенные платформы. К примеру, размер экрана устройства конечного потребителя налагает некоторые ограничения на мелкие детали в видео и прочее.

В настоящее время необходимо ориентироваться преимущественно на мобильный трафик, так как это наиболее перспективная с точки зрения потенциального роста аудитория: по прогнозам все той же компании Cisco Systems глобальный мобильный трафик вырастет в 7 раз с 2016 по 2021 годы (Рисунок 1). При этом не учитывается тот факт, что большинство пользователей для выхода в интернет с мобильных устройств чаще использует домашний роутер Wi-Fi.




Рисунок 1 – Прогноз от Cisco Systems: мобильный трафик 2016-2021 гг.

Перед конвергентной редакцией стоит задача на максимальное взаимодействие с социальными сетями и мобильными сервисами (Instagram, Periscope и др.). Данные сервисы в свою очередь позволяют несколько упростить работу современного журналиста, предоставляя необходимые инструменты для аналитики взаимодействия с целевой аудиторией и оценки качества производимого контента, а также некоторые инструменты, предназначенные непосредственно для создания самого контента. Также большинство мобильных сервисов и социальных сетей предоставляют обширный инструментарий для создания таргетированных рекламных кампаний, что может быть полезным для молодых онлайн-СМИ на начальном этапе для привлечения аудитории.

Еще одна тенденция последних лет – это популяризация так называемого «стриминга» – трансляции в прямом эфире с веб-камеры

компьютера либо мобильного устройства. Среди молодежи достаточно популярен сервис Periscope, посредством которого осуществляется трансляция с обычного смартфона либо планшета с интерактивными комментариями от зрителей. Вот уже несколько лет любители компьютерных игр для трансляции игрового процесса с экрана используют сервис Twitch.tv. Также многие сервисы и социальные сети следуя общемировой тенденции добавили функционал прямых трансляций. К примеру, в конце 2016 года возможность организации прямых трансляций запустил популярный сервис Instagram.

Развитие информационных технологий ведет ко все большей интерактивности и взаимодействию производителя контента с потребителем. Большую роль играет, так называемый, «user-generated content» – контент, созданный непосредственно пользователем. Все чаще имеет место размещение материалов присланных с места событий, сделанных на камеру мобильного телефона рядовыми гражданами. Полномасштабное развертывание мобильных сетей четвертого поколения «4G» позволило с высокой скоростью получать и передавать видеоконтент высокого качества. К 2020 году ожидается развертывание сетей пятого поколения «5G» с теоретической скоростью до 10 Гбит/сек. Такая скорость, безусловно, рассчитана на существенное увеличение трафика за счет видеоконтента ультравысокого качества UHD 4K и 8K, а также стремительного роста популярности видео 360° за счет повсеместного распространения расширений виртуальной реальности для смартфонов. Именно в этом направлении необходимо развиваться современным конвергентным редакциям, повышая качество видеоконтента и вводя новые интерактивные элементы, интегрируя современные популярные сервисы. В будущем это даст возможность редакциям конкурировать с возросшим пользовательским контентом, который и в настоящее время заполнил практически все видеосервисы и социальные сети.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Качкаева А. Г. Журналистика и конвергенция. Почему и как традиционные СМИ превращаются в мультимедийные. – М., 2010. – 200 с.

2 Засурский И. И. Интернет и интерактивные электронные медиа: исследования: сб. Лаборатории медиакультуры, коммуникации, конвергенции и цифровых технологий. – МГУ, 2007. – 15 с.

3 <https://www.comscore.com/>

4 <http://www.cisco.com/c/en/us/solutions/collateral/service-provider/visual-networking-index-vni/mobile-white-paper-c11-520862.html>

5 [https://en.wikipedia.org/wiki/Digital\\_journalism](https://en.wikipedia.org/wiki/Digital_journalism)

6 Xichun Li, Abudulla Gani, Rosli Salleh, Omar Zakaria. The Future of Mobile Wireless Communication Networks, International Conference on Communication Software and Networks, 2009. – 98 с.

#### «АҚИҚАТ» ЖУРНАЛЫ: ҚОҒАМ ӨЗГЕРІСТЕРІ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

ЕЛІҚПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БАЙМҰХАМБЕТОВА М. С.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ баспасөзі тарихында ұлттың саясаты мен мәдениетін, мүддесі мен болашағының кең сындарлы жолдарын көрсететін үлкен басылымдар аз болған жоқ. «Қазақ», «Айқап» басылымдарынан басталған ұлттық мүдде мен болашақ мұрат-мақсаттарды талдап, айқындайтын басылымдардың ең алдында ғасырға жуық «Ақиқат» журналы тұр. Алғашқы «Қызыл Қазақстан» басылымынан бастап бүгінгі «Ақиқатқа» дейінгі аралық қазақ ұлтының терең де халықтың мұраттарына сүйенген танымын, түсінігін насихаттап келеді. Қоғамның соқпағымен, саясаттың ыңғайымен қалам сілтегенмен де, қазақтың тағдырын айтып келеді.

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының басында «Қызыл Қазақстан» деген атпен жарық көріп, бүгінгі тәуелсіз еліміздің айшықты басылымына айналған «Ақиқат» журналының шыға бастағанына ғасырға жуық уақыт болып қалды.

«Қызыл Қазақстан» журналының атауы кеңестік кезеңде белгісіз себептермен қайта-қайта өзгеріп отырған. 1921-1924 жылға дейін «Қызыл Қазақстан» атымен шығып тұрған басылым, 1924 жылдан 1932 жылға дейін Қазақстан КП (б) өлкелік комитетінің органы ретінде «Қазақстан большевигі» деген атпен оқырманға жол тартса, 1932 жылы бірнеше ай «Ауыл коммунисті» деп басылым атауға да ие болады. Ал, 1932 жылдан 1941 жылға дейін журнал «Коммунист» деген атқа өзгертіледі. Ұлы Отан соғысы жылдарында біраз уақыт шықпай қалған басылым, 1947 жылы ақпараттық кеңістікке қайта шығады.

1952 жылы журналдың аты «Қазақстан коммунисті» тағы да жаңа атқа өзгереді. Басылым тарихы – ұлт тарихының айнасы дейтін болсақ,

еліміздің күнгейлі шуақты, көлеңкелі ызғарлы қазақ тарихымен бірге «Ақиқат» біте қайнасып жатыр. Уақыт шіркін бұл басылымды тар жол тайғақ кешуден өткізді. Қазақ зиялыларының басына бұлт үйрілген зұлмат жылдарда осы журналдың қолымен от көседі, қаһарлы жылдар мен партияның қылышынан қан тамған одан кейінгі кезеңдер де өз қиыншылықтарымен тарих беттеріне жазылды. Солай бола тұра, ол қай кезде де өз халқының мінберінен сөйлеп, оның әрі тірегі, әрі жанашыры бола білді. Қандай қиын кезде де уақыт үрдісіне орай күрделі-күрделі мәселелерді көтеріп отырды.

Әр жылдары журналға А. Асылбеков, Н. Нұрмақов, С. Сейфуллин, С. Сәдуақасов, О. Жандосов сияқты қазақ қайраткерлері басшылық етті.

Журнал қоғам өзгерістеріне қарай бірнеше рет өз бағытын қайта анықтауына тура келді. Қоғам талабына сай өзгеретін әлеуметтік-саяси жағдайларға бейімделіп, жаңа міндеттерді жүзеге асыруда өз үлесін қосты. Кеңес Одағы билік еткен жылдарда атауы 1932 жылы «Ауыл коммунисті» болып құрылды. 1938 жылы «Коммунист», 1945 жылы «Қазақстан большевигі», 1952 жылы «Қазақстан коммунисті» деген аттармен белгілі журналдың тарихы да қазақ қоғамының түрлі өзгермелі, саяси-әлеуметтік, шаруашылық, рухани қалыптарын ұлт мүддесіне қарай беріп отырды.

«Жалпы, ақиқат – жалқы, шындық – көп. Бұлай дейгініміз, ақиқат сөзі діни категорияға жатады да, шындық күнделікті адами қарым-қатынасты қол жеткізетін, не қол жеткізбейтін іс-әрекеттерге келетін ұғым. Мысалы, өлім – ақиқат, сонымен бірге, Алланың жалкылығы да ақиқатқа келетін құбылыс. Бұлар мәңгілік өмірдің көрінісі. Ал, енді, шындыққа келсек, ол бүгін бар да, ертең жоқ жағдайға келеді. Мысалы, бүгін пәтерін жоқ, не қалтанда көк тиын қалмауы шындық болса, ал, ол шындық ертеңіне басына пәтер бітіп, қалтаңа ақша түскен күні өледі. Сондықтан да, «Ақиқат» журналының басты мақсаты да оқырман қауымға осы бір қос категорияның қыр-сырын ашып беру арқылы, болашақ негізін қалайтын мәселелерді көтеру» [1].

Баспасөз болмысымыздың барометрі дейтін болсақ, «Ақиқат» та дәуір тынысына, заман рухына сай қоғамдық-әлеуметтік ойдың қалыптасуына өріс ашты. Халықтың саяси, рухани және мәдени жағынан түлеп, өсіп-өркендеуіне айтарлықтай ықпал етті. Еліміздің тарихы, қасиетті жері үшін өз басын құрбан еткен боздақтарымыздың өмірімен таныстырып, отаншылдық сезімге тәрбиелеуде де үлкен ықпал етті. Бұл, әсіресе, еліміз егемендік алып, журнал өз атын «Ақиқат» деп атағалы бері айқын аңғарыла бастады. «Ақиқат» демекші, журнал осы атты иемденгенше оның аты да, шығарушы құрылтайшылары

да бірнеше мәрте өзгерді. Бастапқыда РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің журналы ретінде тұсауын кескен бұл басылым 1921 жылы 15 қыркүйекте жарық көрді. 1924 жылдан ол Қазақстан КП(б) өлкелік комитетінің органы болып шыға бастады. 1931-1932 жылдары ол оқырмандарының қолына «Қазақстан большевигі» деген атпен тиіп тұрады. 1932 жылы аз ғана уақыт «Ауыл коммунисті» деген атқа ие болған журнал «Коммунист» аталып, 1942 жылға дейін шығып тұрды. Журнал жылнамашыларының деректеріне сүйенсек, Ұлы Отан соғысының ауыртпалығына байланысты 1942-1944 жылдар аралығында уақытша жабылып қалған. Бұл Ұлы Отан соғысы жылдарының ауыр зардаптарының журнал өміріндегі бір көрінісі еді. 1945 жылдың басынан «Қазақстан большевигі» қайтадан өз оқырмандарымен қауышты. Ал 1947 жылы өз тарихында екінші рет «Коммунист» деген атауға қайта оралып, 1952 жылға дейін осы атпен жарық көрсе, 1952 жылдан «Қазақстан коммунисті» деген атқа ие болды. Журнал осы «Қазақстан коммунисті» атауымен 40 жылға жуық уақыт шықты. Еліміздегі демократиялық өзгерістер, қоғамдық сананы сілкіндірген соны леп бұл басылымның өміріне де өз жаңалығын ала келді.

1991 еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, көпжылдық тарихы бар басылым өзінің болашағын айқындап, жаңаша мазмұнмен шыға бастады. Соған сәйкес, 1991 жылдың қыркүйек айынан бастап журнал «Ақиқат» деген атпен шығып келеді. «Ақиқат» атауын ұсынған журналымыздың сол кездегі бас редакторларының бірі, белгілі қаламгер – Камал Смайылов.

1991 жылдың қараша айынан журнал «Ақиқат» деген атпен жарық көріп келеді. Оның не себепті «Ақиқат» деп аталғаны туралы журналдың сол кездегі бас редакторы, белгілі қоғам қайраткері Камал Смайылов өз естелігінде былай деп жазады: «1991 жылы Орталық партия комитеті тарап, журнал бұрынғы атпен шығуын тоқтатқанда, оны қалай сақтау керек деген мәселе туды. Ұлттық Ғылым академиясына, «Білім» қоғамына барындар деді. Олардың өздері де жетісіп отырған жоқ, журналды қалай алсын. Содан ойланып, бір телефоннан соң сол кездегі Жоғарғы Кеңестің төрағасы Ерік Асанбаевқа бардым, әңгімелестім. Екеуміз Орталық комитетте қатар қызмет істегенбіз. Оған жағдайды айтып едім, келісе кетті. Екі газеті бар Жоғарғы Кеңес енді екі теориялық-саяси журналды алса да көптік жасамайды ғой деп ұйғардық. Ендігі саясат – халықтыкі, идеология, теория – мемлекеттік дегенге келдік. Оның атын өзгерту керек болды.

Редакцияда бәріміз жиналып, атын іздедік. «Саясат», «Шындық», «Ой көкжиегі» деген аттар ауызға алынды. Біреулер: «Парасат» деген ат тамаша келіп тұр, бірақ сіз оны ана журналға беріп кеттіңіз ғой» деді. Сонда маған «Парасатқа» ұқсас, мағыналас сөз еске келді. Мен «Ақиқат» деп атайық деген ұсыныс жасадым. Бәрі қостады. Осылайша, мен екі журналдың атының авторы болдым» [2, 10.11 н.].

Міне, журналдың аты неше мәрте өзгергенімен оның заты, ұстаған бағыт-бағдары өзгерген жоқ. Қайта ел егемендігімен бірге өзіне үлкен жауапкершілік жүктеп, заман талабына сай пайым-парасаты биік сан кырлы тың дүниелер бере бастады. Өйткені, тарих ақиқаты түпкілікті айтылса, онда басылымның беті ашық, жүзі жарқын, жолы даңғыл, оқырманы көп болады емес пе? Бұл заңды да еді. Өйткені, толайлы тағдыр осы журналдың қолымен от көседі, талай рет қияметтің қыл көпірінен өткізді. Солай бола тұра, журнал өзінің алғашқы қадамынан халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап, елдің мүддесі мен мақсатын көздей білді. Бұл орайда журналдың аяқтанып кетуіне сол тұстағы «Елім, жұртым, халқым» деп еңіреген ұлт зиялыларының барлығы атсалысты. Журналдың қайнар бастауында – Абдолла Асылбеков, Ерғали Алдонғаров, Нәзіпа Құлжанова, Нығмет Нұрмақов, Сейділда Төлешов, Смағұл Сәдуақасовтардың басылымға басшылық жасауы үлкен бедел өкелді. Олар салған сара жолды қоғам қайраткерлері – М. Атаниязов, Ә. Әйтиев, Н. Бозжанов, Ф. Бұзырбаев, О. Жандосов, Т. Жүргенов, О. Исаев, І. Қабылов, С. Мендешов, Л. Мирзоян, Т. Рысқұлов, атакты ақын-жазушылар С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, Ф. Мүсірепов, С. Мұқанов, И. Байзақов, белгілі журналист-ғалымдар Ж. Арыстанов, С. Бәйішев, С. Бейсенбаев, С. Ордабеков, А. Елшібеков, С. Есова, Қ. Сәтбаев, Қ. Сағындықов, М. Мамажанов, К. Қазыбаев, К. Смайылов, С. Ақтаев, А. Жақсыбаев, Н. Оразбек сынды қайраткерлер іскерлікпен жалғастыра білді. Бұлардың қай-қайсысы болса да күш-қуатын басылымның ұстаханасына арнаған. Бүгінгі «Ақиқат» сол тамыры тереңде жатқан, рухы биікте қалқыған үлгі-өнеге мектебін жалғастырып келеді.

«Ақиқат» журналы қоғам дамуының маңызды тұстары, соның ішінде саясат, тарих, философия, экономика, мәдениет және филология салаларындағы өзекті мәселелерді уақытылы көтеріп, маңызды да ғылыми құнды мақалалардың жарық көруімен ерекшеленеді» [3]. Басылымның заман талабына, уақыт лебіне сай жылдан жылға жасап келе жатқан жарқын жаңалықтары, өсуі мен өзгеру үдерістері оқырманның көз алдында өтіп келеді. «Ақиқат» журналы қай кезде болсын ақиқаттың алдаспанына айналып, салиқалы ой толғайтын, елдегі

болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер іріміне бойлай отырып, мейлінше терең сараптама жасайтын басылым ретінде қалыптасты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Ақиқат» журналы – айтары бар басылым [http://ortalyk-kaz.kz/publ/leumet/a\\_i\\_at\\_zhurnaly\\_ajтары\\_bar\\_basylym/4-1-0-3979](http://ortalyk-kaz.kz/publ/leumet/a_i_at_zhurnaly_ajтары_bar_basylym/4-1-0-3979)
- 2 Медетбек Т. «Қайсар да қайтпас басылым» // «Егемен Қазақстан» газеті 2006. 10.11
- 3 [old.el.kz/m/articles/view/content-25049](http://old.el.kz/m/articles/view/content-25049).

### ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ САРЫНДАРДАҒЫ ТАНЫМ МЕН ТҮСІНІК

ЕЛІКПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетіндегі 60 жылдардан басталатын проза тақырыптық-идеялық жағынан өзгеше. Қазақ әдебиетіндегі ірі өзгерістің негізгілері тап сол 60-жылдардан басталады. Бұған тікелей әсер еткен сол қоғамның ішіндегі өзгеріс екені белгілі. 20-ғасырдың басынан 20-30-50-жылдарға дейінгі созылған әдебиеттегі жанашылдыққа революция себеп болып, бұған дейінгі әдебиет жарамсыз деп, сан қилы айдар тағылып, тізімнен шығарылып тасталып, орнына жаңа ағым, жаңа форма, жаңа тақырыптар таңдалып, Кеңес әдебиеті өз идеяларына қарай прозада да еркіндікке жол бермеді. 60-жылдардағы әдебиеттегі жаңа түр, соны ізденістерге негізгі арқау болған Кеңестер Одағының XX съезіндегі «Жеке басқа табынушылыққа» қарсы шыққан баяндама еді. Демек, 60- жылдар әдебиетінің өзгеруіне бұрынғы сораптан шығып басқа түр, сипат алуына, тармақтардың еркін кестеленуіне қатып қалған қасаң қағидалардан қашуға басты себеп - қоғамдағы «жылымық» еді.

60-жылдар әдебиеті 20-ғасырдың 20-30-жылдарынан басталған желіні қайта жалғаған арна болды. 20-ғасырдың басынан бастап Кеңес өкіметінің қанды қырғынына дейінгі аралықта көркем үлгілер мол жасалғанымен, 30-жылдардан 50-жылдарға дейінгі кезеңде қазақ әдебиеті өзінің көркемдік сипатынан ажырап, мазмұнды қалпынан қол үзіп, сыртқы түр қушылық пен партия, өкімет саясатына жағатын тақырыпты ғана қозғап, ауыз әдебиетінен басталып, жыраулар әдебиеті, 19-ғасыр мен Абай заманы әдебиетінде барынша ой тереңдігімен



айшықталып, 20-ғасырдың басында ұлттық идеяны көтерген алтын желіден айырылып қалды. Әдебиеттегі таланттар, ұлт мүддесін көтерген қаламгерлер репрессия құрбанына айналып кете барған соң да, талантсыздар партия саясатын ғана насихаттады. Осы тұста халықтың көркем әлемге – сөз өнеріне деген құштар сезімін 60-жылдардан басталған әдебиет өтеді.

Ұлттық мұрат, халықтық дәстүр, қазақы салт пен сана, таным – 60-жылдар әдебиетінде қайта жаңғырды. Сондықтан да 60-жылдар әдебиетін қайта қарап, бүгінгі тәуелсіз әдебиет көзімен баға беру қажеттілігі туындайды. Бұл біздің егемен елдің ұлттық мүдде мен танымға қайта сын тұрғысынан қарауда, тәуелсіз ел керегіне жаратуда өз мәнін артыра түсері сөзсіз. Сондықтан да біз диплом жұмысымызда 60-жылдар әдебиетіндегі тақырып пен идея, кейіпкер ерекшелігін талдауды, осы кезеңнің ірі өкілдерінің шығармашылығындағы этнографиялық сарындардың көркем сипаттарымен ашылуын талдауда бірнеше авторларды тандап алдық.

Бұл кезең авторларына тән бірнеше ерекшеліктер бар.

1 Кеңес өкіметінің аштық, Азамат соғысы, қуғын-сүргін, соғыс, соғыстан кейінгі елді қайта қалпына келтіру сияқты орны айрықша халықтың ел болып қалу-қалмауы сынға түскен шағында дүниеге келген ұрпақ.

2 Халықтың қандай қиындық көрсе де, ұлттық танымынан ажырамаған қалпын көздерімен көрген ұрпақ өкілдері.

3 Бүгінгі күні ұмтыла бастаған бірталай ел таным-түсінігіне, салт-санасына бағытталған дәстүрлер мен ғұрыптарды көріп, саналарына сіңіріп өскендер.

4 Халық өз салт-санасымен қалып, өз дағды, қалыптарымен ғана жасайды дегенді берік ұстанғандар.

5 20-ғасырдың 60-жылдарынан бастап урбанизацияға қарсы қазақы этнографиялық ұстанымдарды алға шығарушылар да қаламгерлер болды.

Қазақ әдебиетіндегі 60-жылдар жаңғыру кезеңі ретінде жаңа бетбұрыстармен байланысты. 60-жылдар әдебиетінің өкілдері бүгінгі тәуелсіз әдебиеттің де қаламгерлері. 60-жылдардың әдебиеті көркем кейіпкер бейнесін жасауы мен жаңа тұрпатты қаһарман жасаған, жаңа адам жасаған әдебиет қалпында да өзгеше. 20-ғасырдың бас кезінде Кеңес әдебиетінің алғашқы қатал екпіні әсерінен ұлттық қалпынан табан тайдыра бастаған қазақ әдебиеті 60-жылдардан бастап қазақы ұлттық белгілеріне қайта орала бастады.

Кейіпкердің ұлттық болмысы, елдік танымы халықтық көркем әдебиетке деген, өнерге деген ыстық сезімін қайта қалпына келтірді. Қазақ қаламгерлері прозада ұлттық бар бояуымен сомдалған кейіпкерлерді алдыңғы қатарға шығарды. Сондықтан да бүгінгі жаһандану сияқты алапат тосқын алдында ұлттық халықтық қалпын сақтайтын әдебиет тек қана жұрт танымын қадір тұтатын кейіпкерлері арқылы ғана өз биігінде қала алады.

60-жылдардағы әдебиет өткен дәуірдегі халық өмірін, оның бостандықты аңсаған үміт-арманын көрсетті. Аштық, Ұлы Отан соғысы тақырыптарымен бірге сол кезеңнің бар кескін-келбетін ашатын көркем туындылар туды. Адамдық болмыс, адамгершілік қасиеттер, тіршілік ортасы деген ұғым-түсініктер қазақы таныммен өлшенді. Кеңестік қоғамның тар қыспағынаан көркемөнер арқылы шыға білген прозадағы шеберлік бар көркемдік шындық дәстүрмен қайта сабақтасты. Сөз еркіндігіне әлі де болса бақылау қатаң кезеңде қазақ қаламгерлері ой еркіндігін өнермен өрнектеді. Әдебиетке жаңа шығармашылық күш келіп қосылғаны көрінді.

50-жылдардың соңында жазылған Ғ. Мүсіреповтің «Автобиографиялық әңгіме», «Этнографиялық әңгіме» сияқты стильдік, жанрлық сипаты өзгеше туындылар кейінгі кезеңдегі жас жазушылардың түрлі стильде, түрлі қалыпта көркем шығарманы жаңаша жазуға ұмтылыстарына жол ашты. Классик-жазушының 60-жылдары жазылған «Сөз жоқ, соның іздері», «Өмір жорығы», «Қаз қалпында», «Қарлы жаңбыр астында», «Жапон балладасы», «Қыран жыры» [1] атты туындылары қаламгер шеберлігінің үздік үлгісі ретінде де кейінгі жас жазушыларға өнеге мектебі ғана емес, өнерге жауаптылық пен тазалық, ұлтқа адалдық, талант пен еңбек бірлігінің қажеттігін көрсетті.

1970-1990 ж.ж. әдебиет қазақ ұлтындағы жаһандық тұтастық әкелген жаңалықтарды өзгеше көрсетілуімен ерекшеленді. Бұл көбіне-көп қазақы мінездің өзгерісіне ықпал еткен қала, өндірісті негіз етіп алуымен ерекшеленді. Орыс тіліндегі білім, жаңа заман талаптарына ыңғайланған ұлт бойында да ұлттық белгілердің азайып, өзгеше қалыпқа түсе бастағаны анық аңғарылды.

Бұрынғы елдік, халықтық ортақ мінезге түскен өзгерістің бірі – басқа ұлт бойындағы мінезге құмарлық жазылды.

А.Таңжырықова қазақ прозасындағы фольклорлық және этнографиялық бейнелердің қайта жаңғыртылуының көркемдік үшін атқарар бірнеше сипаттарын береді.

– шығарма тақырыбы мен идеясына өзгеріс енеді;

- образдар жасалымы, көркемдік кестесі, композициялық құрылымы өзгереді;
- көркем мәтін астарындағы автор ұстанымы уақыт пен кеңістік мәселелеріндегі этно-мәдени сарындардың проза туындыларына тән өзгерістерге түседі;
- жазушының стильдік-даралық сипаты ашылады;
- қазақ прозасындағы образдардың қайта жаңғыртылуы арқылы реминациялық айшықтар жаңаша жасалады;
- зергер, құсбегі, аңшы бейнелеріндегі көркем прозадағы жаңғырған қалып авторлық таныммен өзгереді;
- этно-фольклорлық бейнелер жастарды тәрбиелеуде үлкен орын алады [2, 10].

Қазіргі тәуелсіз ел әдебиетіндегі ұлттық белгілердің қайта орнығуына фольклордағы, этнографиядағы көркем кестелер әсер еткені анық. Көркемдік ойдың жаңа ғасырға қайта жасалуының себептерінің өзі де қоғамдық қажеттілік пен сұраныстан туындап тұрғаны белгілі. Ұлттық белгілерін қайта қарап, жоғын өткеннен іздеген халық талабы көркем ойға қайта оралтты. Бұл алдыңғы ойды қайталау емес. Барды қайта жасау, Сондықтан да боларғалым Ж. Дәдебаев: «Халық байырғы тұрмыс-тіршілігіне тән, этнографиясы мен ұлттық өмір сүру ерекшеліктеріне сәйкес, әбден орныққан, қалыптасқан фольклорлық, этнографиялық заңдылықтар мен ұғым-түсініктердің, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрге қатысты қағида, ережелердің қатаң сақталуын және сонымен бірге көшпелі тұрмысқа тән көркем детальдардың орнымен қолданылуын айтуға болады» – дейтіндігін еске алсақ, халықтың ереже мен қағидаларды, тұрмыс пен тіршілікті сағынуы мен соның сақталуын қажетсінуі де қайта жаңғыртылуға себеп болады.

С. Қирабаев қазақ әдебиетіндегі фольклорлық үлгілердің ерекшеліктері туралы:

- 1 Фольклор мұрасы көп және көп жанрлы.
- 2 Ертегілік мұра.
- 3 Эпостық шығармалар.
- 4 Тұрмыс-салт жырлары.
- 5 Көркемсөз үлгілерінен тұрады.
- 6 Халықтың өмір сүру жағдайын көрсетеді.
- 7 Тарихи тұрмысын суреттейді.
- 8 Дүниетаным, кәсіп, әдет-ғұрпын бейнелейді.
- 9 Оптимизмнің мол мәлімет беретінін айтады [3, 10].

Фольклорлық прозаның өзін де д көркем бейненің өзі уақытқа тәуелді емес. Оны оқиғаларынан сырт алып, кез келген қоғамға алып

келуге болады. Кеңістіктегі адамгершілік құндылықтар мен адамдар арасындағы қатынас фольклорлық үлгідегі сипатты қалаған себептердің бірі – 60-80-жылдардағы қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдай болса, екінші ғасыр басынан бастап халықтың жоғалтқаны, азабы мен қиындығы мол болды. Осы қиындықты бөлісетін, өткенді айтып, қиындықтың басқаларға да тән екендігін ашу қажеттілігі де туындады.

Қазақ әдебиетіндегі 20-ғасырдың 60-жылдарындағы этнографиялық сарындарға қайта бойлауы, сол тақырыптағы көркем туындылардың жазылуы ел есінен ұлт танымының суреттері ғана емес, түсінігі мен мәні де кетпегендігін анық байқатты. Бұл көркемдік ой, кейіпкер, сурет арқылы кең ашылды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мүсірепов Ф. Шығармалары Т.2, Т.3 – Алматы : Мектеп, 1982, 1983. – 352 б.

2 Таңжарықова А. Қазақ прозасындағы этнографиялық және фольклорлық сарындар: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. Алматы, 2010, – 44 б.

3 Қасқабасов С. Жаназық – Астана: Аударма баспасы, 2002, – 490 б.

#### СМИ И МУЛЬТИМЕДИА

ИБРАЕВ М. А.

к.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар  
ВИШНЕВСКАЯ В. А.  
магистрант, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Все сферы деятельности: наука, культура, образование, бизнес, сегодня немислимы без продуктов мультимедиа. Презентация доклада, обучающая программа, анимационный рекламный ролик, виртуальное путешествие внутри либо вокруг здания вот небольшой перечень мультимедиа средств передачи информации.

Основные аргументы в пользу мультимедиа заключаются в том, что такого рода информация оказывает эффективное воздействие на того, кому она предназначена. Поступая одновременно через зрительный и слуховой каналы, затрагивая эмоциональную сферу человека, информация хорошо воспринимается и запоминается. Способ хранения на съемных носителях удобен и компактен. В сочетании с ноутбуком и Интернет обеспечивается максимальная мобильность.

Способ коммуникации обладает своим собственным языком, то есть своей собственной системой, создающей смысл. То есть подходить с лекалом письменного языка к устной речи невозможно, равно как и невозможно воспринимать телевизионный язык по аналогии с газетным.

Собственно, мультимедиа в связи с этим тоже обладает своим языком. Специфика мультимедиа-языка заключается в том, что если для всех других способов коммуникации существует свой специфический язык (изображение, речь, письменный язык), то суть мультимедиа-языка как раз состоит в сочетании различных языков. Обозначения людей, предметов, явлений и т.д. в мультимедиа формируются на основе взаимодействия различных элементов языков (визуальных, текстовых, графических, аудиовизуальных). Как они взаимодействуют? Во-первых, преимущественно методом дополнения. Один языковой элемент, к примеру, фотолента, дополняет другой – к примеру, текст. Во-вторых, методом построения иерархии информации (менее важная информация представлена в другой форме). В-третьих, методом навигации (иная форма информации в мультимедиа упрощает навигацию по информационному пространству). Каждый из этих методов в ограниченной мере может использоваться другими носителями. Возьмем, к примеру, книгу. Возможно ли в ней дополнение. Безусловно, возможно, однако оно обычно располагается либо в сноске, либо в примечании к главе, либо в скобках. Каждое из таких использований дополнения имеет ряд ограничений: читателю может быть лень лезть в конец книги читать примечание, в целях экономии времени он склонен пропускать сноски и т.д. Мультимедиа-форма позволяет без отрыва от основного документа получить доступ к дополнительной информации. По сути мультимедиа позволяет читателю создавать свой собственный порядок чтения. Возможно ли построение иерархии в обычной книге? Оно, конечно, тоже возможно, но вынуждает автора наименее значимую информацию размещать после наиболее значимой. Читатель же не всегда читает текст подряд, а иногда склонен не дочитывать его до конца, что приводит к недостаточному восприятию значимости информации [1, с. 8-10].

Наконец, дает ли книга возможности для навигации? Безусловно, дает. Однако эта навигация неудобна, так как навязывает читателю определенный сплошной строй текста, в котором для навигации используются специальные указатели – оглавление, деление на главы, предметные указатели. Но такая навигация не экономит время читателя, заставляя перелистывать сотни страниц в поисках нужного элемента. Мультимедиа документ облегчает поиск и навигацию, а

также предоставляет больше возможностей для создания собственного порядка чтения и перемещения по документу. Говорят, когда древние ораторы сочиняли очередную речь, они мысленно рисовали план вымышленного дворца, располагая в каждой комнате по определенному набору аргументов, а затем заучивали наизусть маршрут перемещения по такому виртуальному дворцу и соответствие комнат и аргументов.

То есть величайшей и главнейшей задачей оратора была организация информации, ее иерархия [2, с. 39].

Традиционные текстовые документы, равно как и фонографические, кинодокументы и т.д., предполагают, что читатель (назовем этого человека для простоты «читателем») воспринимает информацию линейно. То есть человеческая память такого человека больше похожа на магнитофонную ленту, записывающую хронологию абзацев и череду слов.

То есть человеческое сознание фрагментарно и не способно «записать на подкорку» 480 страниц очередного романа. Вместо этого сознание начинает экономить время и воспринимать не всю информацию, а лишь существенную, располагая ее в ячейках памяти. В связи с этими открытиями переосмыслению были подвергнуты и такие процессы, как чтение и письмо. Ряд экспериментов показал, что человек никогда не читает текст целиком и слово за словом. Читатель в целях экономии времени не дочитывает до конца некоторые абзацы, часто заглядывает вперед (с целью узнать, а что же стало с любимым героем потом) и в основном полностью меняет в своем сознании композицию произведения. Примерно то же самое происходит с другими видами линейной информации (видеофильмами, кино, фонограммами и т.д.).

Мультимедиа-текст есть нечто иное. Это возможность предоставить читателю свободу выбора различных элементов, сред для ознакомления с информацией, более удобного заглядывания вперед, возможность отвлекаться, расплывать смысл и т.д. В этом смысле мультимедийный язык является интерактивным, так как он позволяет при помощи различных вариантов и различных смысловых схем получать информацию, используя данные самой природой человеку возможности. Интерактивное медиа – это медиа, которое читатель создает как бы самостоятельно на основе бесчисленного предложенного количества вариантов. В этом состоит принципиальное отличие языка мультимедиа от языка других сред – без вмешательства пользователя информация остается неполной (только пользователь может своими действиями вывести на экран и потребить интегральную версию информации). Если аудиовизуальное изображение в кино и телевидении представляет собой

«картинку-действие», то мультимедийное изображение заставляет пользователя самостоятельно определять свои перемещения и свою логику получения информации.

Таким образом, потребитель мультимедийного текста активен, так как потребление продукта требует от него не только «пассивного усвоения материала», но и разработки логики неких собственных действий, необходимых для получения той или иной информации. В этом смысле пользователь мультимедийной информации должен «учиться» с тем, чтобы иметь возможность пользоваться комплексным интерфейсом, позволяющим ему совершенно разными путями получать информацию. Пользователь должен одновременно понимать, каким образом воспринимать информацию, а также – каким образом осуществлять навигацию в этой информации. Наиболее подходящий пример в данном случае – виртуальные визиты, доступные на многих сайтах, например, музеев: пользователь выбирает маршрут движения и осуществляет управление визитом. Без его действий виртуальный визит просто не состоится.

Ученые предлагают следующую классификацию различных моделей чтения мультимедийного продукта: сеанс трансляции – линейная передача информации, которая не предоставляет потребителю иных возможностей влиять на потребление этой информации, кроме как остановить просмотр. Наиболее характерный вид – телевидение и кино; чтение представляет собой линейную передачу информации, которую, однако, можно прервать, и вернуться к ней в любой другой момент. Сюда относится любой записанный контент (например, записанное на кассету видео) или печатный текст (который можно отложить, а затем к нему вернуться); справочная консультация предлагает модель выборочного чтения ячеек памяти путем доступа к ним на основе формальной организации информации. Этой модели соответствует пользование телефонным и иным справочником или любой базой данных (нужно знать некие адресные признаки ячейки, чтобы получить к ней доступ). Этой же модели соответствует система поиска информации на основании запроса в электронных базах данных и поисковых машинах; навигация представляет собой перемещение по заранее запланированному маршруту. Этот вид чтения нам предоставляют любые иерархические меню или последовательные переходы; изучение – данный вид чтения предполагает индивидуальное перемещение без заранее намеченного маршрута. Примером такого перемещения может быть чтение электронных энциклопедий. Читатель может самостоятельно выбрать тот контент, и те подробности, которые

его интересуют. Этот вид чтения предоставляет человеку максимальное богатство возможностей; виртуальный визит представляет собой навигацию, полностью зависящую от действий пользователя. Сюда относятся виртуальные визиты музеев и т.д. Как правило, виртуальные среды создаются в трехмерном виде – 3D. Повышает ли мультимедийный текст эффективность коммуникации? Ответить на этот вопрос утвердительно было бы слишком просто. Однако мультимедийная среда помогает разнообразить подачу информации (то есть привлечь внимание аудитории), а также сделать лучше воспринимаемой ту информацию, которая в текстовом виде, например, не воспринималась бы аудиторией [3, с. 13-15].

Современный человек скорее визуал (то есть предпочитает воспринимать информацию преимущественно в виде изображений), а количество альтернативных коммуникационных возможностей настолько велико (есть кино, телевидение, радио, Интернет и т.д.), что ему проще бросить читать на полпути сложный текст, чем дочитать дальше. Удержать его поможет лишь «переупаковка» части текстовой информации в визуальную или аудиовизуальную. Собственно, в такой «переупаковке» и заключается искусство создания мультимедиа. Мультимедиа таким образом, как утверждают многие ученые, увеличивает перформативность (действенность) информации, ее коммуникативный эффект и способствует лучшему усвоению, запоминанию и главное – пониманию информации. Как СМИ становились мультимедиа?

О мультимедиазации СМИ заговорили еще в 1980-е годы, однако тогда этот термин обозначал не изменение содержания СМИ в сторону мультимедиа-содержания, а переплетение капиталов различных видов СМИ – например, газетный концерн начинал скупать телевизионные станции и т.д. То есть речь шла о мультимедиазации капитала СМИ и слияния собственности классических средств массовой информации (газеты, радио, телевизионных станций) с собственностью в сфере культурных индустрий (книжный бизнес, индустрия звукозаписи, киноиндустрия) и телекоммуникаций (операторы спутниковой, кабельной, позднее – мобильной связи). Вторым этапом мультимедиазации становится взаимопроникновение содержания одних видов СМИ в другие. Однако массовым этот процесс становится все же в 1980-е годы, когда визуальные элементы (свойственные телевидению) появляются постепенно в печатных СМИ. Именно тогда некоторые газеты начали переходить на цвет, а в Европе особым популярным видом печатных СМИ становятся иллюстрированные



еженедельники (эталон – французский журнал «Пари Матч»). По сути, тогда пришла первая волна визуальных элементов в печатных СМИ. Отныне верстка стала не просто процессом «упаковки представленного текста в полосу», а элементом содержания. Следующим этапом можно назвать появление интернет-сайтов традиционных СМИ (середина 1990-х гг.) и появление специализированных интернет-СМИ. Интернет, по сути, представлял то пространство, которое технически позволяло объединить в себе текстовые, визуальные и аудиовизуальные элементы. Однако процесс превращения интернет-СМИ в действительно мультимедийные сильно затянулся и продлился около 10 лет. Если первоначально интернет-сайты традиционных СМИ представляли собой именно интернет-версии своих печатных собратьев (с полной перепечаткой статей и фотографий из основной версии издания), то к началу 2000 гг. пришло понимание того, что Интернет – особенная среда, для которой свойственен особенный язык и особенный контент. Именно тогда появляются подлинно мультимедийные СМИ, когда пользователь получает нечто большее, чем простой повтор того, что он мог бы прочитать в утренней газете или увидеть по телевидению. Надо сказать, что этот процесс совпал также с техническими новшествами, связанными с Интернетом – увеличением скорости передачи данных к клиенту (преимущественно вытеснение обычного доступа через телефонную линию доступом по выделенной линии или через ADSL), появлением flash-технологий анимации в Интернете, усовершенствованием процессов сжатия видео [4, с. 32-33].

Превращение традиционных СМИ в мультимедийные СМИ на базе Интернета существенно изменило традиционные редакционные процессы. Если до этого интернет-редакция представляла собой обособленный внутри СМИ отдел, который занимался «переупаковкой» (точнее – простым размещением) традиционного контента в онлайн-контент, то с мультимедиазацией содержания потребовалось глубокое проникновение принципов создания мультимедиа в сам редакционный процесс. Стало недостаточным просто сделать на радио репортаж, а затем отдать его в интернет-отдел для размещения. Потребовалось понять, что помимо этого репортажа его автор считает важным разместить в Интернете с учетом специфики интернет-аудитории и подготовить такие материалы. А это в свою очередь потребовало от журналистов новых обязанностей и новых компетенций. Так постепенно появляются мультимедийные или, как их называют, конвергентные редакции – редакции, в которых содержание по видам СМИ распределяется централизованно, и в которых отдельные редакции конкретных видов

СМИ не столь автономны, как в обычных холдинговых структурах. Сегодня уже невозможно сказать, какой вид содержания первичен для французской газеты «Монд» – интернет-страница [www. lemonde. fr](http://www.lemonde.fr) или печатная версия самой известной французской ежедневной газеты. Конвергентные редакции возникают в разных частях мира, в разных по величине редакциях и на базе разных СМИ – газет, радио, телевидения.

Увеличивается и количество мультимедийных сред для таких СМИ. Теперь это не только Интернет. Такой средой стали мобильные телефоны, особенно в тех странах, сотовые сети которых перешли на более современные стандарты передачи данных, обеспечивающие высокую скорость транслирования цифровой информации.

Единственной формой обратной связи и возможностью крайне ограниченно влиять на содержание СМИ были письма в редакцию, на которые редакция, впрочем, не была обязана отвечать. В середине девяностых мы наблюдаем разнонаправленный процесс – в мультимедийных СМИ растут возможности и услуги индивидуальной настройки и индивидуального вмешательства пользователя в содержание СМИ (возможность оставить комментарий на сайте, написать отзыв на статью, проголосовать за материал, отправить закладку другу и т.д.), а с другой стороны – интерактивными становятся традиционные СМИ. Появляются услуги голосования через мобильный телефон, чаты со зрителями, переписке с читателями и зрителями стали уделять особое внимание и т.д.

Мультимедийные сайты стали, в том числе способом организации обратной связи. При этом появляются особые виды СМИ, ориентированные на индивидуальный заказ информации – *pay per view* (выбор из каталога передачи для просмотра), специальные телеприставки, позволяющие создавать собственную программную сетку (самостоятельно выбирать – какую телепередачу и когда зритель желает смотреть), подкасты – то есть возможность отдельно загрузить на свое мобильное устройство определенную передачу, статью, фотографию, видеоматериал. Наиболее современная тенденция – не просто интерактивный контент (контент, который можно «организовывать под себя»), а размещение на сайтах традиционных СМИ площадок для общения и дискуссионных клубов сотрудников редакции с читателями (блогов), а также постепенное развлечение материалов, подготовленных профессиональными журналистами, так называемым *user generated-контентом*, то есть контентом, созданным самими пользователями и присланным в редакцию [5, с. 118]. Сюда могут относиться фотографии, сделанные мобильным телефоном,

любительское видео, личные дневники пользователей (блоги). По сути мы наблюдаем процесс постепенного стирания грани между «профессиональной журналистикой» и «непрофессиональной журналистикой», что, безусловно, не может не вызывать споры и беспокойство журналистского сообщества.

Наконец, принципиальным неизмеримым в прямых цифрах рекламных интернет-продаж эффектом перехода СМИ на мультимедиа становится увеличение популярности традиционного СМИ за счет привлечения к нему аудитории из Интернета.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Игнатъев А.. Мультимедиа // Новости. – 2016. – С. 8-10.
- 2 Сабырова Е. Коммуникативные технологии. – М.: Фолиант, 2014. – 239 с.
- 3 Прохоров Е. Региональные СМИ в информационном пространстве России // Журналистика. – 2016. - № 5. – С. 13-15.
- 4 Концепция формирования и развития единого информационного пространства и соответствующих государственных информационных ресурсов // Мысль. – 2016. - № 5. – С.32-33.
- 5 Лопатин В. Методологические проблемы формирования и защиты единого информационного пространства. – М.: Фолиант, 2014. – 236 с.

#### МЕДИАДИСКУРСА ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРІН БАҒАЛАУДАҒЫ ОППОЗИТИВТЕР

ИМАМБАЕВА Г. Е.

ф.ғ.д.

ЖАСКЕНОВА А. К.

магистрант, ИнЕУ, Павлодар қ.

Қоғамдық өмірдің саяси-идеологиялық, экономика-қаржылық, мәдени-әлеуметтік салаларындағы әр алуан қатынастарды, жаңалықтарды, мақсат-міндеттерді, өзгерістерді халыққа, яғни адресатқа дер кезінде жедел жеткізіп отыратын бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі бес қызметі бар екені белгілі. Осы ақпараттық, әсер ету, бағалаушытық, ағартушылық-танымдық, гедоникалық функцияларының арасында алғашқы қызметіне баса назар аударған газет-журналдарда қазіргі кездегі құқық қорғау органдарының қызметкерлерін теріс бағалау жиі кездеседі, ал мұның өзі қылмыскермен

бетпе-бет келетін, құқық бұзушылықтың сан алуан түрін ашып, зардап шеккен адамдардың әділеттілікке қол жеткізуіне ықпал ететін қызметкерлердің жағымсыз бейнесін қалыптастырады. Алайда басына күн туған, іс түскен адам сол қызметкерлерден көмек күтетіні және дер кезінде алатыны да ақиқат. Бұл жағдайда аталған қызметкерлердің басым көпшілігі жалпыадамзаттық құндылықтарды қашанда жоғары қойып, азаматтық ұстанымдарға сай кесек мінез танытып, қылмыскерді ұстауға жан аямай кірісетіні қалың жұртшылық, қоғам, мемлекет, БАҚ тарапынан оң бағаланып отырады. Сол себепті мақалада Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметкерлерін бағалауда қолданылған екі жақты, яғни бинарлық оппозитивті тілдік құралдар қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Құқық қорғау қызметі туралы 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңының 3-бабына сәйкес «Құқық қорғау органдарына өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі жатады». Осы заңда құқық қорғау қызметкерлерінің функционалдық міндетері мен кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар көрсетілген, сонымен қатар олардың моральдік-этикалық бейнесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексімен (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары) анықталатыны нақтыланған. Осы кодексте көрсетілген талаптар «азамат» сөзінің лексикографиялық деректерде көрсетілген үшінші анықтамасына сәйкес келетіні байқалады: «1 Белгілі бір мемлекеттің тең құқықты адамы. 2 Кәмелетке толып, ер жеткен адам; жігіт. 3 Кісілігі бар, парасатты адам» Алайда құқық қорғау органдарында қызмет ететіндердің арасында бұл талаптарға сәйкес келмейтіндері бар екені рас.

Оппозитивтілік заттар табиғатындағы және адамның қарама-қарсылықтармен ойлау үрдісіндегі іргелі ұғымдардың бірі, өйткені адам өзі әлемді физиологиялық және интеллектуалдық тұрғыда танып-түсінуде бинарлық оппозицияны қолданады, себебі тіршілік деп аталатын үдерістің өзі жақсылық пен жамандықтан, қуаныш пен реніштен, күлкі мен көз жасынан, мейірім мен қаталдықтан тұрады.

Алғашқыда Н. С. Трубецкойдың фонологиялық әдіснамасында орыс тілінің дыбыстар жүйесіне қатысты «бинарлық оппозиция» терминінің компоненті ретінде қолданылды. «Binarius» - латын тілінде екі жақты, екі ұшты, екі жартыдан тұратын (двойной, двойственный,

состоящий из двух частей) деген мағынаны беретін термин, о баста таза физиологиялық себептермен шарттас болып, дүниені қабылдаудың екі жақтылығын және оның әмбебаптығын көрсеткен еді. Ал терминнің өзі кейіннен гуманитарлық ғылымдардың біраз саласына енді.

«...Роман Осипович Якобсон уже в 1950-е годы вывел аксиоматически стройную систему всех фонологических систем всех языков мира, построенную на 12 универсальных бинарных оппозициях. Это была чрезвычайно красивая модель. Потом, в 1960-е годы, бинарные оппозиции стали применять при анализе семантики. Семантических бинарных оппозиций чрезвычайно много, их неограниченное количество: жизнь – смерть, природа – культура, женское – мужское, верх – низ, задний – передний, внутреннее – внешнее и т.д. Монтажный эффект строится на бинарных оппозиционных противопоставлениях» [1, 495 б.].

Медиадискурс мәтіндері, негізінен, бұқара халық ойында қандай да бір құбылысқа, оқиғаға, тұлғаға қатысты қоғамдық пікір тудыруды көздейтіндіктен, семантикалық оппозиитерге құрылатыны байқалады.

«Егемен Қазақстан» газетінде 2014 жылы жарық көрген «Адам боп қалу көп қиын» мақаласы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ардагері Лияс Дәркенбайұлы Қындыбайдың құқық қорғау органдарындағы ұзақ жылдарғы жұмысы жас мамандарға үлгі етіледі. Осы медиадискурс мәтінінің лингвистикалық ерекшеліктерін талдап көрелік.

Мәтіннің күшті позициясы саналатын тақырыптың өзі претекске негізделген, яғни бұл ақын Қадыр Мырза Әлінің өлеңінен алынған контекстік афоризмнің трансформацияланған түрі. Сентенцияның толық нұсқасы қарама-қарсылыққа құрылған – «Адам боп онай туғанмен, Адам боп қалу көп қиын». Автор өзіне жақсы таныс сентенциямен мәтіннің мазмұндық-концептуалды ақпаратын интерпретациялауға бағыт береді, яғни өз кейіпкерінің адами, азаматтық келбетін танытатын детальдарды сентенцияның екінші бөлігіне шоғырлап, жалпылап береді және бұл мәтіннің соңғы абзацындағы түйінде «өршіл рухпен елі үшін адал еңбек сіңірген азамат» деп нақтыланады.

Мәтіннің вербалды қабатында кейіпкерді сипаттайтын тілдік құралдардың қатарында эмоционалды бояуы оң бағалауға негізделген лексикамен қатар, жағымсыз бояуы айқын сөздер де кездеседі. Автор өз кейіпкерін сипаттауда қолданылған тілдік бірліктер қатарында турашыл, шын сөйлеп, ақ жүру, темірдей берік ұстамдылық, дес бермеу, талапшылдық, әділ шешім қабылдау, өз ісін аса сақтықпен, біліктілікпен атқаратын, келісуге илікпейтін, жастарға жанашыр болған, ұлтының намысын ұлықтаған, қас батырдай, шалқар шабытпен, адал

ниетпен сияқты сөз, еркін және тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Бұл лексемалармен оның жеке тұлғалық ерекшеліктері, сол тұлғалық ұстанымдарына сәйкес іс-әрекеттері, басқаларға қарым-қатынасы бағаланған [1, 968 б.].

Мақалада кейіпкер іс-әрекетінің субъектісі теріс бағалауға негізделген: мемлекеттік меншікке қол сұғушылар, майлы ішектей айналдырғысы келетіндер, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізе алмаған олар, ниеті дұрыс еместер, жала жапты, ашық арыз ұйымдастырды, ықтырғысы келу, шамына тию. Бұл тілдік бірліктер де құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, яғни кейіпкер оппоненттеріне қатысты қолданылып тұр, тек олардың семантикасында билікке ие, билікке иек сүйеу семалары жағымсыз бағалауға негіз болып тұр. Мәтін авторы өз кейіпкерінің бейнесін толық ашу үшін оны өз қарсыластарымен шендестіре сипаттаған.

«Браконьерге «қамқоршы» кім?» деп аталатын мақалада (ЕҚ, 14.04.2014) ішкі істер қызметінің парақорлығы жайлы жазылған. Мұнда жалпы халықтық қолданыста жағымды бояулы деп саналатын тілдік құралдар кері мағынасында қолданылып, полиция қызметкерін теріс бағалауға жұмсалған. ««Бақсақ бақа екен» дегендей, браконьерлерге қамқор қолын созатындар полицейлер арасында екен, онда да кім дейсің ғой; Сөйтсек, су маржанына суық қолын батыра созған браконьерлерді желеп, жебеп жүргендердің бірі Исатай аудандық ішкі істер аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы көрінеді» сөйлемдерінде құқық бұзушыларды эмоционалды жағымсыз бояуы қанық сөздермен сипаттаған автор құқық қорғау қызметкерінің жағдаятпен қабыспайтын іс-әрекетін шенеу мақсатында оң бағалаушы сөздерді қолданған. Контексте туындаған энантиосемия оқырмандарға айрықша әсер етері сөзсіз.

Байқалып отырғанындай, газет материалдарында құқық қорғау мекемелерінің қызметкерлерін бағалауда қарама-қарсылық бар. Мәтін авторлары, негізінен, ақпарат беру, сондай-ақ адамдыққа, әділдікке үндеу мақсатын, сол арқылы жаман қылықтардан жирендіруді көздегенмен, оқырмандар қабылдауында екіұдай пікір тудыратыны сөзсіз, ал мұның өзі халық арасында заң, құқық қорғау саласына, қызметкерлеріне сенімсіздік тудырып, адамды үмітсіздікке, шарасыздыққа бастайтыны, соның нәтижесінде адамгершілікке, әділдікке негізделген қоғам туралы да түсінігі өзгертінді сөзсіз. Сондықтан құқық қорғау қызметкерлерін үнемі теріс бағалау автор көздеген мақсатқа жеткізе бермейтінін есте ұстау керек.

Мысалға келтіретін мақалаларымыз құқық қорғау қызметінде жүріп қылмыс жасаған азаматтарымыз жайлы болмақ. Бұл мақалалардың бірқатары «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған. Мәтіннің вербалды қабатында кейіпкерді сипаттайтын тілдік құралдардың қатарында эмоционалды бояуы теріс бағалауға негізделген жағымсыз бояуы айқын сөздер кездеседі: жас жігітті қағып өлтірді, жүргіншіні қағып кетті, жолды белгіленген жерден кесіп өтпек болған, парамен ұсталды, ақша талап еткен, пара берген, лауазымын асыра пайдаланған. Осы айтылып отырған тілдік бірліктер құқық қорғау мекемелерінің қызметкерлеріне тікелей қатысты болып отыр. Олардың семантикасында қызметін асыра пайдалану семасы жағымсыз бағалауға негіз болып тұр.

Субъективтілік пікір бір субъектінің атынан емес жалпылама хабарлай айтылады. Жағымсыз бағалау эксплицитті лексикалық бірліктер арқылы берілген. Мысалға алатын болсақ, «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған (29.04.14) мақалада «Соққының қатты болғаны соншалық, Руслан Рахметов тіл тартпай кеткен». Осы мысалдағы бағалаушылықта көрініс табатын ерекше айқындылық-аффектілік категориясы, яғни оқиға жай ғана хабарлана салмай, оның эмоционалды бояуы өте күшті ренкпен берілген.

Ал келесі мысалдан біз пейоративті субституттардың кездесетіндігін байқаймыз. «Кейін көмелетке толмаған қыздардың біреуін бөлек кабинетке кіргізіп, екіншісін күшпен зорлаған». Мұнда теріс, жағымсыз сипаттағы тілдік таңбалар арқылы кейіпкердің сорақы іс-әрекетті бейнеленген. Осы сияқты пейоративті субституттар аталмыш мақалалардың барлығында дерлік кездеседі.

«Полицей kz» сайтында жарияланған «жүгенсіздер орындығына жеті полицей отырды» деген мақалаға тоқталайық.

Құқық қорғау қызметкерлері жекелей қылмыс жасаумен қоса, топтық ұйымдасқан әрекеттерді де жасай алуы ғажап емес. Оған айғақ реінде осы мақаланы айта аламыз. Бұл мақаланың тақырыбы деректі тақырыпқа сай келеді, яғни мұндағы оқиға нақты фактілермен берілген.

Мәтіннің кіріспе бөлімінде кейіпкерді сипаттайтын тілдік құралдардың қатарында теріс бағалау негізделген жағымсыз бояуы айқын сөз тіркестері кездеседі. Мысалы «мәйітті қапқа салып алып, орманның ішіне апарып, көміп тастайды», «полицейлер тұтас бір спектакльді бір өздері ойнап шықты», «мастың рөлін ойнап шыққан жігіт», «өзінше жоспар құрады», «кісі өлтірушілер», т.б.

Жинақтаушы – мәре бөлік кілт фразадан, ойды таратушы бөліктен және қорытындыдан тұрады. Мұнда ақпаратқа қатысты негізгі тұжырым (қорытынды) жасалады. Түйінде бүкіл мақалада көтерілген

негізгі мәселеге қатысты тұжырымды автор осы «Аталмыш іс бойынша тергеуді Аршалы ауданының прокуроры Бауыржан Құсайыновтың өзі жүргізді. Қазіргі уақытта тергеу толық аяқталып, іс сотқа өткізілді. Іс бойынша күдікті ретінде аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, оның екі орынбасары және тағы төрт қызметкер жауапқа тартылып отыр», – деген сөзімен аяқтайды.

Мақалада қолданылған лексикалық бірліктер жайлы айтатын болсақ, мұнда «сұмдық қылмыс» деген сөз тіркестері қолданылған. Осы сөз тіркесіндегі бағалаушылықта сипатталатын ерекше анықтылық-аффектілік категориясы деп аталады. Аффектілік категориясы дегеніміз – объектіге тән қасиет жай ғана аталып қоймай, оның эмоционалдылығының жоғарғы дәрежеде екендігін көрсетеді. Яғни «сұмдық қылмыс» дегенді жай ғана «қылмыс» деп ала салуға болар еді. Бірақ «сұмдық қылмыс» деп қолданғанда оның эмоционалдылығы мен экспрессивтілігі айқын көрініп, мәтінге айрықша мән беріп тұрады. «Бұдан әрі полицейлер тұтас бір спектакльді бір өздері ойнап шықты». Бұл сөйлемде қылмыскерлердің жағымсыз жағын көрсету үшін имплицитті бағалау қолданылған.

Сөйтіп, бағалау екі түрде көрінеді:

1) жағымды, оң бағалау эксплицитті түрде беріледі: Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты, өмірін сақтап қалуда ерлік пен қайсарлық танытқан азаматтар, батылдық әрекетке барған полиция қызметкерлері, қайталанбас ерлік, үлкенге ізет, кішіге құрмет, білімді, алғыр, жұмысына ұқыпты жігіт, еңбексүйгіштігінің арқасында көзге түсті, жұмысына адал, ұқыпты қызметкер, сыйлы, мақтан тұтар азамат, ержүрек полицей, кәсіби тұрғыдан білікті, білімді және жедел де ұтқыр шешімдерімен ерекшеленген т.б.

2) жағымсыз, теріс бағалау әрі имплицитті, әрі эксплицитті түрде беріледі: полицейлер тұтас бір спектакльді бір өздері ойнап шықты, мастың рөлін ойнап шыққан жігіт, сұмдық қылмыс, ала таяқтарын ұстап, өткен-кеткенді тексерумен болыпты, тілі күрмеліп, сөйлей алмай тұрған әлгілердің бірі, қорқақ полицейлер, удай мас полиция қызметкері, қарақан басының қауіпсіздігіне кепілдік бере алмайтындар, полиция қызметкерлерінің арасында жалтағы мен қорқағы, погон таққан қылмыскерлердің кесірі, халық қазынасынан опырып жеген кандыауыздар, әлгі естерін шала білетін екеу т.б.

Сонымен, XX ғасырдың II жартысында өркендеу бастаған адамтану бағытындағы ғылым салалары қалыптасу кезеңінен өтіп, ұғымдық шеңбері, проблемалық аясы айқындалып дербестенді деуге болады. Осымен байланысты қолданыстағы тілді адресант – мәтін –



адресат ұштағаны төңірегінде қарастыратын медиадискурс мәтіндері қоғам өмірінің әрбір саласына қатысты жеке-жеке зерттеуді қажет етеді. Әсіресе алуан түрлі саяси, әлеуметтік, мәдени т.б. өзгерістерге толы қоғам өмірінің айнасы іспеттес газет тілінде бүгінгі социумға қатысты тілдік жағдаят жан-жақты көрінетіндіктен оны арнайы зерттеу бүгінгі күн талабынан туындаған қажеттілік деп түсінген жөн [2, 240 б.].

Ақпарат дәуірі (заманы) деген атауға ие болған бүгінгі күні БАҚ – бұқаралық коммуникацияны жүзеге асырушы негізгі тетік ретінде танылып, мойындалып отыр. Ғалам бейнесінің бір үзінгі репрезентациялай отырып, оның бұқаралық санадағы ақпараттық бейнесін қалыптастыратын медиа-мәтін социумға әсер етудің прагматикалық стратегияларын жүзеге асырушы, күрделі құрылым болып табылады. Аса маңызды әлеуметтік реттеуші (регуляция) рөлін атқаратын медиа-мәтіндерде социум ішіндегі, сондай-ақ алыс-жақын шетелдердегі саяси оқиғалар мен әлеуметтік-экономикалық ахуал түрліше интерпретацияланады.

Лингвистикалық және бейлингвистикалық құралдардан тұратын жазбаша формадағы медиа-мәтін тіл дамуының белгілі бір кезеңіндегі жаңалықтар мен ерекшеліктерді айшықтай отырып, сол арқылы бүгінгі тілдік субъектінің компетенттілігін де көрсететін құнды деректік материал ретінде үлкен маңызға ие болады. Сондықтан мерзімді баспасөз материалдары негізінде жүргізілетін прагмалингвистикалық талдау Адам факторының төңірегіне шоғырланатын алуан сипатты (саяси, әлеуметтік, экономикалық, тарихи, мәдени т.б.) мәселелерге – аксиологиялық тұрғыдан баға беруге мүмкіндік туғызады. [2, 452 с.].

Бүгінгі оқырман газет хабарламасына шүбәсіз сенетін ондағы ақпараттарды нұсқау ретінде қабылдайтын «көнбіс» адресат емес, келіп түскен ақпаратты өзіндік ой елегінен өткізіп саралайтын, мәтін арқылы берілген көзқарасын құптау-құптамауды өзі шешетін көзі ашық білікті тұлға болып табылады. Сондықтан газет материалдарындағы берілген бағалауыштарды әрбір оқырман өз білімдік дәрежесіне, саяси сауаттылығына, қала берді өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып өзінше интерпретациялайды деуге толық негіз бар. Осымен байланысты кез келген газет мәтініне қатысты адресант оқытушы – оқушы, ұстаз – рухани шәкірт, үгіттеуші – күмәнданушы рөлдерінің бірінде көрінеді.

Газет мәтінінің авторы қандай да бір оқиға-құбылыс туралы баяндап қана қоймайды, оған қатысты өзіндік көзқарасын да білдіреді. Адресанттың осы субъективті пікірі медиадискурс мәтіндерінде модальдық категориясы арқылы көрініс табады. Осымен байланысты газет мәтініндегі модальдылықты бағалау, дәйектеуші және

эмоционалды модальдылық түрлеріне бөліп қарастыру автордың прагматикалық ұстанымын айқындауда үлкен маңызға ие болады.

Медиадискурс мәтіндері ақпараттық кеңістіктің өзегін құрайтын күрделі прагматикалық ұғым болып табылады. Ол БАҚ-та позитив және негатив мәніндегі мәтіндер арқылы жан-жақты ашылады.

Олай болса, құқық қорғау мекемелерінің қызметкерлерін бағалауда бинарлық оппозитивтер жиі қолданылатынын байқауға болады, яғни жақсы мен жаман, мейірімділік пен қатыгездік сияқты кереғар құбылыстар арқылы сипатталатындықтан, адресат ойында да екі жақты пікір қалыптасады. Ал мұның өзі мемлекет атынан қызмет етіп, ел қорғаны болуы тиіс адамдардың бейнесіне нұқсан келтіреді, сондықтан медиадискурс мәтіндерінде теріс бағалау басым болмауы тиіс деген ойдамыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 495 б. – 968 б.

2 Руднев В. П., Энциклопедический словарь культуры XX века. Ключевые понятия и тексты. – М. : «Аграф», 2009. – 240 с. – 452 с.

3 Егемен Қазақстан 25.06.2014.

### МАРАТ БАРМАНҚҰЛОВТЫҢ ЖАҒАНДЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ БАҚ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ ТАЛДАУЛАРЫ

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

М. Барманқұлов алғаш рет журналистикаға немесе гуманитарлық ғылымдармен байланыстырады. Жалпы жаратылыстану ғылымдарының заңдарын гуманитарлық ғылымдармен айқындау ғылым тарихында 20-ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталады.

Ғылымда ономастика – тарих, география және тіл ғылымдарының тоғысқан жерінен пайда болса, ал эколлингвистика термині ұғымын алғаш рет 1970 жылы американдық тілші Эйнар Хауген әлеуметтік лингвистика және психологиялық лингвистика ғылымдарының өзара әсерінен, яғни экологиялық (қоршаған орта (кеңістік), әлеуметтік, психологиялық және тіл ғылымдарының негізінде пайда болғанын сөз етеді. Э. Хаугеннің зерттеуі бойынша экология мен гуманитарлық ғылым арасына туындаған жаңа бағыт адам мен оның тіршілік

ортасы туралы жаңа ғылыми бағыт болып қалыптасты. Бұл ғылым саласы қоршаған ортаның заңдары мен қағидалары, ережелері мен қалыптарына сәйкес адамның тілі мен танымын қалыптастыратынын белгіледі.

Жаһандық тұтасулар мен ғаламдық бірігу жаратылыстану мәселесін тек қоршаған ортаға қатысты ғана алып қоймай, қоғамдық ғылымдарға да пайланауды талап етуде. Бірыңғай тұтастық ұлттық белгілерді жалпы адамзаттық қалыпқа көшіре бастаған шақта әлем ғалымдары бұған дейінгі жасалған мәдениет пен руханият құндылықтарының жоғалатқындығын айтып дабыл қағуда. Бұл өзгерістің басы жаратылыстану ғылымдарының заңдылықтары мен қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың ортақтықтары мен өзгешеліктерін ғылымда бір-бірінің ыңғайына қарай сабақтастыра алумен байланысты. «Симбиоз, селбестік (грекше symbiosis - бірігіп тіршілік ету) – екі түрге жататын организмдердің ұзақ уақыт немесе тұрақты түрде өзара пайдалы тіршілік етуі. Симбиоз терминін 1879 ж. неміс ботанигі А. Де Бари (1831-88) ұсынды. Симбиоз жануарлар мен өсімдіктер арасында жиі байқалады. Организмдер үшін бірігіп тіршілік ету жеке-жеке тіршілік етуге қарағанда анағұрлым пайдалы. Олардың қоршаған ортамен қарым-қатынасы және одан келетін пайдасы осы симбиоз арқылы қалыптасады. Симбиоздың бірнеше түрі бар. Факультативті түрі – организмдер бір-бірімен симбиоз құрғанымен, әрқайсысының жеке тіршілік ете алуы. Облигатты түрі – симбиоз құрған екі организмнің бір-бірінен тіршілік ете алмауы. Симбиоз жануарлар арасында да жиі кездеседі. Мысалы, тақуа шаян актиниямен, термиттер мен құмырсқалар қоңыздармен симбиозды тіршілік етеді. Жалпы симбиозды тіршілік ететін организмдердің бір-біріне деген қарым-қатынасын ескере отырып, симбиоздың бірнеше типі жіктеледі» [1].

Симбиоз терминін Марат Барманкұлов қоғамдық-гуманитарлық салаға – журналистикаға қолданады. Интернет – Ғаламтор тарихы екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемді бөлген екі лагерьдің жер шарын бөлісудегі қырғиқабақ соғысы негізінде пайда болды. Америка Құрама Штаттары мен Кеңес Одағы арасындағы қырғи қабақ соғыс ақпарат пен ғылым да жүрді. Ғылым саласы бойынша әлемді, жалпы Күн жүйесін игеру мақсаттары екі лагерьдің де міндетіне кірді. Тек ғылыммен ғана алу мүмкін болмағандықтан, ақпараттық майдан да өршіп тұрды. Екі жақтың бірін-бірі түрлі хабар, ақпараттармен анықтау, сан түрлі хабарлар арқылы бәсеге ғана емес, жабық майданда жеңудің жолдарын іздеді. Бұл туралы «Уикипедия» сөздігінде мынандай мәліметтер келтіріледі. «...АҚШ-тың алдыңғы қатарлы жобаларды

зерттеу агенттігі (ARPA) компьютерлік желі құруды ұсынды. Бұл желіні құру ісі Лос-Анджелестегі Калифорния университеті, Стэнфорд зерттеу орталығы, Юта штатының университеті және Санта-Барбара қаласындағы Калифорния штатының университеттеріне тапсырылды. Компьютерлік желі ARPANET деп аталып, 1969 жылы аталған төрт ғылым орталықтарын біріктірді, барлық жұмыстарды АҚШ Қорғаныс министрлігі қаржыландырып отырды. ARPANET желісінің даму қарқыны өте жылдам болды, оны әртүрлі ғылым саласындағы зертеуші-ғалымдар да кеңінен қолдана бастады. ARPANET желісінің алғашқы сервері 1969 жылдың 1-қыркүйегінде Лос-Анджелестегі Калифорния университетінде орнатылды. Сервер ретінде орнатылған «Honeywell 516» компьютерінің оперативті жад көлемі небәрі 12 КБ болатын» [1].

Ғылым арқылы ғана әлемді билеу мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, келесі кезекте алдыға ақпаратты шығарды. Ақпарат әлемді билеудің үлкен күші екендігі анықталды.

Бұл өз кезеңінде жаңа нәтижелерді де берді. 1971 жылы бір желіге байланысу арқылы электронды пошта ашу бағдарламасы жасалды. Бұл бағдарлама бойынша электронды пошта амандық сұраудан бастап, әртүрлі хабарламалармен алмасуға ықпал етті. Өз кезеңіндегі ақпаратты қоғамдық-әлеуметтік сипат берген бұл компьютерлік бағдарлама кеңінен таралып, жұртшылық үшін қажетті істі өтейтін тәсілге айналды.

1973 жылы бағдарлама желісіне трансатлантикалық телефон сымы жалғанып, Америкамен бірге Ұлыбритания, Норвегия ұйымдары да қосылды. Енді желі халықаралық деңгейдегі ақпарат желісіне айналды. Алғашқы кезеңде интернет желісін электронды почта ретінде пайдаланып, ақпарат, хат алмасу, жіберу қызметінде пайдаланды.

Алғашқы бағдарламалық желі басқа желілермен қосылмаған еді. Ал 1970-жылдардан кейін ақпараттарды ғана емес, хат жіберуді ғана емес, мағлұматтар үшін пайдаланатын бағдарламамен жабдықталды. Интернеттің тасымалдау стандарттарының қуаты артты.

1983 жылдардан бастап бір қалыпқа көшірілді. 1983 жылдың қыркүйек айының бірінде ARPANET желісі NCP хаттамасынан TCP/IP хаттамасына ауысты. Осы жылы ARPANET желісі «Интернет» терминімен алмастырылды. 1984 жылы домендік аттар жүйесінің (DNS) бағдарламасы әзірленді. 1984 АҚШ Ұлттық ғылыми қоры (NSF) көптеген кіші желілерді (сол уақыттарда-ақ танымал болған Usenet және Bitnet желілерімен бірге) қосатын университетаралық кең көлемді NSFNet (National Science Foundation Network) желісін жасады. Бұл желінің ақпарат тасымалдау мүмкіндігі ARPANET желісімен салыстырғанда артық болатын. Сондықтан да жыл ішінде желіге

10 мыңдай компьютер біріктірілді. 1988 жылы Internet Relay Chat (IRC) хаттамасы әзірленді. 1989 жылы Еуропада, Ядролық сынақтар бойынша еуропалық кеңес (CERN) Бүкіләлемдік тор тұғырнамасын дайындады. Ағылшын ғалымы Тим Бернерс-Ли жасап шығарды. 1990-жылдары Интернет өз кезіндегі бірнеше желілерді өзіне қосып алды. Кеңес Одағы ыдыраған соң бұрынғы кеңестер өкіметіндегі елдерге әлемнің ашық ақпараттық желісіне қосылу мүмкіндігі туды. Бұл өз кезегінде әлемдегі ақпаратты ұстап тұрған ең үлкен желі болғандықтан да, хабар, ақпарат майданы үшін, әр елдің өз ұсатнымы үшін Ғаламтормен жұмыс, Ғаламторлық бағдарламалар қызметінің орны ерекше болды.

М. Барманқұлов осы тұста барлық Кеңес Одағындағы Интернет-Ғаламтордың қызметіне талдау жасап қана қоймай, оны әлемді билеудің көзі, ақпарат негізі деп қарайды. Сондықтан да Интернетке қатысты, оның ақпаратпен, журналистикамен қатысты саласына ерекше мән береді. Жаңа қоғамның жаңа ақпараттық кеңістігінде ақпараттық құралдардың арасындағы байланысты ғалым симбиоз терминімен сабақтастырады. «В Америке новый круглосуточный канал, который якобы должен конкурировать с Си-Эн-Эн, пущен по системе «Интернет». А это означает симбиоз телевидения и нового компьютерного средства связи и информации. Ведь Гейтс представляет компьютерный гигант «Майкрософт» [2, 6].

Ғалым 1997 жылдың шілде айынан бастап осы телеарна әр үйдегі компьютерге қосылған теледидар арқылы күні бойы жаңа бағдарламаларды ұсына бастағанын жазады.

Компьютерлік бағдарламалардан кейін «Майкрософт» теледидармен бірігіп, жаңа ақпараттық мүмкіндіктер шекарасын кеңейте түседі. «Майкрософт» пен Ғаламтор жүйесінің бірігуі, ортақ жүйеге көшуі туралы ғалым 1996 жылғы «Деловая неделя» басылымының мақаласын ұсынады. Бұл мақалада: «Жиырма жыл бұрын біз адамзатты компьютерге жақындату үшін компьютерлік бағдарламалар жасау мақсатымен, «Майкрософт» компаниясын құрдық. Қазір Эн-Би-Си компаниясымен біріге отырып, жаңалықтар мен компьютерлік технологияны біріктіргіміз келеді. «Ғаламторда жарияланатын «Майкрософт» компаниясының технологиясымен біріккен Эн-Би-Си-дің ақпараттық мүмкіндіктері басқа ақпараттармен салыстыруға келмейтін тәсіл боларына сенеміз» [3] – деген Билл Гейтс сөзін береді.

Бұл – компьютер мен теледидар симбиозының дәлелі. Америкадағы Майкрософт пен Ұлттық кең көлемді хабар тарату корпорациясы америкалық жалпыұлттық теледидар компанияларының үштен біріні қамтиды. Ендігі Майкрософт үшін негізгі мақсат Эн-Би-Си

компаниясымен біріге отырып, жаңа ақпараттар алудың тәсілдерін игеруде деп жазады. Осы арқылы әлемдегі ақпараттың негізгі көзі болып отырған Америкалық БАҚ үлгісін жіктеп талдап береді. Ғалым компьютер мен Интернет желісі және телевидениенің қосылуы жүзеге асты. Ендігі басты мақсат – телевидение мен компьютер көрерменді өзіне қоса ала ма? Қоса алса, қалай қосу керек? Интернет пен компьютер бір-бірімен қалай қосылуы қажет деген сұраққа жауап іздейді? Ақпарат пен хабар беруде журналист қызметі қандай болады? Ақпарат кімге қызмет етеді? Ақпаратты көрерменге жіберуде қандай ұстанымдарды білуіміз керек? Журналистке қойылатын талап қандай?

1990-жылдардың басынан баста компьютердің шығуымен байланысты, оның ақпарат таратудағы орнына қарай «тек ақпарат», «тоқтаусыз ақпарат», «нон-стоп-ақпарат» түсініктері қабылдана бастады. Әр ақпарат түрін қабылдауларына қарай ұстанымдары да анықталды. Осындай ақпарат үлгілерінің жүргізілуі көбіне-көп бұқаралық-ақпарат көздерінен тәулік бойы қызмет етуді талап етті. Тәулік бойы тоқтаусыз қызмет ету, ақпараттарды жаңарту, өңдеу, іріктеу, көрерменге ыңғайлау т.б. қызметтер үшін Американың телекомпаниялары біріге бастады. Ендеше ақпаратты жеткізу мен ақпарат арқылы қоғамды ұстау қажеттілігі – компаниялардың монополиясына әкелді. Орталық қаржылық және ақпараттық орталықтар құрыла бастады. Си-Эн-Эн компаниясымен «Тайм Уорнер» деп аталатын Американың екі үлкен компаниясы бірікті. Кейіннен бұны Б. Гейтс сатып алып, енді ол «Уолт Дисней», «Тайм Уорнер» және Си-Эн-Эн компанияларының бірігуіне әкелді. Ғалым осы компаниялардың бірігуі мен олардың үлкен бір орталыққа айналып, енді Майкрософтпен – Интернетпен телекомпаниялардың бірігуі мақсаттарын түсіндіреді.

Теледидар артықшылықтары.

1 Әр хабардың, бағдарламаның авторы бар. Авторлық құқықты сақтау мүмкіндігі бар.

2 Сөз бостандығы сақталады. Журналистің еркіндігі мен құқығы дүниежүзілік БҰҰ қабылдаған заңдар мен әр елдің «Баспасөз туралы заңына» қарай қорғалады.

3 Ақпаратты беру, шығару, ұсынуда көп қырлы: баяндау, көрсету, функциясы Ақпаратты ұсынудың ыңғайлылығы, жан-жақты көрсету, суреттеу және журналист ұстанымының нақтылығы анық көрінеді.

4 Ғаламтормен журналистерді жалғастырады.

Телевидениенің жаңа әлемді билеуі үшін қандай кемістігі болды? Бұл кемістікті Интернет – Ғаламтор қалай толтырды деген сұраққа ғалым бірнеше дәлел айтады.

Интернет ерекшеліктері.

1 Интернетте де сөз бостандығы сақталады.

2 Интернет те баспасөз туралы заңға бағынуы тиіс.

3 Басқа ақпарат құралдарынан артықшылығы – үздіксіз бүкіләлемдік қарым-қатынасты жасайды.

4 Билік органдарынан баспасөз туралы заңға сәйкес қорғалады.

5 Басқа ақпараттық-құралдардан айырмашылығы мен артықшылығы – мазмұн мен формасын қарай өз жүйесін үнемі өзгертіп, кодтарын жаңалап отырады.

6 Интернет арқылы ақпарат құралдары материалдарының таралуына мүмкіндік мол.

7 Интернет арқылы тек ақпарат қана емес, әр ұйымның өзі ішіндегі ақпарат көздері мен негізгі мәліметтері және т.б. жұмыс құжаттары қойылуына сәйкес кодтары да өзгереді.

8 Әлемдегі құнды сирек кездесетін мәліметтермен жұмыс істеу мүмкіндігінің молдығы.

Ғалым Марат Барманқұлов осы тұста 1989 жылдың желтоқсан айында ғана ақталған қазақ халқының асқан ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы туралы айтады. Мағжан Жұмабаев ақталғанымен де оның шығармалары кезінде Кеңес өкіметінің жауы деп танылған тұста жазбалары толық сақталмаған. Шығармаларының сақталған бір толық нұсқасы Стамбул қаласында бар екен. Ендеше үйдегі электронды байланыс арқылы Стамбул қаласындағы нұсқасын интернет арқылы алуымызға болады. Екіншіден, Мағжанның Мәскеуде оқыған кезінде Брюсовтің шәкірті болып, Брюсовпен жақын араласқаны белгілі. Осы тұста Брюсовтің күнделіктері мен қолжазбалары, кітаптарын үйдегі Интернет арқылы алып, Мағжан өміріне қатысты тұстарды анықтауымызға болады. Бұл Интернеттің әрбіреуге қолжетімділікті беретін артықшылығы дейді. Марат Кәрібайұлы Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы туралы жылы ниетпен, шын жанаашырлықпен, үлкен түсіністікпен айтады. Ақын өмірбаянын ғана емес, шығармашылығын да терең білетіндігі анық байқалады.

9 Интернет – ашық ақпараттық әлем. Бағдарламасы қуатты компьютер арқылы әлемдік ақпаратпен байланыстырады.

10 Интернетте авторлық құқықты сақтау мүмкіндігі жоқ.

Телевидение мен Интернет – Ғаламтор симбиозы.

1 Интернетпен журналистерді жалғастыра, жақындастыра түседі. Бұл журналистердің әлеммен жақындасуы. Әлемдік даму, әлемдік мүдде мен ұлттық мүдде, халықтық ұстаным ара-жігін анықтауға мүмкіндік береді.

2 Ақпараттық монополияландырды.

3 Қоғамды, әлеуметті балама, көп пікірлі, ақпаратпен таныстырады. Түрлі ой мен пікірге жол ашады.

Ғалым Интернет пен телевидениенің симбиозын талдай келе оның артықшылығы неде деген, неге қажет деген сұрақтарға журналист ретінде, ғалым ретінде дәлелмен, нақты дерекпен жауап береді.

1 Ақпараттық ұтқырлығы, жеделдігі. Си-Эн-Эн компаниясының тәулік бойы көрсететін хабарларын қазір бүкіл әлем көреді. Ең бастысы, әр елдің билеушілері бүгінгі күні барлық ақпаратты осы Си-Эн-Эн арқылы таразылайды. Бұған мысал ретінде:

а) Б. Клинтон (1990 жылдардағы Америка Президенті) Атланта Олимпиадасындағы бомба жарылысы туралы хабарды үкіметтік органдардан емес, Си-Эн-Эн хабарларынан естіген.

ә) БҰҰ Бас Хатшысы АҚШ-тың Парсы шығанағындағы соғысы туралы Си-Эн-Эн хабарларынан естіп, бұл туралы «неге Америка Президенті Д. Буш бізге мәлімдемеген?» деген сұрақты хабардан кейін қояды.

Ғалым Си-Эн-Эн компаниясынан көп жаңалықтар көреді. Көп қажетті ақпараттар алатын, журналистері тек қоғамның мүддесі үшін қызмет ететін компания деген пікірді айтады. Бұл ақпараттық компанияның тағы бір, ең негізгі артықшылығы туоралы келесі бір жерде мынандай сілтемені беуге болады. «Еще один немаловажный фактор: о позиции России узнал весь мир. И мнение международный общественности нужно было плюсовать к мнению Москвы. Руководители Си-Эн-Эн говорят, что им, льстит внимание мировых лидеров к программам телесети. Но, как они утверждают, телевизионная компания лишь наблюдает за меняющимся миром, а не вносит свой вклад в перемены и перевороты» [3, 15].

Ақпараттық компания әлемді өзгертеміз деген мәселені алға қоймайды дейді оның журналистері. Бірақ әлемді өзгерту керек деген ойды береді. Олардың хабар, ақпарат, бағдарламаларынан соң, көрермен тек қана әлемді өзгерту керек деген ойға келеді. Бұны журналист айтпайды. Бірақ көрерменді сондай ойға әкелетін сюжет пен форманы ұсынады. Осындай сипаттармен Си-Эн-Эннің келесі сипаты ашылады. Деректерді ұсынады, көрерменге береді. Көреремен өзі бағалап, өзі ой қорытады. Журналист қандай қорытынды, түйін жасау керектігін айтпайды. Қазіргі журналистикадағы үлкен тәсіл, бағыт ретінде қолданып жүрген осы әдісті алғаш әлемге алып шығушы – Си-Эн-Эн компаниясы. Бүгінгі әлем журналистреі де бұқаралық-ақпарат құралдарының барлығына дерлігінде ой мен түйінді көрерменнің,



оқырманның өзіне қалдыру әдісін дұрыс деп санайды. Ғалым осы зерттеулерінің нәтижесі ретінде жаңа ақпараттық кезеңнің сипаттарын қоғамды ақпараттық әлемді қалай игеруге қарай билеген заман келгендігін аңғартады. Тед Тернердің жаңа әдістерін «хэдлиин-нюс», «нюс-интернейшнлді» қолданды. Тед Тренердің компанияны алға шығарудағы бірнеше тәсілдері жұмыс істеу стилі немесе бағдарлама, ақпараттарды қалай дұрыс орналастыру дегенмен алмастыруға болады.

1 «Си-Эн-Эн интернешл» – бұл кімге қандай ақпарат керек дегенді назарға алғандық. Әлемдегі екі лагерь бөлінген кезде дүниеге келген СИ-Эн-Эн компаниясы қоғамдық ақпаратқа көңіл бөлуін екі бағытқа бөледі. Бірі – Америка үшін: жаңалықтар басқа мазмұнда, яғни берілетін жаңалықтарда әлемнің әр түпкіріндегі жаңалықтар мол қамтылады. Екінші – әлем үшін: басқа, Америка жаңалықтары мольрақ, әлем жаңалықтары аздау. Әлемдік жаңалықтар ұлттардың нәсілдік тегі мен халықтардың көпгүрлілігіне қарай дикторларды іріктеу мен журналистерді бөлу де бір-бірінен айырмашылығы мол.

2 «Нон-стоп» – тоқтаусыз, тәулік бойғы жаңалықтар.

3 «Хэдлиин-нюс» – негізгі жаңалықтардың белгілі бір уақыт аралығында қайталанып тұруы. Америка Құрама Штаттарында Си-Эн-Эн хэдлиин-нюс, ал басқа жер жүзінің 105 елінде интернешл-хэдлиин-нюс ақпараттар хабары таратылады. Ғалым Марат Барманқұлов Си-Эн-Эн компаниясын әлемдегі алғашқы жер серігі арқылы ақпараттар мен хабарлар тарататын және әлемді кең көлемде қамтыған, сонымен бірге әр елдің ерекшелігі мен беделіне қарай жұмыс жүргізетін, ең бастысы, Интернетпен біріге алған алғашқы арна ретінде жоғары бағалайды. Бұны ақпараттағы симбиоз деп қарайтыны да сондықтан деп түсіну керек. Марат Кәрібайұлының еңбектерінің ішінде Америкалық Интернетпен біріккен арнаның ерекшеліктері мен жұмыс істеу тәсіліне, стиліне сипаттама жасап қою аз. Ғалым үшін оның әр бір жеке үлгілерін талдаудың қажеттілігі неде деген сұрақтың жауабын өз елі үшін осындай жаңа арнаны жасау керек деген идеямен жалғасады [3].

Қазақстан өзінің ақпараттық жүйесін жаңа әлемдік өзгерістермен ұштастыруы керек деген идеяны алға шығарады. Бұл тұста мемлекеттің осы жүйені игеретін технологиясын жабдықтау керек.

Ақпарат тек Қазақстан үшін ғана емес, Қазақстаннан шығатын, Қазақ елін әлемге таныстыратын ақпараттық канал болуы қажет дейді [3]. Бүгінгі күндері жұмыс істеп тұрған «Қазақстан» Ұлттық арнасымен бірге ағылшын, қазақ тілінде шетелге тарайтын «Kazach TV», тек жаңалықтармен басты ақпараттарды беретін «24 kz» телеарналарының алғашқы жобасын айтады.

Ғалым Марат Барманқұлов электрондық БАҚ-тың алғашқы үлгісін береді. Зерттеушінің осыдан 20-жылдан бұрын айтқан ойлары жыл өткен сайын қоғамдық өмірде маңызды орын алып қана қойған жоқ, Қазақстан бұқаралық-ақпарат көздерінің қызметіне айналды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://kk.wikipedia.org/wiki/>.
- 2 Барманқұлов М. К. Возможности космического ТВ. – Алматы : Санат, 1997.
- 3 Барманқұлов М. К. Телевидение деньги или власть ? – Алматы, 1997. – С. 272.
- 4 Барманқұлов М. К. Тюркская Вселенная. – Алматы, 1996.
- 5 Барманқұлов М. К. Хрустальная мечта тюрков о квадронации». – Алматы, 1999.
- 6 Барманқұлов М. К. Репортаж на радио и ТВ. – Алматы, 1970.
- 7 <https://kk.wikipedia.org/wiki/>.
- 8 Вартов Д. Статьи. Дневники. Замыслы. – Москва, 1966. – С. 164.
- 9 Рябчиков Е. Репортаж в радиовещании и телевидении. – М., 1987. – С. 258.
- 10 Чесноков Б. Вопросы теории и практики массовых средств пропаганды. Вып. 4 – Москва, 1988. – С. 268.

#### ҚАЗІРГІ БАЛАЛАР БАҒДАРЛАМАЛАРЫ: ТАЛАП ПЕН ТАЛҒАМ

ҚАПАСОВА Б. Қ.  
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
МУКУШЕВА Б.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тележурналистика – бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі таңдағы негізгі салаларының бастыларының бірі. 1990-жылдардан бастап тележурналистика, телевидение хабарлары орасан үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізетін жүйе ретінде таныла бастады. Ақпарат тарату мүмкіндігі мен оны көркемдеу, жеткізу сипаттарымен өзгешеленетін, қоғамдық санаға әсер ете алатын, рухани нәр мен эстетикалық тағлым беретін құрал түрі.

Ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасындағы өзара сенім мәселесі де қоғам үшін ғана емес, БАҚ үшін де аса мәнді мәселе екені белгілі. Бүгінгі қарқынды дамыған коммуникация әлемінде

ортада өзінің бар екендігін білдіру – ең бастысы. Бұл үшін қашанда қоғаммен тұрақты байланыс болуы керек екені анық. Қоғаммен байланыс ортасы, рухани, материалдық құндылықтар мен сан алуан сенімдер жайлы пікірдің диалогы үйлесімді де, сенімді болуы тиіс. Сенімділік пен үйлесімге келу үлгісін коммуникацияны басқару деп атауға болады.

Қоғаммен қарым-қатынастағы тиімді байланыстарға қол жеткізу үшін БАҚ арқылы ақпарат пен мәлімет, хабар тарату, бір-біріне сенім беру, белгілі шартты байланысты қабылдау қажет. Коммуникацияның әр алуандық тұғырнамасы әрбір елдегі қоғамдық пікірді таратушылардың мәдени, техникалық және кәсіби дайындығын тексеруден, өзара диалогқа негізделген жаңа бастаманы қабылдаудан тұратынын қадағалауда екенінің де маңызы зор. Коммуникация – әлеуетті қозғаушы әрекет ғана емес, басқарушы күш те бола алады.

Тележурналистика жанрлары жаңадан пайда бола салған жоқ. Ол – бұқаралық-ақпарат құралдарында бар, бұрынғы хабар, бағдарламалардың теледидар мүмкіндігіне қарай кеңейген, мол қамту мен жан-жақты ашуды көздеген жаңа үлгісі.

Қазақ телевидениесіндегі балаларға арналған телеарналардың ішінде «Балапан» арнасының орны ерекше. Қазақ баласының ішкі жан-дүниесімен үйлестіре жасауды, бала талабы мен сұранысын қамтуды мақсат еткен арнаның балалар үшін берері мол. Бірақ «Балапан» бағдарламаларының ішінде нақты классикалық қалыпқа көшкен кейіпкер, бағдарлама жоқ. Бұл бағдарламалардағы бала-кейіпкер бейнесінің толық шықпай жатқандығында. Жаңа үлгідегі заманауи технологияларды игеріп, білімі мен білігі ұштасқан «интеллектуалдық ұлт» болуға бет бұрған мемлекетіміз. «Балапан» телеарнасының алға қойған мақсаты – келешек ұрпақтың тамырына рухани нәр беріп, «интеллект» иесі, білім мен ғылымның шыңына шығар азамат болып ер жетуіне ықпал жасау және дені сау, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбексүйгіш, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Теледидардағы балалар көретін көркем бейнелер олар сенетін, өздерімен бірге бола алатын бейнелер болуы шарт. Сондықтан да балалар үшін шебер жасалған кейіпкер қажет.

Іі қанған – кемел образды қайта жасау (фильм-восстановление зримого образа). Бұл 1990-жылдардың соңына қарай ғалым М. Барманқұловтың теледидардаға көркем бейнеге жасаған талдауларындағы шарттарының бірі.

1 Кейіпкердің иі қанған әбден жасалған болуы үшін бұрынғы көрермендерді ұмыту.

«Еще более часто при подготовке документального фильма о реальном человеке можно встретить ситуацию, когда почти полностью отсутствует архивный зрительный ряд. В газетном очерке нет таких проблем. Там говорится примерно следующее: «Перед его мысленном взором встало тяжелое детство». И следует описание тех времен. В кино нельзя обойтись словами. Нужно при этом и что-то показывать» [1, 213-214].

2 Балалар үшін жасалатын кейіпкердің ертеңгі ел азаматы екендігін ескеру.

«Мақсаты: «Өнерді үйрен, үйрен де жирен» дейді дана халқымыз. Әрбір қолөнер туындысы өз заманының материалдық мәдениетінің үлгісі және халық талғамының, әлеуметтік қоғамдық жағдайының көрінісі болған. Бүгінде қолөнер дәстүрі заман талабына сай жаңарып, жаңғыруда. Апликация, мүсін, папье-маше, канзаши, декупаж, твистинг, кимокоми, оригами сынды қолөнер түріне қызығушылық артуда. Өскелең ұрпақты қолөнер түрін меңгеруге шақыру. Бұл әсерлі танымдық шоу, қолдағы материалдардан бояма жасау сабағы. Суреттер, апликациялар, мүсіндер, папье-маше, канзаши, декупаж, твистинг, кимокоми, оригами. Балаларды танымдық ойын арқылы еңбексүйгіштікке баулу. Әр бағдарламада қонақтар Ертегі қалашығына тап болады, ол жерде жас шебер бағдарлама қонақтарына қолда бар құралдардан тұрмысқа пайдалы ерекше бұйымдарды қалай жасау керектігін көрсетеді, түсіндіреді, үйретеді. Бала достарымен бірге бұйымдар жасайды. Әр бағдарламаның соңында балалар Ертегі қалашығындағы Сиқыршымен кездеседі. Балалар үйлеріне оралу үшін Сиқыршының тапсырмаларын орындайды (ойын, жұмбақ, спектакль және т.б.), бұл бағдарламаны көріп отырған көрерменнің зерігуіне жол бермейді. Бағдарламада баланың саусақтарының ұсақ-қозғалыс моторикаларын дамытумен қатар, сөйлеу қабілетін, зейінді, қиялды дамытуға және мақсатты аудиторияның интеллектуалды дамуына арналған ойындар жүргізіледі» [2].

Телефильм, телебағдарламадағы әдістердің барлығына тән ортақтық – кейіпкер өміріне араласу, яғни әдеттегі қалыптасқан жүйесін бұзу, өзіне назар аударылады, ең қиындығы кейіпкердің өз бейнесін жоғалтуы мүмкін. Бүгінгі ақпараттық жүйедегі басты қойылып ортақ ортақтық-жаһандық ортақ кейіпкер жасау әдісінде қазақы қалыпты сақтай білу.

3 Кейіпкер өмірдегі өзін ұмытып, камера алдында одан орта нені талап етеді, - солай болуға тырысады.

4 Қазіргі «Блапан» телеарнасының балаларды өзіне аса тарта қоймайтыны классикалық дүниелерге бара алмауында.

Балалар үшін ғана емес, жалпы адамзаттық құндылықтар үшін қажет тақырыптарды қозғайтын ғаламдық ортақ мәселелерді шешудегі қазақ балаларының орынын ашу, сол орынға тарту мәселесін шығару жетіспейді.

Телевидение, радиобаар тарту мен баспа хабарларына жүргізілген талдау диалог негізінде ақпараттың түрлі жанрлары таратылады: интервью, баспасөз-конференциясы, дөңгелек үстел басындағы әңгіме, телекөпір. Бұл жанрлар осы хабарларға қатысушыларды танытады. Тек хабарға қатысушыларды ғана танытып қоймай, ақпарат беруші, хабарды жүргізуші – журналистің де шеберлігін анықтайды.

Жаңа заман телевидение мен радиобаарларын тартудағы бастысы – жанрлар эволюциясын анықтай білу. Осы тұста жанр мен оның сыртқы қалпы (формасы) деген не деген сұрақ туады.

Жанр барлық ақпарат-құралдарында түрлі бояу, реңкімен өзгеріске түскенімен, бүтіндей өз қалпын бұзбайды деген анықтаманы береді.

Жанр – тұрақты түп-тамырынан қол үзбейтін, бірнеше тарихи кезеңдерде құрылымдық-композициялық белгілері қалыптасқан, қоғамды журналистердің дыбыс, мәтін, т.б. БАҚ-қа тиселі сипаттармен қайта өңдеуі [4, 268].

Балалар бағдарламалары үшін де ересектер хабарларының барлық түрлері қолданады. Бірақ оның ерекшелігі – бала танымы мен талғамына қарай өзгеруінде. Сыртқы қалып пен негізгі мазмұн бірлігі ортақ.

Жанрдың басты шарты – өткен жағдай мен оқиға туралы кең мәлімет, ақпарат беру. Соны кең суреттеу болады. Тіпті тек ересектер үшін деп есептелетін репортаждың өзі де балалар хабарларына қажет.

Телевидениедегі репортаж газет репортажынан да күрделі. Көрермен, тыңдаушыны сендіру, сендіріп қана қоймай, сол жай туралы ой тастау, ішкі пікірлеріне қозғау салуы қажет. Бұл журналистің тақырып таңдау, кейіпкерді ашу, түсіру әдіс-тәсілдері мен оны сөзбен әрлеу, музыка мен қосымша дыбыстық құралдарды сәтті қолдана алу сияқты шеберліктерімен тікелей байланысты.

Балалар тележурналистикасының жанрлары жаңадан пайда бола салған жоқ. Ол – бұқаралық-ақпарат құралдарында бар, бұрынғы хабар, бағдарламалардың теледидар мүмкіндігіне қарай кеңейген, мол қамту мен жан-жақты ашуды көздеген жаңа үлгісі.

Қандай қоғам, қандай мемлекеттің де экономикалық, әлеуметтік, рухани, материалдық деңгей-дәрежесі ақпаратпен ғана қуатты. Бұл ақпараттық тартымды, тиімді, өтімді етіп беру- шеберлікті, біліктілікті қажет етеді. Сондықтан да балалар бағдарламалары бір орында тұрған қалыпты ұнатпайды. Бүгінгі балалар бағдарламалары баланың жасымен, ой-өрісімен, күнделікті әлемдік білім мен ғылым жемістерімен де өзгеріп отыруы шарт. Осы тұста журналистика кез келген қоғамның басты күші – ақпаратта дегенді айтады. Ақпарат пен хабарда да барлық қызықты да, тартымды және қоғам үшін қажет жағдай мен оқиғалар өтіп жатады. Мемлекет пен қоғам журналистің ақпаратынсыз ешкім де, ештеңе де емес. Ендеше қоғамдағы ең басты күш – ақпарат.

Қай кезде де журналистикадағы ең басты мәселе – ақпарат пен деректе дегенді анықтай келіп, халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның (Екатеринбург, 1995) ең өзекті мәселесінің өзі де – дерек арқылы не айтады, дерек нені дәлеле ету керек, бір сөзбен айтқанда дерек не үшін керек деген қарапайым сұрақты талқылағандығын айтады.

Журналистикадағы басты мәселе – ақпарат. Ақпараттың қоғамға ыңғайлы жетуі, қоғамдық санаға әсері, қоғаммен араласуы. Ақпарат қоғаммен қаншалықты араласа алды деген мәселеде бұқаралық-ақпарат көздерінің орны да ашылады. Газет пен радиодағы бұқаралық-ақпараттың орны, хабар мен бағдарламаның мақсаты анықталып келсе, ендігі жерде телевидение мен Интернеттік ақпараттың қызметі талқыға түсті. Осы тұста бүгінгі балалар бағдарламалары Интернеттік қалыпқа түсетіндігі, жиі жаңғыру мен өзгеру, эволюцияны талап ететіндігі ұмытылмау керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Барманкулов М. К. Телевидение: деньги или власть? – Алматы : Санат, 1997. С. 213-214 .
- 2 [http://balapan.kaztrk.kz/kz/programs/on\\_sausaq](http://balapan.kaztrk.kz/kz/programs/on_sausaq)
- 3 <http://balapan.kaztrk.kz/kz/channel/collective>
- 4 Чесноков Б. Вопросы теории и практики массовых средств пропаганды. Вып. 4 – Москва, 1988. – 268 с.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕС ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

ҚАПАСОВА Б. Қ.  
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
АДРАХОВА А.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әлемдік журналистикада баспасөздің ұзақ ғасырларға созылған тарихының бай дәстүрлері бар. Осы аралықта баспасөздің бірнеше мектептерді қалыптасты. Баспасөз халық қалауы мен сұранысына жауап берсе, ғана өз мақсат-міндеттерін өтегені екені анық. Осы бағытта қазақ баспасөзінің ел руханиятындағы орны ерекше. Халықтың оянуына, бір мақсатқа жұмылуына, тұтасуына қызмет етті. Қазақ баспасөзінің ұлттың материалдық дамуына, экономикалық, нарықтық қатынастарды үйренуіне игеруіне ықпалы қандай болды деген оны Алаш қайраткерлерінің қызметімен байланыстыра отырып қарастырамыз. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың өзі де экономист Петербург Орман шаруашылығы университетінің экономика мамандығын бітірген. Өз кезінде аса ірі орталық саналатын, Ресей астанасы Петербургтегі Орман шаруашылығы университетінің орны да ерекше екені белгілі.

Қазақ жерін толық отарлау мақсатын жүзеге асыруда Ресей патшасы бірнеше реформалар жүргізді. Бұл реформалар сипаты жағынан әкімшілік-территориялық болды. Өз саясатын қазақ жерінің барлық территориясына жеткізу мақсатында баспасөзді пайдалну қажеттігін сезген патша үкіметі қаулы, қарар, бұйрықтарын жариялап тұратын басылымдар қажеттігін ұқты. Өз заманында да, одан кейін де Қазақстанда түрлі басылымдар болғаны белгілі.

Қазақ баспасөзінің тарихында әр басылымның өзіндік бағыт-бағдары, алға қойған мақсат-мүдделері болды. Бұл газет – журналдар шаруашылық, экономика мәселелеріне де баса назар аударды.

Басылымдардың адам мен қоғам үшін қаншалықты орын алатындығы, маңыздылығы туралы «Айқап» (1911-1915 ж.) журналының редакторы Мұхамеджан Сералин: «Ғалымдар дүние тіршілігін бір соғыс майданына ұқсатады. Ол соғыс майданын шаруашылық соғысы (экономическая война) деп атайды. Бұл соғыстан қан төгілмейді, ләкин қан төгілген соғыстан да сипаты жаманырақ, шаруашылық соғысында көсіп, өнер басқасы қанды соғыстағы зеңбірек, мылтықтан да бетер адам баласын қырады. Бұл соғыста адамы көп жеңбейді. Білігі, ғылымы, өнері артық жұрт жеңеді. Соның үшін мейлі көшелі бай бол, енді келешек балаларымызды ғылым құралымен

құралдандыруымыз тиіс. Егер де балаларымыз шаруашылық соғысында бөтен халықпенен бәсекелесуге жарай алмай, құл болып қалмасын десек... Шаруашылық бабындағы құлдық – ешбір емі табылмайтын құлдық» [1, 52].

20-ғасырдың басындағы қоғам қайраткерінің сөзінің қазіргі заманымызда да қоғам үшін қажет екендігін уақыт өткен сайын көріп келеміз. Сауда, мүлік немесе нарықтық экономиканың талабы күшті, заңы қатал. Ол қаталдық маңдай термен табылған қаржы, еткен еңбекпен келген ақшаның ыстықтығында. Адам тіршілігі үшін әлеуметтік-экономиканың артықтығында.

Қоғам өмірінде, әсіресе 20-ғасыр басындағы отарлық езгідегі қазақ үшін шаруашылық, экономикалық мәселелердің барынша маңызды екендігін Алаш қайраткерлері дебарынша ұғынды. Алаш көсемі, ұлттың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, терең білімді ғалымы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өркендеуінің сан алуан мәселелерін баспасөз бетінде жариялап, мақала жазып, талдап отырды. Қоғам қайраткері журналистік қызметіне де аса маңызды орын берді.

Қазақ басылымдарының алғашқыларындағы ұлттық байлық пен нарық қатынастары туралы мақалаларды бірнеше топтарға бөлуге болады. Ең негізгілеріне келесі түрлерін жатқызуға болады.

1 Егіншілікпен айналысу. Қазақ халқың жаңа кәсіп түріне үйренуге шақыру.

2 Қазақ даласындағы алғашқы қалалардың салына бастауы. Қала өнеркәсіп орыны. Халықтың өнеркәсіппен шұғылдануын насихаттау.

3 Өнеркәсіп орындарының көптеп ашылуы. Қазба байлықтарын өндіріп жатқан Ресей отаршылдарының байлыққа кенелуі.

4 Сауданы үйрену.

5 Асыл тұқымды мал басын көбейту, астықтың сұрыпын таңдай білу.

6 Нарықтағы салық жайы.

«Қазақ даласындағы нарық қатынастарының өзгерістерін талдаған Ә. Бөкейхановтың мақалаларының алғашқылары «Дала уалаятының газетінде» басылды. Басылымның 1889 жылғы № 41-42-сандарында Әлихан Бөкейхановтың «Қарқаралы оязының Қотан-Бұлақ, Западный-Балқаш, елдеріндегі егіннің жайы» деген көлемді мақаласы қазақ және орыс тілдерінде шықты.

Қоғам қайраткерінің бұл газетте төрт мақаласы жарияланған екен. Бұл мақаланы Ә. Бөкейхановтың қазақ шаруашылығы, экономикасы



тақырыбына байланысты жазған еңбектерінің, алғашқысы деуге болады.

Мақалада қазақ шаруашылығы үшін маңызды, өз кезеңі үшін әлеуметтік-экономикалық ғана емес, қоғамдық сансын көтеретін еңбек мәселесін, кәсіпті өзгерту мәселесін қолға алады. Қазақ даласында дами қоймаған егіншіліктің жағдайына талдау жасайды.

«1880-1882-інші жылдарда жұтта көп қазақтар жарлы болып қалды. Сонда кедейлер бұрын бейнеттерінен егінге айналысты, Тоқырауынның қабағында арық қазып Тоған қылып, өз алдына жатақ болып... Тоқырауынның егін салатын жері Балқаш теңізіне (!) жақын. Сол себептен жазда күн ыстық, жаңбыр аз болады. Сол үшін егінді суарады: 3-4 иа 5 қайта бидайына иа жеріне қарай – құмды ма, топырақты ма. Кедейлер жиылып Тоған салуға жер аз деп, Тоқырауыннан бұрып 3 шақырымдай жерге де жүргізді, арықтың тереңдігінен бір жарым кез, енін екі жарым кездей қылып (Тоғанды бағзы уақытта 20 кісі болып қазады. Ә. Н.). ... Апрельдің аяғында жатақтар егін сала бастайды. Жаман саймандарымен солар жұмысты оңайырақ қылу үшін егіндікке құлақтан су жіберіп босатып алып, жаман тіспенен (соқамен) жыртады. ...Егінді майдалайтын «борона» деген аспапты қазақ білмейді, талды байластырып майдалайды. ...Ағұста (Август) егін ора бастайды. ...Онан соң орған бидайды біздің жатақ қазақтар мұжықтарша орып ұрмайды, қырманда атыменен бастырады. Қырыманды егіндіктің маңына істейді қатырып, аттың тұяғы батпайтын қылады. Жатақтар ат тауып та ала алмайды. Бір айдағанда, ең болмағанда, 5 ат керек. Осыдан бай қазақ көп пайдаланады: аттарымен сағаттап иа күндеп бидай бастырғанына көп ақы алады. Осылары ағалардың ұят емес пе...» [2, 179].

Мақалада Әлихан Бөкейханов бірнеше мәселелерді көтерді.

1 Қазақ жерінің барлық аймағы егін шаруашылығына ыңғайлы еместігі.

2 Өзінің туған жеріндегі егіншілік табиғаттың қиын жағдайында жүргізіліп отырғанын баяндайды.

3 Егіншілікпен айналысатын жатақтардың ауыр халі,

4 Егіншілердің ісіне шын көңілімен күйзелетіндігі.

Газетте бұдан басқа әлеуметтік-экономикалық тақырыпты қозғайтын «Қаймақсыз сүт қазақ халқын өлімнен сақтайды» деген мақаласы басылады. Авторы белгісіз «белағаш» деп аталатын мақалада Белағаштың орналасқан жері туралы айтады. Мақаланы жазушы оның қай жерде екендігін дәл, нақты суретпен береді.

«Белағаш даласы Барнаул, Шульбин деген екі тоғайдың арасында, ұзыны жүз шақырымнан артығырақ, ені 80 шақырымға шейін барады.

Ол даланың көзбен қарауға көп тамашасы болмаса да, шаруаға пайдасы көп. Одан астықты 15 шақырым жердегі оңтүстік жақта Семейге тартады және қырдан Ертістің ар жағынан қазақтар да алып кетеді, қойға, әртүрлі теріге, киізге һәм басқа нәрселерге» [2, 52].

Мақалада қазақ даласындағы айырбас сауда түрі жазылған. 19-ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласындағы дамыған қатынастардың ең көлемдісі – тауар – тауар болды. Тауар айырбасы қатынастары маңызды орын алды.

«Белағаш» мақаласы очерк жанрына келеді.

1 Халықтың ғасыр соңындағы жаңа шаруашылық, нарықтық қатынастары суреттеледі.

2 Жаңа тұқым, бидайдың асыл тұқымы туралы баяндалады.

3 Осындай ерекше бидай тұқымы өсетін жердің табиғатының да ерекше екендігі жазылған.

4 Бұл жерде тұратын халықтың да тұрмысы өзгелерге қарағанда жақсы екендігі баяндалады.

5 Белағаштағы елдің шаруа жайын жүргізу әдіс-тәсілдері, жұмыс тәжірибелері, ортаға бейімдалулері туралы айтады.

«Үшбу айтлымыш кісілер шаруаларын қар суымен жүргізеді-дүр. Тұрғын су жоқтықтан құдықтан басқ, бағзы жерлерге құдық қазу мүмкін емес. Қыс күндерінде сол заимкелердің маңайына боран уақыттарда көп қар үйіліп, жазда едәуір көп болып, кейбір заимкелердің иесінің малдарына да жетеді. Сонда түскен қарды тез еріп кетпесін деп сабанмен жауып атстап, еріген суын бөшкеге һәм өзге нәрселерге ағызады екен» [2, 52].

Автор шаруаның бір жайы – үнемшілдік, бір сыры – барды пайдалана білу, ендігі бір қыры – халықтың еңбекқорлығы айтады.

Әлихан Бөкейхановтың «Қазақта» 250-дей мақаласы жарияланған. Соның көпшілігі шаруашылық-экономикалық тақырыптарға арналған. Ә. Бөкейхановтың қазақ даласына Ресейдің еуропалық бөлігінен қоныстандырушылар легін реттеу, жалпы қоныс аудару саясатына байланысты «Жер жалдау жайынан», «Уақытта» «Қазақ жігітіне», «Үшінші дума және қазақ», «Төртінші дума және қазақ», «Дума және қазақ», «Сусағанның түсіне су кіреді» атты мақалалары газеттің 1913 жылғы сандарында басылып шықты. Бұл мақалаларда Әлихан думаның қазақтарға байланысты саясатын сынай отырып, қазаққа саясат арқылы экономиканы түсіндіреді.

Әлихан Бөкейхановтың мақалаларындағы басты түйін қайраткер саясат пен экономиканың біртұтас екендігін анықтап түсіндіреді. Патшха саясаты арқылы оның экономикалық қысым және нарықтағы

казакқа деген қатынастары көрінеді. Немесе экономиканы жанартуы арқылы, ел ішіне жаңа ережелер енгізу арқылы экономикамен саясатты қатар жүргізіп отырғандығын түсіндіреді.

Бұл қазақ баспасөзіндегі сауатты, нағыз білікті маман талдауы болатын. Әр сол қоғам үшін қажет, насихат үшін де, үгіт, үлгі үшін де керекті тақырып болатын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Айқап» журналы // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. – 368 б.

2 «Дала уәлаятының газеті» // Құрастырушы Субханбердина Ү. – Алматы : Ғылым, 1994. – 787 б.

3 «Қазақ» газеті // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

### ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АҚЫР ЗАМАН ЖАЙЫНДАҒЫ ТҮЙНДІЛАР ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒАНДАНУ СУРЕТТЕРІ

САҒАНТАЕВА Ж. Т.

мұғалім, № 26 ЖОМ, Екібастұз қ.

Қазақ қоғамындағы ұлттық өзгерістерді әлемдегі жаһандық жаңғырулар мен ғаламдық тұтастықпен байланыстырып шешу істің жауабын табумен бірдей қабылдануда. Дегенмен, барлық ұлттар мен ұлыстар өз құндылықтарына тағы да басқа қарап, өзгеше баға беруге ұмтылып жатқан тұста бүгінгі өзгерістердің ертеңгі жемісі қандай болатындығының жауабын әдебиеттен таба алатынымызды ұмыта бастағандаймыз. Қазақ әдетінде бүгінгінің бағасы кешегі күннің немесе аталар өсиетімен анықталатыны ұмытылып барады. «Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы жау, Дағдарған Алаш енді қайда бармақ?» [1, 328 ] – деген сұрақтардың жауабын әдебиеттен табатынымызды еске алсақ, артық болмас еді.

Жаһандану жайындағы алғашқы сәуегөйлік ойларды 1918 жылы жарық көрген Освальд Шпенглердің «Еуропаның ымырт шағы» («Закат Европы») кітабында айтады деп жазады. О. Шпенглердің бұл еңбегі болашақтың өзгерістерін дәл басып, қайсыбір жайлардың жапсарын барынша көреген көңілмен ашуымен ерекшеленеді. Батыс ғылымы мен

ақпараты осы ойлардың бастамасы мен жалғасын да евро-центристік пиғылмен өрнектеп, Гераклит, Платон, Аристотель, кейіннен Кант, Гегель, Тейлорлардан бастау алатынын айтады. Біз жаттаған ғылымда ғаламдастыру Н. Вебер, Э. Дюркхаим еңбектерінде бар екенін Еуропа ғалымдары жазды. Біз де мойындап, оның озық сәуегей идея екеніне қол қойып қойғанбыз. Біздің бір ескермей отырғанымыз, мән бермей мойындай алмай келе жатқанымыз – жаһандық бірігу, ғаламдық тұтастық өз төл мәдениетімізде, әдебиетімізде бұрыннан бар екендігі.

Әлемдік, ғаламдық тұтастыққа ұмтылыс – өркениет пен дамуға басталған қадам. Адамзат тарихындағы жаһанданудың алғашқы іздері тайпалардың өз болашағы үшін алдыға ұмтылып, келешек күні үшін басқа жұртпен бірігу, қосылуға (күшпен көбіне-көп) бет түзеген шағынан алған дұрыс болар.

Қазақ әдебиеті тарихындағы тасқа басылып жазылған «Күлтегіндегі» (кіші жазу):

Өтүкен қойнауының нағыз иесі жоқ еді, бірақ ел тұтатын жер осы. Өтүкен қойнауы еді.

(Дәл) осы жерде отырып, тағаш халқымен табыстым.

Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті соншама шексіз беріп

Жатқан тағаш халқының сөзі тәтті, бұйымы асыл еді.

(Олар) тәтті сөз, асыл қазынасын беріп, жырақтағы халықты (өзіне)

Сонша жақындатар еді. Жақын қонып, сосын (олардан) әдепсіз қылықты үйренуші еді [2, 41].

Ары жалғастырсақ, дүниеге қызыққан, «тәтті сөзге» алданған халықтың кейінгі жай-күйін ұғынар едік. Ғаламдық тұтастық ұлттарды жою, байлығын басып алуға бет алған тұста да тек қаруды емес, ақыл мен айланы алдыңғы орынға қойғаны көнеден келе жатқан тәсіл екеніне біздің әдебиетіміз де дәлел.

Жаһандық, ғаламдық тұтастықтың қазақ әдебиетіндегі көріністерінің қойылысын, ой мен ақылға, таным мен түсінікке жасаған өзгерістерін анықтау үшін қазақ әдебиетіндегі тақырып пен идеяның қоғамға бейімделуін, кейіпкердің сол заманға қарай ыңғайлана бастаған қалпынан байқайтынымыз белгілі.

Қазақ әдебиетінде ауыздан-ауызға көшіп, авторы түрлі нұсқада айтылып жүрген ертеңгі заман жайындағы толғаулар бар. Бұл қыр-толғаулардың жалпы мазмұнынан ел ертеңінің бұлыңғыр болашағына аландаған сезім мен бұзылған қоғамға күйінген қалыпты байқаймыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ фольклоры үлгілерінен [3, 70, 139-140] жинаған өлеңдерінің ішінде «Асан қайғының мұңы»:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,

Заман азып, заң тозып, жаман болар.  
 Қарағайдың басына шортан шығып,  
 Балалардың дәурені тамам болар.  
 О күнде қарындастан қайыр кетер,  
 Ханнан – күш, қарағайдан шайыр кетер.  
 Ұлын-қызын орысқа бодан болып,

Қайран есіл ел-жұртым сонда не етер?! – деген жыр бар.  
 Асан қайғының айтары да заманның тарылатындығы, ел-жұрттың өзгеретіндігі, «қарағай басына шортан шықса» дүние әлем бүлініп, жақсылық атаулы ұмытылатын өмір болатындығы. Асан қайғының болжау жырында, бұзылған заман туыстықтан ада, ел билеуден кеткен, табиғат қадірі қашқан, бөтенге бодан болған «есіл жұрттың» ертеңіне егіледі. Асан қайғы айтса да, басқа айтса да, ғаламдағы халықтың өзгерері, жаратылыста үлкен «дағдарыс» деп атап жүргеніміздей алапаттар болатынын есте жоқ ескі замандарда қазақ жырау, шешен, билері айтып кеткенін әдебиет тарихы дәлелдейді. Осындай сәуегейлік жырлардың біріне Мөңке бидің айтқандарын да келтіруге болады:

Заман ақыр адамы  
 Менмен шығар деп еді.  
 Үй басына тақ еткен  
 Келі шығар деп еді.  
 ...Алысқа деген қамыстан  
 Үй шығады деп еді.  
 Сол үйіңнің ішінен  
 Құрыс жауырын, қой бұтты,  
 Би шығады деп еді.  
 Заман ақыр болғанда,  
 Ат қояндай болады,  
 Адам құмандай болады [3, 139-140].

Қазақтың, қазаққа дейінгі түркі бабаларымыздың бізге қалдырған әдеби мұрасына көз салсақ, көзге түсер бірінші идея – ел мен жердің бүтіндігін сақтау, тұтастығын қорғау. Заманалар жасаған ұлттық, халықтық санаға селкеу салмау, ақылдан айырылмау.

Елдің мақсаты өздерімен туыстас, замандас ұлт-ұлыстармен бірге, адамзат тарихын, мәдениетін бірге өткеріп, бірге дамып келе жатқандығы. Және жай ғана тыныш тіршілік кешу өзінді жоғалту екенін ұққандықтарында. Сондықтан да олардың (түркі-қазақ) әдебиетіндегі әр кезеңдегі жаңа ой, тың тұжырым ел болып өмір сүріп, жұрт болып жаһанда қалудың кепілі болды.

Осындай жаңа ойдың жаңа сатысын 15-18 ғғ. жыраулар әдебиеті жасады. Түркілік дәуреннің өтіп, бір отаудың астына біріккен рулар, ел-жұрттар ішкі-сыртқы күштердің әсерінен жіліктеліп, бөлініп жатқан шақта өзінде күресерге дәрмен қалмаған кезде Қазтуған жырау жұртының жанға сая, малға жайылым-жайлау болған құт мекенін жақтап келіп, соңында шарасыздықтан:

Қайран менің Еділім,  
 Мен салмадым, сен салдың.  
 Қайырлы болсын сіздерге  
 Менен қалған мынау Еділ жұрт, – дейді.

Атасынан қалған, өзіне бақ пен дәулет әкелген жерден айырылып тұрып, кейінгіге шын ықылас, ниетпен қалдыруы, екінші жағынан, қайта оралам деген үмітті де байқатқандай. Орала алмаған күнде жанындай болған жерінің жақсылығын тілеген рақым, мейірім көңілі ақылдың кемелін, биіктігін танытады.

Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясының ерекшелігі де жанындай жақсы көрген елі мен жерінің өзгенің еншісінде кететініне сене отырып, заманның өзгерісін болмай қоймайтын заңдылық деп қабылдап, халық басына түсер сынның болашақта да болатынын жазады.

Қоғалы көлдер, ком сулар,  
 Кімдерге қоныс болмаған.  
 Саздауға біткен қара ағаш,  
 Кімдерге сайғақ болмаған.  
 ...Сар шымшықтай шырлатып  
 Ғазырейіл кімдерге құрық салмаған,  
 Сақалына сары шіркей ұялап,  
 Миығына қара шыбын балалап,  
 Жазыда мал іздеген қазақтың

Басы қайда қалмаған, – деп Шалкиіз жырласа, Бұқар жырау толғауларындағы заман бейнесі адами мінез, өзге жұрт қатынасымен бірге келешек күндер қалай болары да айтылады. Бұқар да болашақта қазақтың қиындықпен өтер күндері көп екенін болжайды. Өзгені пір тұтып, өзін құрметтеуге көңілі жүрмейтін елдің тізгінді ұстауы да қиын. Ата-бабалары сынаған, қатар жүріп, сырлары мен мұңдары, тілектері жарасқан жандарды емес, белгісіз, бөтендерді құрмет көрсетуінің соңы жақсылықпен бітпесін ескертеді.

Он екі айда жаз келер,  
 Құс алдында қаз келер,  
 Айтып айтпай немене,  
 Заманыңыз аз келер

Сол заманың келгенде,  
Ата-бабаң қол берген  
Қожаларды қас көрер.  
Ноғайларды ғалым деп,  
Әулиедей көресің.  
Ноғайлардың бойлары болар сазандай,  
Сәлдесі болар қазандай,  
Ахиретке барғанда  
Ақ сүйекті қор тұтқан,  
Қараны одан зор тұтқан,  
Ноғайларды пір тұтқан,  
Тартарсың сонда жазанды-ай.

Қазақ әдебиетіндегі жаһандану көріністерін, суреттелу, бейнелену сипаттарын анықтауда біздің байқағанмыз:

– елдің, жұрттың қысылу, өзгеру үрдістері өзге халықпен араласқан кезде жүргендігі;

– қазақ халқы тарихындағы өзіне мығым, сыртқы саясатта тепе-теңдікті ұстанған, өзін өзгеге сыйлата білген замандарда ұлт бұзылуы жайында көңіл бұзар ойлардың көп қылаң бере бермегендігі;

– ұлттың жаһандық өзгерулерге бойұратын шақтары қашанда ел ішіндегі алауыздық, тұрақсыздық жайылған замандарда болғандығы;

– ұлттық ортақ идеядан халық алыстаған қоғамның әдебиеті жұрттың өзге ой-пиғылға көбірек иек артып, соны өзге әдетін сәнге айналдырған кезеңін суреттейтінін көрсетеді.

Әдебиет – қоғам айнасы. Адамзат қоғамының даму эволюциясы алға жылжудан, жаңғыру (модернизация), прогрестен тұрады. Бұл эволюциялық даму құрамының қайғысын болсын жылжу, прогресс, жаңғыру болсын адамзат игіліктері үшін қызмет етері сөзсіз.

Бірақ біздің әдебиеттегі суреттелу жайы бұны игіліктер, ұлт дамуының негізі деп емес, керісінше, елді бұзар, халықты қалыптан шығарар әдет етіп қабылдауы басым. Осындай ой 19 ғасырдағы зар заман ақындары шығармаларында көп. Әрқайсысы жеке қарап, жіті талдап, қажетіне жаратар жолдар.

Бүгінгі күннің таразысымен өлшесек, жыр жазылған заманда-ақ, біздің қазіргі жай-күйіміздің жаңа өрістерін көреміз. Біз жаһандану, ғаламдасу деп атап жүрген, өткеннің өлшемімен тар заман, азған заманның айналымға кіргендігі. Шынында да, бұл кезең – адамзат тарихындағы ең күрделі кезең болып отыр. 20-21-ғасырлардағы идеологиялық соғыс, әскерге мол қаржы жұмсау, саяси қақтығыстар, діндер арасындағы араздық, экономикалық текетірес т.б. Осының

барлығы түрлі ұстанымдардың, түрлі ой, сан идеялардың, алуан ақылдың қақтығысы. Бұл – адамзаттың ақыл кемелі ендігі жерде өзін өзгеден биік қою, өз ұлтын, өз елін барлығынан биік қою, мемлекетті үстемдік ету қағидасының кепілі. Ендеше, қазақ әдебиетінде заман өзгерісі, қоғам құбылуы жайындағы ойларды бүгінгі күні тек көркемөнер жемісі, әдебиеттің енші, мәдениетке қатысы барлар білуге тұрарлық ой деп жеңіл-желпі қарамай, ғалам, жаһан жайындағы жыр, толғауларды тағы да ақылға салып, түйінін шешер мезгіл жетті.

Қазақтың таным-түсінігі, психологиясы, тарихы бәрі-бәрі әдебиетте дейтін болсақ, даладан барған ой-таным батыстың өз санасымен қайта өңделіп, қатал үкім, шешуі қиын сын болып қазақтың өзіне кері оралып отыр. Бірақ бұл алдыңғы кең далада айтылған көкжиегі көрінбейтін кемел ой емес, батыстың тар қыспақ қытымыр саясатына негізделіп жеткен қайта өзгенің күй-жайына қарай бейімделген ой. Қорқыныштығы да өзгенің айтқанына сену. Өзінді ұмыту.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, 1989.
- 2 Күлтегін /Көне түркі тілінен аударған және алғысөзін жазған М. Жолдасбеков/ – Алматы, 1986.
- 3 Мәшһүр-Жүсіп Шығармалары. – 6-том. – Павлодар, 2005.
- 4 Ай, заман-ай, заман-ай... – Алматы, 1991.

#### I. ЖАНСҮГІРОВТІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ

САРБАСОВА Қ. Б.

ф.ғ.к., профессор, I. Жансүгіров атындағы Талдықорған мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

МАТКАРИМОВА С.

магистрант, I. Жансүгіров атындағы Талдықорған мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Қазақ әдеби тілінің толығар арналарының бірі жеке авторлық қолданыстағы сөздер екендігі бұған дейін де қазақ тілінде зерттеу нысаны ретінде өз қажеттілігін өтеген. Талантты жазушының тілі – қазақ ұлтының танымы мен түсінігін ашатын, көркемдік бояуы, құрылымдық сипаты халықтық белгісі ретінде ғана емес, кезең, уақыт дәлелі ретінде де маңызды. Сондықтан да жазушы тілін зерттеу арқылы біз тілдегі заңдылықтар мен белгілер сипатын аша аламыз.



Қазақ тіл білімінде жеке ақын шығармаларын зерттеу тәжірибесінің озық үлгілері де бар. Бұл бағытта бірнеше зерттеу жұмыстары бар екені де белгілі. Р. Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі» [1] зерттеу еңбегінен бастап қазақ тіл білімінде қазақ қаламгерлерінің тілін жан-жақты, терең зерттеуге ден қойылғаны анық.

Абай шығармаларының тілін зертеуде ғалым Р. Сыздық: «...жеке жазушының, оның ішінде қазіргі қазақ тілі сияқты үлкен мемлекеттік ұлттық жазба әдеби тілдің негізін салушы Абай тәрізді қаламгердің тілін бірнеше аспектіден зерттеп танып білу қажет болады. Әдетте жеке жазушының (ақынның) тілі туралы әңгіме оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдері мен өзге де индивидуалдық ерекшеліктерін талдау болып келеді. Әсіресе поэзия жанрында жазған қаламгердің тілін тану деген сөзді оның поэтикалық тәсілдерін, ол тәсілдердің тілдегі көрінісін зерттеу деп танимыз» [1, 3], – дейді.

Абай тілін зерттеуде ғалым ұлы ақынды қазақ әдеби тілінің негізін салушы деп алса, біз де Құлагер ақын Илияс Жансүгіровтің прозалық шығармаларының тілін қарастырудың қажеттілігін келесі шарттармен белгілейміз.

1 Илияс Жансүгіров – 20-ғасыр басындағы Абай дәстүрін негізге ала шыққан ақын, жазушылардың ең көркемдерінің бірі.

2 Қаламгердің прозалық шығармалары қазақ тұрмысы мен шаруашылығын, салт, дәстүр, ғұрып, әдеттерінің, танымының үлгісі болуымен де құнды әрі бояулы.

3 І. Жансүгіров шығармалары жазылған кезең қазақ қоғамының жаңа таным-түсінік, ұғымдарымен ерекше. Жазушы туындылары сол кезеңнің жаңа қолданыстағы сөздердің, өзге танымдардың ұлтқа енуінің белгілері ретінде де құнды. Қазақ қоғамының жаңа түсінік, ұғым, дін, таным, ғылым, әлеумет тақырыбына қатысты сөздік қорды жинақтаушы материал болады.

4 Қазақ ұлттық тілі мен көркемдік бояуына, тақырыптық-идеялық, құрылымдық сапасының артуына ықпал етіп, кейінгі кезеңдерге үлгі болған қаламгер ретінде де суреткер шығармашылығы көпке танымал.

5 Жазушы тілі – ақын тілінің озық үлгісін қара сөзге бояу, өрнекпен қолданудың үздік үлгісі.

Жазушы шығармаларының тілі әңгімелерінің тақырыбы мен идеясына қарай бейімделе қолданады. Қаламгер туындының жанрына қарай, шығарманың кейіпкерлеріне қарай стильдік бояуларды түрлендіре қолданады. «Отан» әңгімесінің тілінде суреттеу мен көркемдеу көп. Адамдар тағдыры, қоғам өзгерткен сана, адасқан тағдырлар. Жазушы шығарманың тақырыбын жаңа Отанын тапқан, өзі

бақытын шын көңілімен қалаған адам өмірін арқау етеді. Соған қарай «Отанын» тапқан Жамал мен «Отансыз» Өтегенді салыстырып қатар қояды. Шығармадағы кейіпкерлерді қарама-қарсы алынады. Жазушы оларды тұтастыра, біріктіре отырып, кейіннен еңбек пен адам мінезі өзгерткен жайды баяндайды. Бір отбасындағы Өтеген мен Жамалдың өмірлері екі түрлі. Екеуіне ортақ сәби Бақытты бауырына Жамал баса алғанымен, Өтеген баса алмады. Осы детальді суреттеуде жазушының тіл қолданысы да екі түрлі.

«Әбден шаршаған, тұлғасы шайқалады, басы былғақтайды, аяғы шалысып, азар ғана адымдайды» [2, 339]. Немесе: «Бет-аузын ыстық түтетіп, шаң-топырақ басып, самайдан сорғалаған термен баттасып, жарық ерні кеберсіп кеткен» [2, 339].

Жазушы тілінде етістіктерге көп мән береді. Әрекет, қимыл ғана емес, адам портретін суреттеуде де етістіктерді жиі қолданады. Кейіпкердің қимылы арқылы оның ішкі жан-дүниесін, бар жайын аңғартады. І. Жансүгіровтің табиғат суреттерін беруде қолданатын етістіктерімен адам көңіл-күйін сипаттаудағы қолданатын етістіктерінен ортақ қолтаңбаны табуға болады.

Қаламгер етістіктерді әдеттегі қимылмен ғана бермей, олардың эмоциональдық-эксперессивтік сипаттарына көп назар аудартады. Қимылдан гөрі етістіктер арқылы сезімге екпін түседі.

Есімшелердің қимылдық және заттық белгілері молынан ескерілген: сорғалаған тер, бұзылған баттасқан бас, бұрқыраған тер, түнерген, тұралаған ат, шаршаған тұлға, бұзылған ін т.б.

Сынысқан қалың егін, баттасқан бастағы өскелең шаш, тұралаған аттай аяңкестеніп, бақадай ашылған көн етік т.б.

Жазушының есімшелі тіркесті анықтауыштық қатынастары жеке тұрғанның өзінде де эмоциялы-эксперессивті рең береді. Екінші қатарда жазушының оған қосымша дара сын есімдерді, туынды, күрделі сын есімдерді тіркестіре қолданғанда эмоция күшейе түседі. Қаламгер шеберлігі тілдік тұлғаларды сөз ішінде, сөз маңында, сөз ортасында түрлендірумен ерекше.

1 Үсті-басы шаң, көшкен елдің жұртындағы күлге түнеп шыққан бұралқы ит сықылды.

2 Жағы қуарған, көзі суалған.

3 Бет-аузын ыстық түтетіп, шаң-топырақ басып, самайдан сорғалаған термен баттасып, жарық ерні кеберсіп кеткен.

4 Шаңмен баттасқан бастағы өскелең шаш қотыр ешкінің жүніндей үрпіп, бұрқыраған терден маңай сасиды.

5 Асудан тұралаған аттай аяңкестеніп тастак жолды баса алмайды.

Жазушы кейіпкер портретін ғана емес, сонымен бірге кимылдың қосымша үстеме категориялары оның сындық, бейнелік, сипаттық белгілерін бере отырып, ішкі жан сезіміне қарай шығады.

Қаламгер шығармашылығындағы стильдік өзгешеліктерді жасайтын тілдік сипаттардың қатарында есімшелі тіркестердің орны туралы ғалым Г. Мұратова «І. Жансүгіров шығармаларының тілдік ерекшелігі» мақаласында айтады.

Жеке қолданыстағы сөздерді анықтауда мағынаны ашуға фон болатын түрлі экстралингвистикалық құбылыстарды, сөз болып отырған мәселені толық түсінуге негіз болатын қоғамдық, әдеби факторларды білу сияқты шарттарды комплексті түрде пайдаланамыз. Сөздік ортадан, яғни өзі пайда болған оратдан мыс мағынасы көмескі немесе мүлде түсініксіз болып көрінетін және туынгерлік сөзіне талдау жасап көрелік:

«Ашынғанаға ашу боп, Асынғанға тосу боп, Жорыққа шапқалы жауыма, Салдырған күнім байбалам» (Ш. Жансүгіров «Жорық жырынанан») [3, 320].

Зертеуші контекстік қоршаудағы сөз деп берген есімшелі тіркестердің бұндай қолданысының тағы бір ерекшелігі – тілдегі бұрын бар фразаның өзгеріп қолданылуы, ал есімшеге айналу фразаның семантикасына мотивтік қызмет деп көрсетеді.

І. Жансүгіровтің өңгімелерінің тілінде лирикалық екпін, тасыған көңіл табиғат суреттерін бергенде қолданады.

«Жетісу суреттеріндегідей» дауылды жырдың екпіні сезіледі. «Әнші» жырлағандай күш-қуат лебі еседі.

«Жолаушы көзін алыстағы Алатаудан, еңістегі Іледен аударып, оң жағындағы қоңыр ала мықыр тауларға қарайды. Алыста «Ақ тышқан» асуы ағарып, «Қазан» жайлауы керіліп көрінеді. Оған жалғасып «Бура бұжыр», «Қарағайлы» жатыр. Онан төменірек тойған аюдай тырайып Аламан тауы сұлайды, Батыс жақта Матай тауы көккөке киіп, көзге сағымданады; оның Ілеге төгілген жағында Қалқап тауы қылтып қалыпты».

Алдыңғы суреттеу кейінгі сөздің мағынасын күшейте түседі. Мағыналық реңк өзгереді. Ғасырдың басында, дәлірек айтқанда, 20-шы жылдардың ішінде М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов сияқты ұлт тілінің бар сусынын қанып ішкен жазушылардың шығармашылығында табиғат пен адамның ішкі әлемін суреттеуде мағынаны түрлендіру, сөзді түрлендіру жолымен күшейту әдісін қолдану ұстанымдары әртүрлі сипатта көріне бастады. Сондай шеберліктің сан үлгілерін жазушы тілінен табамыз.

Қоғамдық-экономикалық формациялар бірін-бірі ауыстырып жатқан өтпелі кезеңдерде айырықша сипат алатын адам мен табиғат, қоғам мәселелерін тілде өз мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жасалады. Жазушы шығармаларының тілі туралы сөз қозғағанда шығармадағы сөздердің мағыналық сипаттарының бояулы, түрлі реңкті қолданыстары назарға алынады. Соның ішінде жазушы тіліндегі лексикалық қабаттардың сан қатпарлы анықталады.

1 Проза тіліндегі өлеңге тән белгілерді қолдана отырып, эмоциялы бояуды күшейту.

2 Сөз мағынасын сөйлем ішіндегі сөздерді қайталау арқылы күшейту.

3 Көркем баяндауда халықтық үлгілерді қолдану.

4 Сөздің ауыспалы мағынасын жасайтын әдіс-тәсілдерді ұлттық таным мен түсінік қалпында алу.

5 Градацияны сәтті қолдану.

6 Баяндау, суреттеудің өзінде этнографизмдерді шебер қолданады.

Осыған орай жазушы тілінде қолданылатын этнографизм сөздерді төмендегідей топтарға бөлуге тура келеді.

1 Ұлттың жер жағдайы мен географиялық сипаттарын ашатын этнографизм сөздер.

2 Тұрмыстық заттар мен шаруашылық атауларына қатысты этнографизмдер;

3 Таным мен түсінікті ашатын этнографизмдер;

4 Табиғат құбылыстарын суреттейтін сөздер;

5 Әдебиет тіліне тән ұлттық бейнелеуіштер;

6 Адам мінезіне қатысты этнолингвистикалық бірліктер деп бөлуге болады.

7 Қазақы тілдегі ойды берудің әдіс-тәсілдерін тілдік бірліктермен көрсетеді. Қазақ тілінде көркемдеудің тәсілдерінің бірі – ойдың алдыңғысынан кейінгісін, одан соң соңғысын күшейте түсу.

Градация – айшықтаудың бір түрі. Тілдегі көркемдеудің бір тәсілі. Алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу. Ақын өлеңдеріндегі градация қара сөздерінде екпінділігімен, тегеурінділігімен эмоцияны күшейтіп, оқиғаны қоюландыруға қызмет етеді. І. Жансүгіровтің прозалық шығармаларының лексикасы жазушының көркем де бояулы қазақ тілінің бай қазынасын еркін де шебер қолданғандығын дәлелдейді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі – Алматы : Ғылым, 1968. – 336 б.
- 2 Жансүгіров І. Шығармалар. 5-том. Алматы : ҚКӘБ, 1964. – 381 б.
- 3 Мұратова Г. «І.Жансүгіров шығармаларының тілдік ерекшелігі» //Кітапта: Даланың дархан дүлдiлi. – Астана, 2012. – 580 б.
- 4 Жансүгіров І. 3-том. – Алматы : Жазушы, 1987. – 416 б.

#### 1.1.4 Павлодар облысы белгілі тумаларының мәдени және рухани мұрасы

#### 1.1.4 Культурное и духовное наследие знаменательных выходцев Павлодарской области

### ЖИЗНЬ И ТВОРЧЕСТВО АЛЕКСАНДРА БИБИНА

ЕГИНБАЕВА У. Н.

специалист, Экскурсионно-массовый отдел, КГКП «Павлодарский областной художественный музей», г. Павлодар

Одним из новых направлений в живописи начала 20 века – это фантазмагорический реализм. Самым выдающимся его представителем в живописи по праву считается Александр Бибин. Это удивительный художник, который отличается особой оригинальностью, его авторский почерк легко узнаваем, в его творчестве очень сложно проследить влияние других художников. Живопись Александра Бибина знают не только в Павлодаре и в Казахстане, но и во многих странах мира. Поэт Евгений Евтушенко, побывав в нашем городе в 1997 году, был в восторге от работ Александра Бибина. Оценивая творчество художника, поэт восторженно написал: «...Во всем мире сейчас не более 10-15 крупных художников, которых узнаешь по почерку. И вдруг – о, чудо! – в Павлодаре состоялась мое открытие огромного художника Александра Бибина. Это художник мирового класса. Фантазмагорический реализм. Раблезианство XX века. Великая картина «Вязальщица» достойна висеть хоть в Лувре» [1, с. 6].

Бибин родился 25 апреля 1939 года в селе Береговое Железинского района. Родители Александра Бибина были репрессированы в Казахстан. Война коверкала судьбы и души людей. Они были вынуждены отдать маленького Александра в детский дом, где он находился с 1941-1946 года. В 1946-1952 году учится в школе,

одновременно занимается рисованием, живописью и теорией искусства под руководством художника – педагога И. П. Угрюмова, ученика профессора живописи А. М. Черкасского. В 1953-1960 годы работает художником художественных мастерских КАЗИЗО, т. к. на тот момент в Павлодаре не было художественных учебных заведений, А. И. Бибин уезжает в Алма-Ату для поступления в художественное училище им. Гоголя, одновременно посещает творческую мастерскую профессора живописи А. Черкасского, скульптора И. Иткинда, театрального художника С. Калмыкова [4, с. 3]. За успешную учебу в училище со второго курса был переведен на четвертый. Дипломная работа Бибина «Байга» была приобретена Дирекцией выставок Союза художников Казахстана. Художник часто говорил про учителей по алма-атинскому художественному училищу: «Это были образованнейшие люди. Профессор Черкасский учился в одном художественном классе с Серовым и Врубелем. Он был потрясающим рассказчиком, мы узнавали от него не только какие-то азы мастерства, но и живую историю живописи», – вспоминал Бибин.

С 1965 года, после окончания учебы в Алма-Атинском художественном училище им. Н. В. Гоголя на «отлично» сдает экзамены в Петербургскую Академию художеств, но учиться в академии не стал из-за тяжелого материального положения.

Имя Александра Ивановича Бибина впервые появились на художественных выставках, проходивших в Павлодаре в середине 60-х годов. И творчество его сразу привлекло внимание, получив острую неоднозначную оценку. Действительно, с одной стороны – высокий профессионально-ремесленный уровень, ясная точность руки, как бы освобождение автора от проблемы выбора средств выражения, с другой – яркая выраженность авторской позиции, пугающая откровенность мысли и чувства [2, с. 14].

Таким образом интеграция вовлекла в свою орбиту все развитые страны мира и большинство стран со средним уровнем развития. Интеграционные тенденции не обошли и сравнительно молодые, развивающиеся государства. К объединению их подталкивает необходимость защиты национальных интересов в основном на рынках сырья, продовольствия, энергетических ресурсов, рабочей силы и т. д. Примерами могут служить организации стран – экспортеров нефти (ОПЕК), железной руды (во главе с Индией), экспортеров меди (Заир, Замбия, Перу, Чили) и т.д.

#### *Интеграция в других регионах*

Возник ряд межгосударственных банков организаций взаимопомощи, различных экономических группировок стран Латинской Америки, Юго-Восточной Азии и Африки. Правда, в отличие от трех интеграционных гигантов данные объединения весьма непрочны и менее эффективны.

К сожалению, общемировой процесс интеграции слабо выражен среди стран, ранее входивших в СССР, которые за многолетнюю совместную историю, казалось бы, создали все условия для быстрой и главное плодотворной интеграции. Несмотря на, оформление экономического союза стран СНГ, реинтегральный процесс в настоящее время является скорее декларацией стран, подписавших Соглашение, находится на стадии подписанного протокола о намерениях, нежели обретает плоть. Однако это объясняется в большей мере внутри- и внешнеполитическими, идеологическими причинами, нежели экономическими соображениями. Именно это дает известный оптимизм в оценке перспектив евроазиатского интеграционного процесса, в котором Россия должна сыграть ведущую роль.

#### *Три мировых центра капитализма*

Интеграция как ведущая тенденция мирового развития сопровождается острой конкурентной борьбой между тремя

главными центрами мирового хозяйства (США, Западная Европа и Япония), которые оформились во второй половине XX века. В свою очередь, усиливающаяся конкуренция в известной мере стимулирует процесс интеграции внутри трех центров, постоянно подталкивая их к расширению орбиты своего действия.

#### *США*

В конкурентной борьбе за рынки и сферы влияния каждый из трех основных центров опирается на преимущества своего положения в масштабе мирового хозяйства. Так, США располагают мощнейшим производственным и научно-техническим потенциалом, емким внутренним рынком, многими природными ресурсами, занимают весьма удобное геополитическое пространство, имеют огромные зарубежные капиталовложения. Следует особо учесть мощь американских ТНК, на базе которых действует «вторая экономика» за пределами страны, а также их превосходство в военной области.

#### *Западная Европа*

Западноевропейский центр использует широко развитые внутри региональные связи, тесное переплетение взаимодополняющих структур, лидирующее положение в сфере интернационализации производства и капитала. Кроме того, страны Западной Европы интенсивно используют давние связи со своими бывшими колониями в Африке, Средиземноморье, Тихоокеанском и Карибском бассейнах.

#### *Япония*

Третий центр – Япония, не располагая многими факторами своих конкурентов, делает упор на эффективном применении передовой иностранной технологии, а в последнее время в большей степени отечественной технологии; на рациональном использовании импортируемых ресурсов. Особое внимание уделяется проблеме приспособляемости, адаптационное™ экономики страны к современным требованиям, ее мобильности; концентрации научно-технических сил в сфере наукоемких производств, росту производительности труда, снижению издержек, дизайну.

#### *Динамика соотношения трех мировых центров капитализма*

До конца 60-х годов США обеспечивали себе экономическое, финансовое и технологическое превосходство над остальными двумя центрами. Однако в течение 60-80-х годов их монопольное положение по многим позициям было утрачено или поколеблено. Например, в настоящее время Япония вышла на второе место в мире по общему объему производства, сравнявшись с США по размерам экспорта; по душевому производству Япония в 1988 г. обогнала США. За двадцать

пять лет доля США в совокупном валовом продукте развитых стран сократилась с 53 % (в 1960 г.) до 41 % (в середине 80-х гг.), в то время как доля Западной Европы выросла соответственно с 35 % до 36 %, а Японии – с 5 до 15 % и т.д. Более медленно по сравнению с Японией и Европой в США происходит рост производительности труда, они уступают былые высоты в области фундаментальных исследований НИОКР. Усиливается давление на США и в области экспорта капиталов, особенно со стороны Японии.

Известное перераспределение позиций между тремя мировыми центрами является отражением важной особенности современного экономического развития, конкурентной борьбы на мировом рынке. Ни одна страна сегодня не в состоянии обеспечить свое полное превосходство практически по всем позициям, как это было, скажем, в XVIII, XIX вв. на примере Англии. Занять лидирующие позиции в условиях неизмеримо углубившегося процесса международного разделения труда можно лишь в некоторых сферах мировой экономики, что и подтверждают результаты соперничества США, Западной Европы и Японии.

#### *Глобальные проблемы современности*

Во второй половине XX столетия современная цивилизация, достигнув немалых высот в различных сферах общественной жизни – науке, технике, культуре – столкнулась лицом к лицу, казалось бы, неразрешимыми глобальными проблемами. Их круг достаточно хорошо известен сегодня. Это военно-политические, ресурсно-экономические, демографические, мирохозяйственные проблемы, которые проявляются, в частности, через кризисы в области здравоохранения, образования, культуры, растущую преступность.

Ученые-футурологи не едины во взгляде на перспективу современной цивилизации, на ее способность решить угрожающие ей противоречия. Опираясь на исторический опыт, часть из них справедливо полагает, что возможен вариант гибели современной цивилизации. В качестве основы для столь пессимистического прогноза приводятся многочисленные примеры бесследно исчезнувших цивилизаций прошлого.

Однако есть и несколько иная точка зрения на природу современного кризиса цивилизации. По мнению ее сторонников, глобальный кризис современной цивилизации носит планетарный, а не локальный характер, как это было в прошлом. Следовательно, гибель угрожает не какой-то части современной культуры, а человечеству в целом; не той или иной форме социальной организации (капитализму, социализму и т.п.),

а всеобщим условиям родового существования человека. Поэтому проблема, стоящая перед человечеством, заключается в возможности изменения им своей социально-культурной формы, находящейся в явно кризисном состоянии, при сохранении всеобщих условий бытия. В силу этого неизбежно противостояние всего человечества глобальной катастрофе, ибо всеобщая опасность роднит, объединяет всех, что вселяет известный оптимизм. Однако для этого необходимо уяснить всем, что глобальные проблемы, во-первых, не могут быть разрешены для какой-либо отдельной страны или части стран (например, проблема обеспечения ресурсами), ибо все глобальные проблемы тесно связаны друг с другом. Так, скажем, превращение развивающихся стран в источник сырья для развитых государств обрекает население первых на нищенское, полуголодное существование, что ведет к нестабильности, усилению военной конфронтации и в результате – росту угрозы войны и даже возможного применения средств массового уничтожения людей.

#### *Угроза термоядерной войны*

Среди глобальных проблем наиболее важной остается задача предотвращения мировой термоядерной войны. Несмотря на серьезные достижения последних двух десятилетий в области ослабления блокового, военно-политического противостояния в мире, военно-политическая конфронтация остается серьезнейшим фактором, влияющим на развитие глобального кризиса. Сама по себе конфронтация существенно сдерживает интеграционные тенденции, мешает осознанию глобальности кризисных явлений. Не говоря уж о том, что в результате ее отвлекаются колоссальные ресурсы, которые могли бы быть направлены на устранение голода и недоедания, на экологические программы и т.д. Кроме того, накопленные арсеналы вооружений способны по-своему (например, в результате какого-либо природного катаклизма и т.п.) окончательно решить проблему существования человечества в целом. Осознание опасности и бесперспективности дальнейшего военно-политического противостояния распространяется в мире, хотя скорость этого движения вызывает обоснованные опасения.

#### *Ресурсное истощение планеты и экология*

Не менее важным фактором глобального кризиса является процесс ресурсного истощения планеты. К концу XX столетия человечество столкнулось с энергетическим, продовольственным кризисом, тенденцией резкого сокращения запасов, не возобновляемых и нарастающей непригодностью и даже опасностью для жизни возобновляемых ресурсов. Безусловно, ресурсный кризис нельзя рассматривать вне связи с проблемами экологии и демографии. Было

бы неверно утверждать, что в мире нет осознания угрозы ресурсной и экономической катастроф. Научные круги, общественность способствует принятию различных нормативных актов, достаточно широких национальных и межнациональных программ в области защиты окружающей среды и рационального использования природных ресурсов. Однако в целом проблема едва ли разрешима с помощью этих мероприятий. Ее кардинальное решение не может состояться в рамках индустриальной цивилизации, человечеству необходим переход к новым нормам поведения, ценностным ориентирам в рамках нового постиндустриального общества.

#### *Демографический фактор*

Демографический фактор глобального кризиса наиболее ярко проявляется в странах Третьего мира. Освободившись от колониальной зависимости, через три-четыре десятилетия свободного развития население большинства этих стран оказалось перед лицом нищеты, голода и эпидемий. Наиболее рельефно страдания огромной части человечества выглядят на фоне успехов НТР в передовых странах. Плачевное состояние стран Третьего мира обусловлено не только историческими особенностями их развития, но и исключительно высокими темпами роста населения. Так, за последние 30 лет численность населения экономически развитых 39 стран увеличилась всего на 43 %, в то время как население развивающихся 170 государств – в 2,2 раза. Демографы прогнозируют в недалеком будущем демографическую стабилизацию и даже депопуляцию в развитых странах, темпы роста населения в странах Третьего мира будут чрезвычайно высокими, а, следовательно, будут усугубляться проблемы занятости, бедности, нищеты, голода и т.п.

Чрезвычайно опасным является то, что страны Третьего мира становятся очагом нестабильности для всего мира. Не решив их проблемы, невозможно успешно решать и остальные глобальные противоречия.

Для решения проблем стран Третьего мира зачастую предлагается западный рецепт. Одним из аргументов является пример немногочисленных преуспевающих бывших колониальных стран, идущих по пути развития рыночных отношений, демократических форм общественного устройства и т.п. Однако нельзя забывать, что глобальные проблемы, с которыми столкнулось человечество в XX в., порождены техногенной западной цивилизацией, западными ориентирами деятельности и представлениями о ценностях бытия. Это формулирует еще одну немаловажную глобальную проблему

– своевременного предвидения и предотвращения отрицательных последствий самой научно-технической революции.

Ведущей тенденцией мирового экономического развития в период после Второй мировой войны стала интернационализация производства, которая осуществляется как на частно хозяйственном (международные монополии), так и на межгосударственном уровне (интеграционные процессы).

Процессы интеграции раньше всего возникли в Западной Европе, где достигли наиболее развитой формы. В настоящее время они отчетливо наметились в других регионах и на континентах Планеты.

В конце XX в. ведущую роль в мировом хозяйстве играют три главных центра – США, Западная Европа, Япония, где по темпам развития США несколько отстают, что вызывает острую конкуренцию этих лидеров.

Завершая XX столетие, современная цивилизация, достигнувшая высот в различных сферах общественной жизни, науке, технике, культуре, оказалась перед лицом глобальных проблем, для решения которых необходим переход к новым формам социальной жизни и формированию общечеловеческой цивилизации.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Кучкина В. А. Курс отечественной истории IX-XX веков. Основные этапы и особенности развития российского общества в мировом историческом процессе, учеб. пособие для студ. вузов, под ред. Олыштынского Л.И. – М.: 2002. – 544 с.

2 Кучкина В. А. Л.И. Курс отечественной истории IX-XX веков. Основные этапы и особенности развития российского общества в мировом историческом процессе, учеб. пособие для студ. вузов – 2 изд., под ред. Олыштынского – М.: 2004. – 250 с.

3 Владислав Сироткин. Современные тенденции и проблемы экономического развития. учеб. пособие для студ. вузов – 2 изд., М.: 2009 – 384 с.



## ЕУРАЗИЯЛЫҚ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

ГАБДУЛИНА Г. Д.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

МАМЫТОВА С. Н.

т.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Президент Н. Назарбаевтың еуразиялық идеясы және оның дамуы 1 Еуразиялық идеяның шығуы кезеңдері: классикалық еуразияшылдық, қазақстандық еуразияшылдық; 2 Еуразиялық идеядан Еуразиялық Одаққа: еуразияшылдық, даму кадамдары; 3 Ұлт Лидері Н.Ә.Назарбаевтың Еуразиялық интеграциядағы рөлі; 4 Еуразиялық Одақтың жаһандану әлемінде алатын стратегиялық орны Әлемнің жаһандану үдерісінде Еуразиялық тұтастықтың қажеттігі, осы кеңістікте интеграциялық үрдістердің өмірлік маңыздылығы, ортақ бірлестіктің қағидаттары мен бағдарламасы туралы идеяны мемлекет президенті Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде мәлімдеген еді. Сол сәттен бері, өз дамуын алған бұл еуразияшылдық идея түрлі идеологтар, саясаткерлер, сарапшылар тарапынан қолдау тауып, қазір өмірге белсене еніп келеді. Әрине, мұндай озық идея «қайдан пайда болды, «еуразияшылдық ағымның» шығуы, даму тарихы қайда жатыр?», осы мәселеге алдымен, тоқталған жөн. Жалпы, кез келген серпінді идеяның шығу тегін тарихи тұрғыдан қарастырсақ, өзінің даму кезеңдерін қамтиды. Еуразияшылдық идея алғаш рет XX ғасырдың бірінші жартысында Еуропада қуғында жүрген орыс эмигранттарының арасында туған екен. Бұл дегеніміз, бұрынғы ақыл-ойдағы идеологиялық құндылықтардың өзгеріп, жаңа көзқарастың пайда болуымен байланысты туған ерекше идеялардың бірі болды деген сөз. 1921 жылы Еуропада жарық көрген орыстың еуразияшыл философтарының осы бағыттағы пікірлерін жинақтаған «Шығысқа шығу» атты еңбектің алғы сөзінде «Бұл мақалалар дүниетанудың апатты өзгерісі кезеңінде туған дүниелер. Болған және алдағы уақытта болатын өзгерістерден біз саяси, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарды ғана емес, дүниетану көзқарасында да терең өзгерістер болатынын болжап отырмыз», делінген [1, 238 б.].

Демек, мұнда еуразияшылдық идеясының екі кезеңі бар. Біріншісі, 1920-жылдары Н. С. Трубецкой, П. Н. Савицкий, Г. В. Вернадский дамытқан философиялық ой-пікірлер жүйесі болса, екінші кезеңін – 1990 жылдары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еуразияшылдық доктринасын теориядан шынайы болмысқа ұластыруға талпынған ерік-жігерімен байланыстыруға болады. Олай

болса, ресейлік «ескі еуразияшылдық» пен қазақстандық «жаңа еуразияшылдықтың» айырмашылығын ажыратып алайық. Біріншіден, еуразияшылдық Ресей үшін тарихи тұжырымдама болып қалды. Ал Қазақстан үшін өмірлік қажеттілік. Екіншіден, ресейлік еуразияшылдық Батысқа қарсы тұрушылықпен ерекшеленді. Ал қазақстандық еуразияшылдық Батыстан алыстауға емес, керісінше, мемлекетаралық деңгейде неғұрлым терең қарым-қатынас орнатуға зор мән беріледі. Қазақстанның 2008 жылы қабылдаған «Еуропаға жол» бағдарламасы осының айғағы болып табылады. Үшіншіден, Н. Ә. Назарбаевтың еуразиялық доктринасы кең ауқымдағы халықаралық және өркениетаралық байланыстар әдісі, ашық түрдегі өркениеттік карта болып табылады. Ендеше, Көшбасшымыздың Еуразиялық идеясын неоеуразияшылдық емес, жаңа қазақстандық еуразияшылдық деп атауымызға әбден негіз бар. Еуразиялық одақ идеясының тарихи, этно-мәдени және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары бар. Белгілі тарихшы Лев Гумилев атап өткендей: «ішкі Еуразия халқы славян-тұрандық қауымдастығымен көзге түседі, яғни қауымдастық жай этникалық қана емес, суперэтностық мәнге ие» орасан зор кеңістік болып табылады. Онда батыс еуропалық, славяндық, түркілік этномәдени құндылықтарды топтастырған әр алуандылық байқалады.

Нұрсұлтан Әбішұлы философ болмаса да, өзінің сезімтал қасиетімен осы идеяның өміршендігіне көзі жеткендігін көрсетеді. Сондықтан да ол осы идеяны іске асырудың артықшылығын көре білді және ол ақыл-ой жүйесінде ғана емес, нақты өмірде экономикалық интеграция түрінде қажеттілігін дәлелдеді. Сөйтіп, озық идеяны өмірде іске асыру бағытындағы жаңа көзқарастармен байытты. Біртұтас экономикалық шынжыр түрінде қалыптасқан кеңестік экономиканың қалпына келіп, қайта жұмыс істеуі мүмкін болмаған жағдайда жаңа интеграциялық құрылым қажеттілігі ауадай қажет еді. Осы құрылымды Президент еуразиялық қауымдастық болуы керек деп үлкен көрегендікпен атаған. Бірақ тәуелсіз ел атанған көптеген ТМД елдері лидерлерінің бұл идеяны қабылдауға саяси қарымы мен ерік-жігері жетпеді. Ал өзінің көрегенділігін танытқан Нұрсұлтан Назарбаев идеяның өміршендігін байқатты. Нұрсұлтан Әбішұлы философияда «еуразияшылдық ағым» деп аталған осы идеяны жақтаушылардың еңбегімен де жақсы таныс болса керек. Себебі, Ресей қол астындағы халықтардың тарихын орыс тарихының тар шенберінде ғана емес, жалпы еуразиялық өркениет ауқымында қарастыру қажеттігін ұсынған П. Савицкий, Г. Флоровский, Н. Трубецкой, Г. Вернадский және

басқалардың еңбегін жалғастырушы, «сонғы еуразияшыл» атанған Л. Н. Гумилевті ол жоғары бағалайтынын көруге болады. 30-шы жылдардың ортасында КСРО-да бұл ағым ғылыми айналыстан күшпен шығарылып, оны жақтаушылар айыпталғаны белгілі. Оларды ардақтау тұңғыш рет Қазақстанда ғана қолға алынды. Астанадағы Еуразия университетіне Л. Н. Гумилевтің есімінің берілуі де соның көрінісі деп білеміз. 2006 жылдың 26 мамырында Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де «Экономика біліміне инновация және ғылым арқылы» атты өзінің дәрісінде Елбасы Н. Ә. Назарбаев былай деді: «Еуразиялық идея теория секілді өткен ғасырда туды. Бірақ, еуразиялық идея тәжірибе жүзінде осы ғасырда жүзеге асады. Еуразияшылдық – XX ғасырдың басты идеялардың бірі. Мұны өздеріңіз түсініп, көретін боласыздар. Еуразиялық идеяның Қазақстан инициативасы негізінде орындалған үш басты көрінісі – ЕурАзЭК, АӨСПК және ШЫҰ. және бұл үш ұйым мызғымас Орталық, Біріккен Еуразиялық Идеяның тәжірибелік келбеті» [2, 238-239 б.]. Еуразияның төрінде орналасқан Қазақстан қауіпсіздік және жоғарғы дәрежеде интеграция мақсатында жаңа көпполярлы әлемдік саяси жүйені құруда үлкен рөл атқарып келеді. Бұл жөнінде Елбасымыз былай дейді: «Қазақстан – орталық Азияда еуропалық және азиялық халықтардың тамыры ұштасатын айрықша мемлекет. Әр түрлі мәдениет пен дәстүр бізге Батыс пен Шығыстың үлкен жетістіктерін бойымызға сіңіруге мүмкіндік береді... біз, Қазақстан, еуропалық және азиялық аймақтық халықаралық ұйымдардың мүшесі бола отырып, өзіміздің геосаяси жағдайымызды ескеріп, қауіпсіздікті нығайту орталығы болуға дайынбыз» [3, 139 б.]. Батыс пен Шығысты жалғайтын көпір болатын Қазақстан Президенті 2008 жылы 17-ші ЕЫҚҰ Парламенттік ассамблеяның жылдық сессиясында мынадай көзқарас танытқан болатын: «Еуропа және Азия – шырмалаң көптеген тарихи, экономикалық байланысы бар біріккен субконтинент. Бар күш-жігерімізді үлестірмей, қазіргі жаһандық мәселелерге, қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмаймыз» [4, 100 б.]. Сондай-ақ, Елбасымыз алға тартқан идеяны бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып қолдауымыз керек. Идея жоғары деңгейде ғана болмай, халықтың қайнаған ортасын баурағанда ғана өміршең болады. Сол себепті, алдымен біз бұл идеяның өміршеңдігіне көз жеткізіп, идеяны іске асырып, дамытуда әрбір қазақстандық үлес қосуы тиіс. Еуразиялық одақты бұрынғы КСРО-ға қайта оралу емес, интеграциялық қайта жаңғыру деп түсінген жөн. Өйткені, Еуразиялық одаққа бастар жол – Кеден одағын қарастырсақ, қазіргі еларалық достық тікелей ақшаға байланысты. Бұл жерде қаржы белгілі бір саяси шешімге қатысты бөлінейін деп жатқан жоқ. Мұнда

тараптар келісімді түрде қаржы бөліп, дивидендтерін алып отырады. Қазақстан, Ресей, Беларусь – бәрі тең, дербес мемлекет болғандықтан, әр мемлекет өз мүддесіне қарай шешім қабылдайды. Бұл бір ғана елдің саяси идеясы емес. Мұндағы салық заңдары, кеден заңдары арқылы кәсіпкерлердің өздерін өте жайлы сезінуіне, өндірісін дамытуына, салығын лайықты түрде төлеуіне жағдай жасалады. Қазір осы қағида жүзеге асырылып жатыр. Бірақ, бұл Кеден одақта үлкен мәселе туғызатын Кеден кодексын айтуға болады. Сондықтан, кодексті қайта қарау керек секілді. Әзірге Кеден одағындағы іс-әрекеттер кеден саласындағы процедураларды жеңілдетуге бағытталмаған. Ендігі жерде сол түрлі заңдарды реформалау қажеттігі туындап отыр. Мәселен, еңбек құқығын жақындастыру керек. Бұл ретте айтарлықтай айырмашылықтарымыз бар. Салық жүйесінде де біркелкілік болғаны жөн. Әрине, қазір саяси еркіндік бар. Әр ел өз көзқарасын білдіру керек, білдіріп те жатыр. Сол себепті, осы мәселені терең ойланып, экономикалық тұрғыдан толық талдап, жасау қажет. Жалпы, жана Кедендік Одақ құрылғаннан бері, макроэкономикалық тиімділігін байқауға болады. Кедендік Одақ қатысушы-мемлекеттер үшін айтарлықтай, оң пайдасын беруде. Шетел инвестицияларын тарту, ұлттық ЖІӨ өсуі, өнімнің өзіндік құнын төмендету және басқа да көптеген шешуші көрсеткіштер бойынша оң динамиканың неғұрлым нақты цифрларын беріп жатыр. Үш мемлекеттің экономикалық субъектілерінің бірегейлендірілген кедендік тарифтер мен импорттық баж салықтарына бейімделу кезеңіне байланысты белгілі бір қиындықтар туындады. Ұлттық кедендік әкімшіліктер арасында жекелеген сәйкессіздіктер бар, олар Кеден одағы комиссиясының тәсілді жұмыстары арқылы жойылып келеді. Кеден одағы қазақстандық өндірісшілер үшін өткізу нарығының шекарасын Бресттен Владивостокқа дейін кеңейтті. 2011 жылы біздің экспорт Ресейге 60 пайызға, ал Беларусь мемлекетіне 2,3 еседен астамға өсті. Біртұтас кеден аумағы ішінде шетел валютасын алып жүруге қойылған шектеулер алынып тасталды. Бұл Ресей мен Беларусь мемлекетінің тауар өндірушілері үшін жасалды. Осылардың бәрі, байқағанымыздай, барлық қазақстандықтар, ресейліктер және беларусьтер үшін нақты тиімділіктер. Біздің елдеріміздің азаматтарының кедергісіз өтуі үшін бірлескен шекараларымыз мөлдір болып келеді. Қазақстанның, Ресейдің және Беларусьтің Кеден одағы – бүкіл ТМД кеңістігіндегі шынымен де ерікті және тең құқықты интеграцияның бірінші формасы. Бұл тарихта алғаш рет біздің елдеріміздің халықтарын өзара сыйластық, ұлттық болмысты сақтау және ортақ болашақтың бөлінбестігін түйсіну

негізінде жақындастырады. Кеден одағының біртіндеп Біртұтас экономикалық кеңістікке, ал уақыт өте келе, Еуразиялық экономикалық одаққа ауысуы біздің халықтарымыздың өркендеуі үшін қуатты ынталандырушы күшке айналып, біздің елдерімізді кең ауқымды әлемдегі жетекші позицияларға алып шығады. Еуразиялық идея теориядан шынайы практикалық кезеңге өту үдерісінде. Негізі, идея ұсынғаннан бері, Президенттің белсенді қатысуымен болған идеяның жүзеге аса бастауында бес қадамды ерекшелеуге болады: Бірінші қадам, 1994 жылы Мәскеуде ТМД қатысушыларына Еуразиялық одақ құру туралы бастама көтеруі; екінші қадам, 1995 жылы Қазақстан, Ресей, Беларусь президенттері Кедендік одақ құру туралы келісімге қол қоюы, кейінірек Қырғызстан мен Тәжікстанның қосылуы; үшінші қадам, 2000 жылы Бішкекте Кедендік одаққа кіретін Қазақстан, Ресей, Белоруссия, Қырғызстан, Тәжікстанның мемлекетаралық кеңесінде жаңа халықаралық ұйым – Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың құрылуы; төртінші қадам, 2002 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері Орталық азиялық ынтымақтастық ұйымын құру туралы келісімге қол қоюы; бесінші қадам, 2003 жылы Мәскеуде Қазақстан, Беларусь, Ресей, Украина президенттері бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қол қоюы. Қазақстанның, Беларусьтің және Ресейдің Кеден одағы Еуразиялық экономикалық қауымдастықтан қисынды түрде өсіп шықты. Оның 2000 жылы бес ел – Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан пішінінде құрылуы еуразиялық интеграция тәжірибесіндегі бетбұрысты сәт болды. ЕурАзЭҚ шеңберінде интеграциялық үдерістің түрлі өлшемдері бойынша тетіктердің тармақталған құрылымы қалыптасты. Оның үстіне олар тек мемлекетаралық деңгейде ғана емес, сонымен бірге төменнен кәсіпкерлердің, ғылым, білім беру және мәдениет қайраткерлерінің, ҮЕҰ, жастардың бастамасы бойынша тағайындалады. Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарысты ескергенде Еуразиялық даму банкі мен Дағдарысқа қарсы қор құру уақытылы атқарылған іс болды. Бүгінде ол ЕурАзЭҚ-тың бірқатар елдеріндегі нақты экономикалық жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге жедел көмек, мысалы, әлемдік дағдарыс зардаптарын бастан өткерген Беларусь экономикасына, көмек беруге де жағдай жасады. Дегенмен, жоғарыдағы бес ірі құбылыстан бөлек, қазіргі таңда әртүрлі деңгейде, әскери жағынан ҰҚШҰ-ға, экономикалық тұрғыдан Кедендік Одақ (Қазақстан, Ресей, Беларусь), саяси мүдде жағынан ШЫҰ-ға, АӨСШК-ке интеграциялану үрдісі жүзеге асты.

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің халық алдында сөйлеген сөздерінде, баспасөзде, жарияланған еңбектерінде осы мәселелерге айрықша тоқталып, алдымызда «Жас егеменді мемлекет», күшті президенттік республика нарықтық жаңа қатынастарды қалыптастыру, демократиялық құқықтық мемлекет құру мақсаты тұрғандығын, осының жолында қандай әрекеттерде жүзеге асыруымыз керектігін үнемі айшықтап айтып, түсіндіруде. Егер біздің дүниежүзілік қауымдастыққа бет бұрғанымыз, бел буып, сенімділікпен ұмтылғанымыз рас болса, экономикалық интеграцияға ұштаспай ешқандай да өркениетті мемлекет бола алмайтынымыз белгілі. Бұл жолмен дүние жүзінің жүздеген елдері өткен. Ал оның бергі жағында біздің ішкі ерекшеліктеріміз өзінше, әрі олар аз емес. Топтап жіктеп алғанның өзінде мемлекеттік меншіктілік монополиясынан құтылу, жекешелендіру саясатын ұлттың пайдасына жүргізу, ұлтаралық қатынастардың өзара келісім, түсіністік пен достық ниет дәрежесін сақтау тарихи ұлттық тіл, дәстүр, мәдениет жалпы рухани дамуға байланысты құқын қалпына келтіру, басқа ұлттардың тең құқықтығын сақтау сияқты кезек күттірмес міндеттер, өз мәселесімен алға шыға береді. Осының бәрін мұндай ұтымды жолмен шешу керек? Қандай саяси тиімді, әрі оны халық қалай түсініп, қалай қабылдайды? Аталмыш бағыттар өтпелі кезеңнің қилы-қилы ауыртпалықтарынан аман өте ме? деген мәселелер толғандырады. Аталмыш мәселелерді шешуде Елбасымыз Н. Назарбаевтың Еуразиялық Одақ құру идеясы өз көмегін тигізе алады деп айта аламыз. «Еуразиялық Одақ құру жөніндегі менің ұсыныс, пікірлерім ежелден қанаттас жатқан халықтардың береке бірлігін алда да сақтау мақсатынан туындаған еді» – дейді Елбасымыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ольга Видова. Н. Назарбаев портрет человека и политика. – Алматы. «Білім», 1998. – 238 б.
- 2 Геннадий Толмачев. Елбасы. – Алматы, 2000. – 238-239 б.
- 3 Назарбаев Н. А. Евразийский. Союз: идея, практика, перспективы. – Москва, 1994. – 139 б.
- 4 Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы : «Атамұра» 1996. – 100 б.
- 5 Геннадий Толмачев. Елбасы. – Алматы, 2000. – 234 б.

## ҰЛТ КӨСЕМІ – ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

ДЖАМАЛБАЕВА Қ. С.  
тарих пәнінің мұғалімі, № 2 ЖОББМ, Ақсу қ.

Әлихан Нұрмұхамедұлы (05.03.1866/1870) жылы бұрынғы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысында (қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында) дүниеге келген. Ұлт көсемі шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымынан. Әкесі Әлиханды тоғыз жасында молдаға оқуға бергенімен, зерделі бала молдадан гөрі мектепте білім алуды жөн көріп, үш кластық мектепке өз еркімен ауысып алады. Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, оны үздік бітіріп шығады. Оны да жақсы бітіріп, жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, Ресейдің астанасы Санкт Петербургке барып, Орман шаруашылығы институтына түседі. Сабағымен қатар, саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына араласып, студенттік толқуларға қатысады. Қараңғылықтан көзі ашылмаған халқына білім мен мәдениеттің қажеттілігін елі мен жері үшін қабырғасы қайысқан, кеудесінде сәулесі бар азамат жастайынан ұққан [1, 18 б.].

Екі қолын бос қоймай, оқуды бітіре салысымен Омбыға келіп, қаланың саяси-әлеуметтік, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласады. «Народная свобода» партиясының қатарына өтіп, қазақ зиялылары арасында партияның шағын тобын құрады. Ол өзін осы шақтан бастап саяси тұлға ретінде қалыптастырады. Ұлт көсемінің алғашқы баспалдағы осылай басталады.

Жалпы, Әлихан Нұрмұхамедұлының негізгі бес ұстанымы болған. Оның өзі жеке басына қатысты емес, ел мен жерге қатысты ұстаным еді. Оны жазушы, тарихшы Тұрсын Жұртбай былай деп баяндайды:

1-ұстаным. Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен «жер, жер және жер» болуы керек. Жерсіз Отан жоқ. Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша, қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше, жер жекеменшікке, қоныс аударушыларға берілмеуі керек.

2-ұстанымы. Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. «Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, «қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс».

3-ұстанымы. Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне

тоқыма болып киілуі керек. Яғни, мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс болған.

4-ұстанымы. Қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек. Бұл идеологиялық ұстаным болатын.

5-ұстанымы. Ғылымға, соның ішінде тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген, заңға сүйене отырып, Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құрылуы керек еді. Алаш қайраткерлерінің бұл ұстанымының дұрыстығына самурайлық дәстүрге негізделген жапон ұлтының бар-жоғы 20 жылдың ішінде біртұтас империяға айналып шыға келуі дәлел болса керек. Осы ұстанымы негізінде дербес мемлекет құруды көздеген Әлихан Бөкейханов қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастырады [2, 6 б.].

Артынша, 1917 жылы желтоқсан айында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясын жарияланып, Әлихан Бөкейханов сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (президенті) болып сайланады. Бірақ 1 сәуір 1918 жылы Орталық Кеңес үкіметі бұл хабармен құлақтандырылса да, Алашорда мемлекетінің қойған талап-тілектерін толықтай мойындамайды. Дегенмен де РКФСР-дің ұлт істері жөніндегі комиссариатының құрамында қазақ бөлімі құрылады [3, 4 б.].

Осындағы жарияланған «Алаш» деген сөздің мағынасын «Түрік баласы» (лақап ат) 1913 жылы «Қазақ» газетінде: «Жошы ханды халық «Алаш» деп атап кетті. Бұл «Алаштың – алаш жұртының басшысы» екенін білдіреді» делінген [4, 115 б.].

Әлихан Бөкейханов руға, жүзге бөлінуге жаны қас. Адамның әлеуметтік жағдайына немесе біліміне қарай қарым-қатынас жасамаған. Халықты біртұтастай көруге тырысқан. Ол Қазақстанда демократиялық сайлау дәстүрінің негізін қалаған тұлға десек артық болмас. Алашорда әскері Қазақтың соңғы ханы Кенесары хан бұл дүниеден қайтқаннан кейін, қазақ әскері бытырап, жасақ болудан қалған еді. Тек әр жерде Ресей билігіне қарсы шыққан кішігірім күш болмаса, әскери құрып, қару ұстауға қақы жоқ болатын. Осындай алмағайып заманда ұлттың қорғаушысы қара күш емес, оқыған, білімді азаматтар еді. Әлихан Бөкейхан бастаған бір топ зиялылар қазақ балаларының әскер қатарына алдырудың түрлі амал-шарғыларын қарастырған.

Аумалы-төкпелі заманда дүниеге келген Алашорда үкіметінің бір тірегі әскери күші болатын. 1917 жылы 5-13 желтоқсанда ІІ жалпықазақ құрылтайы өтетіндігін жарты айдан астам уақыт бұрын «Қазақ» газеті арқылы қазақтың игі жақсыларына хабарландыру айтылған. Жеделхат түрінде берілген үндеуде Ресейдің саяси тұрақсыздық жағдайында



қазақтың елдігі мен жерін қорғау үшін «қазақ милициясын құру» (әскерін) және тағы басқа өзекті мәселелер қаралатыны айтылды. Дәл осы жиында Алаш автономиясы және Алашорда ұлт кеңесі құрылды. Бірақ, ұлт зиялылар Ресейдегі саяси ахуалға байланысты автономияны ресми түрде бір айдан соң жариялаған жөн деп шешті. Ондағы тағы бір мақсат Түркістан губернияларындағы қазақтардың қосылуын күту. Әрі Алашорданың ұлт кеңесін үкімет ретінде Ресейдің жалпы құрылтайында ресми түрде таныту еді.

Алайда, алаш зиялылары үлкен үміт еткен Петербордағы Бүкілресейлік құрылтайды Ленин бастаған большевиктер күшпен таратып жібереді. Автономия жарияланбай қалады. 18 қаңтарда Орынборды большевиктер басып алады. Алаш зиялылары Семей қаласына қарай ойысады. II жалпы қырғыз-қазақ съезінің қаулысымен Семей Алаштың уақытша тұратын орны болып белгіленеді. 1918 жылы 8 қыркүйекте көптен күткен сәт келіп жетеді. Уфада ашылған Ресейдің мемлекеттік құрылтайы Алаш автономиясын ұлттық республика ретінде таныды.

Сол жиында: «Құрылтай уәкілінің комитеті Алашты автономиялы жұрт деп таныды. Бар күшті ұлт әскерін жасауға салындар. Алаш – Россиядағы одақтас мемлекеттердің бірі. Сондықтан тіреудің бір ұшы – Алаш әскері. Алаш полкіне не керегін тауып беріп, таратпандар. Керек нәрсені, қаншама болсын, қарыздануға қорғанбаңдар. Жетік, білікті қару алың. Алаш отрядының Орал, Торғай бөлімдерінде әскери жасау жұмысы жалғасын. Оралда қазақ офицерлерін шығармаңыз», – деп Әлихан Бөкейханов сүйінші сұрап, жеделхат жолдайды. Бұған дейін де Семейде 1918 жылдың қаңтар айынан бастап әскер құру жұмыстары тыңғылықты жүргізіліп жатты.

Семей жұртшылығы арасында Алаш атауымен белгілі бола бастаған қала маңындағы қырда Алаш атты әскер полкі жасақталып, жаттыға бастады. Алаш жасағының алғашқы құрамына қаланың студенттері мен жастары (М. Әуезов, Ж. Аймауытов т.б.) өз еріктерімен кірген. Семейдегі атты әскердің жаттығу жұмыстары өзге саяси-әскери күштерге Алаштың кәсіби әскерінің құрылғанын көрсетті. Семейде 1918 жылдың қаңтар және мамыр айларында бірінші Алаш атты әскер полкі жасақталады.

Алашорда қайраткерлерінің ұлы күресте жеңіліс табуына қазақтан шыққан большевиктердің үлкен әсері болған екен. Қазақтың бөлінбей бір болуына нұқсан келтірген де сол большевизм идеясы еді. Алайда, бұл жеңіліс алашты жасытпады. Керісінше жігерлендірді. Бұл

тәуелсіздік жолындағы күрестердің бірегейі болатын. Алашорда әскері ұлтымыздың нағыз ерлері деуге лайық.

Жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай Әлихан Бөкейхановтың үш түрлі мінезін ерекше атап өтуге болады дейді.

Біріншісі, оның турашылдығы.

Екіншісі, болмысынан алдына келген жанның мысын басатын өзгеше жаратылыс иесі екендігі.

Үшіншісі, сондай ұлы тұлға нәзік жанды, адамдарға бауырмал, жаны ашығыш, сезімтал болған. Осы үш мінез Әлихан Бөкейхановтың күрескерлік тұлғасынан бөлек, адами болмысын тереңірек танытады. «Әлекеңнің мінезі, – деп жазды туған інісі Смахан төре 18 қойын дәптерден тұратын естеліктерінде, – еш қазақпен аразбын демейтін, қастық қылмайтын, жек көретін адамымен амандаспайтын, сөйлеспейтін. Қазақтың еш нәрсесін алмайтын. Өлгенде 2,5 кез жер керек дейтін» [2, 7 б.].

Соңғы сапары 1920 жылы Алаш автономиясы тарих сахнасынан біржолата жоғалып, оның мүшелері қудаланады. 1922 жылы Әлихан Бөкейханов Семейде ұсталып, Мәскеуге жер аударылып, сонда 10 жыл бойы үй қамақта отырады. Үйқамаққа алынғанымен Әлихан Нұрмұхамедұлы ұлттық идеядан айныған емес.

Әлихан Бөкейхановтың XX ғасыр басындағы ғылыми-публицистикалық шығармашылығы, ағартушылық, қоғамдық-саяси қызметі іс жүзінде қазақ халқының ұлттық-сана сезімінің оянып, Алаш ұлттық идеясының маңайына бірігіп, Қазақ хандығының ыдырауынан кейін қайтадан бірегей ұлт болып қалыптасуына жеткізгені сөзсіз. Мысалға, Оксфорд университетінің Орта Азияны зерттеу орталығы 1985 жылы жариялаған «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар туралы. Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Т. Рысқұлов» (Society for Central Asian Studies. «Kazakhs on Russians Before 1917. A. Bukkeykhanov, M. Dulatov, A. Baytursynov, T. Ryskulov»). Reprint series № 5. Oxford, 1985.) атты зерттеуінде Әлихан бастаған батысшыл Алаш зиялыларының атқарып кеткен қызметіне «олар мәдени ренессанс», яғни «мәдени төңкеріс жасады» деген баға берді. Қазақстанға Совет өкіметі орнатылған соң, Әлихан бастаған «Алаш» зиялылары, ресми биліктің барлық тетігінен аластатылуына қарамастан, 1930 жылдарға дейін дерлік оқу-ағарту, жоғары білім беру, ғылым және өнер саласында үстемдік етті. Осындай қысқа уақыттың ішінде Әлихан өз үзенгілестерімен қазіргі қазақ мәдениетінің, орта және жоғары білім беру саласының, сондай-ақ ғылымның тарих, философия, этнография, әдебиеттану сынды қоғамдық, гуманитарлық және астрономия, физика,

математика, жаратылыстану, т.б. салаларының негізін қалап үлгерді. «Алаш» қозғалысының аймақтық тарихи маңызы да зор болды.

Атап айтқанда ХХ ғасыр басындағы қазақтың ұлттық қайта өрлеу қозғалысы Орта Азияны мекендеген туыс түркі халықтарының ұлттық сана-сезімін оятып, өзін-өзі басқаруға ұмтылуына күшті серпін берді. Әлиханның тапсыруымен 1917 жылдың қарашасында Мұхаметжан Тынышпаев, Мұстафа Шоқай, Серікбай Ақайұлы, т.б. Алаш қайраткерлерінің ұйымдастыруымен Қоқан қаласында Түркістан мұхтариатының пайда болуы, сол жылдың желтоқсанында Орынборда Алаш автономиялық мемлекеттің (Қыр баласы – Әлихан «Қазақ», «Сарыарқа» газеттері мен «Абай» журналында жазған мақалаларында «автономия болу – мемлекет болу» деп жазды – С. А.), ал 1918 жылы Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төрқұловтың тікелей қатысуымен Түркістан кеңестік автономиясының құрылуы – ақыр аяғында Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстанның және Қарақалпақстан автономиясының дүниеге келуіне жеткізді.

Әлихан Бөкейханов 1937 жылы 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кесіледі. Иә, алты алаштың көсемі өзін 1937 жылдың шілдесінде Мәскеуде ақырғы рет тұтқынға алып, ату жазасына кескенде, қызы Қанипа – Елизавета мен немересі Ескендірге қалдырған бар «байлығы» – Мәскеудегі 7 бөлмелі коммуналдық пәтердің өзіне тиесілі бір бөлмесі, кітаптар жинағы, фотоальбом, өзінің шақшасы және қолжазбалары болыпты. Халқының ұлттық мемлекетін қалпына келтіру жолында қасық қаны қалғанша арпалысып, бүгінгі ел шекарасының негізін белгілеп кеткен алты алаш көсеміне атылғаннан кейін өзі айтып жүретін 2,5 кез қара жер де бұйырмады. Даңқы жер жарған Алаш көсемін 1937 жылдың 27 қыркүйегінде өлім жазасына кесіп, үкімді сол күні-ақ іске асырған кеңестік билік оның сүйегін Мәскеудегі Дон зиратында өртеп, күлін 5 мыңнан астам құрбанның күлі шашылған зиратқа (ОГПУ-НКВД құжаттарында № 1 шұңқыр немесе «Ямо № 1» деп көрсетіліп келген – С. А.) түн жамылып астыртын төге салған. Ол зират Кеңес Одағы күйреп, келмеске кеткеннен кейін де құпия болып келіп, кездейсоқ жағдайда 2009 жылы ғана аңғарылды [5, 5 б.].

Қазақ үшін қабырғасы қайысып, тек тәуелсіздікке ғана емес, ойдың, білімнің, мәдениеттің тәуелсіздігіне ұмтылған тұлғаның ғұмырнамасы осылайша аяқталды. «Алаш» идеясын алға тартқан Әлихан: қазақ ұлтшылдығы – ол өз ұлтын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, ата-баба жерін, Отанды сүю, қорғау және қамқор болу деп насихаттады. Ол соңғы демі біткенше туған қазақ халқының ата-баба жеріне деген, ұлттық мемлекет құрып, өзін-өзі басқаруға деген

қасиетті құқын табанды түрде қорғап, сол үшін күресіп өтті. Әлихан Бөкейхановтың айтқан, әрі істеген істері жетерлік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тілешов Е. «Алаш қозғалысы». – Алматы, 2008.
- 2 Жұртбай Т. «Ақиқат» ұлттық-қоғамдық саяси журнал. – №5. – 2012.
- 3 Нұрпейіс К. «Алаш һәм Алашорда». – Алматы, 1995.
- 4 Қозыбаев М. «Тарих зердесі». – Алматы, 1998.
- 5 «Егемен Қазақстан» газеті, 2015 жылғы 24 қараша.

#### ТЕКТІЛІКТІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҮШІН МӘНІ

ДИХАНБАЕВА К. Қ.

мұғалім, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Қай уақытта да қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып жүрген өзекжарды мәселелердің бірі – тектілік пен ұлттық рухта білім беру.

Тектілік – адам бойындағы асыл қасиеттердің парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі. Тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық, т.б. Дегенмен, кез келген артып, қоғамдағы қайшылықтар шешімі жеңілдейді. Тектілік – адам бойындағы асыл қасиеттердің, парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі. Тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық т.б. бейімділіктері болуға тиістілігін көрсетеді. Тектілік гендік түрде берілетін биологиялық қасиет қана емес. Нағыз тектілік сыпайылықтан, кешірімпаздықтан, мейірбандықтан көрініп, осы ізгі ниетпен ешкімді төмендетпей, шеттетпей биіктеуге мүмкіндік береді. Халқының, Отанының мүддесін жоғары қоя білген адамдардың қатары көбейген сайын тектіліктің де қадірі артып, қоғамдағы қайшылықтар шешімі жеңілдейді. Ұлт тұлғаларының тектілігі халыққа үлгі, ұрпаққа өнеге. Қазақ ұғымында тұлға тектілігі – адамның бойындағы бар мүмкіндіктерін халық игілігіне ортақ күрделі істерімен шектейтін адам қасиеті. Ондай адамдар дүниеде сирек болса да, тұлғалығы мәңгілікке халыққа рухани азық болып қала бермек.

Тектіліктің жауапкершілігін жүктеген тарих заңының әділеттілігі, ақиқатты өмір шындығы негізінде көрсетіп, оның шешімін тарихи өмірдің негізінде дәлелдеп, оған қол жеткізудегі тәжірибелерді тұлғаның өзіне жүктеп отыруында. Сол себептен, батырлар ел мүддесінің мәңгілігі үшін тектіліктің заңдылығын тереңнен ұғына білді. Абылай және Кенесары хандардың тағдыры осы шындықтың куәсі. Қазақ руханиятында Абылай бейнесі осы тұрғыда көрсетілген:

Үлгілі өткен Абылай қазақ ханы,  
 Үш жүз түгіл алты алаш білді.  
 Рахаттан қазақ үшін безіп кеткен,  
 Алла өмірімен артықша туған жаны.  
 Хан еді қазақтағы қолы жеткен,  
 Үш жүздің баласына еңбек еткен [1, 21 б.].

Тектілік тұлғалық қасиет, оның мәні жеке адамның тарихи тағдыр өрісінде бойындағы рухани қасиеттерін сақтап отыруында. Абылайдың тектілігі ұлт руханиятында оның тағдырымен зерделенген:

Атасы Абылайдың Уәліхан  
 Өкпелеп хандық үшін ауып кеткен.  
 Үргенішке жол тартып кеткен ауып,  
 Нағашым Ғайып хан деп соны тауып.  
 Жетім-жесір болып қалды сонда жүріп,  
 Елдерін Ғайып ханның қалмақ шауып [1, 21 б.].

Тұлға тағдырынан байқағанымыздай тектілік батырды кісіліктің, батырлықтың негізінде ұлт рухын әлемге танытып отыратын ұлы тұлға биігіне жетеледі. Қазақ батырлары рухани қасиеттерімен өмір мектебінен өтіп, ұлт игілігі үшін елге қызмет етті.

Абылай хан билік құрған дәуірдегі қазақ философиясынан байқап отырғанымыздай, қоғамға, мемлекетке қажет әрбір нәрсе билер тарапынан даналықтың біліміне салынып, халыққа жеткізілген. Елдің бірлігі ата-баба дәстүрін бағалаудан басталады. Тарих тағылымы негізінде түйіндесек, тағдырдың сынын көз алдында өткізген қазақ батырының бойындағы елдік сананың рухы оның рухани өмірімен де тығыз байланысты. Осы себептен халық жырында батыр бейнесі оның тағдырынан бастап сомдалады. Абылай жырындағы ханның тағдыры тұлғаны мадақтау мақсатында емес, тұлға өмірінің философиялық шешімдерін толықтай тарихта сақтап қалуға бағытталған. Тарихи өмірдің барлық кезені философия, ал оның шешімі даналық. Жас Абылайдың Төле биге келуінің де нақты себебі осы. Өмір адамды сынаса, сол өмір болмысының өрісінде жүрген тектінің рухын сынайтын даналар. Себебі, нақты да күрделі өмір заңы ойшылдан жалпылықты,

сезімталдықты талап етсе де, сезімге берілуді талап етпейді, ақиқатты аршып, жалған мен шындықты ажыратудың қисынын талап етеді. Осы бағытта билердің тағылымы ұлт мүддесі үшін нағыз тұлғалықты зерделеп, зерттеп отыруымен айқын. Жас Абылай мен Төле бидің арасындағы кісілік осылайша даналықтың философиясы негізінде басталады.

Төле би алдына келген баланың бойында бар тектілікті неден байқағандығын жырмен бейнелейді. Жыр тағылымына зер салсақ тектіліктің рухы – ақылдылық. Тектілігімен бидің сеніміне ие болған жас Абылайдың бойындағы ерекше қасиет табандылық, беріктілік, бұл қазақ ұғымында тектіліктің басты нышаны деп есептелген. Жастың бойындағы жігердің, табандылықтың күшін байқаған қазақ билерінің кейінгі буынды тұлғалық құндылықтарға бағыттаудағы ұстаздығы, қазақ поэзиясында халықтың мәдени әлеуметтенілуінің феномені ретінде көрсетіледі. Адам тумысынан би-шешен немесе батыр, ғалым болып жаралмаған, бірақ адам бойында бар тектілік ол адам өзін неге бағыттап білсе, адамның қолын сол деңгейге жеткізбей қоймасы анық. Хандарымыздың мемлекет билігін тектілікпен басқаруының мәні осында, себебі уақыт талабы, дала заңы зиялылардан шынайы табиғатты талап етті. Бір сөзбен айтқанда, тарихи уақыт нағыз тұлғаларды тарих сахнасына шығарып қана қойған жоқ, тұлғалықтың мәнін көрсетіп отырды. Осы себепті ұлт зиялыларының арасында шынайылық жүрді. Шынайылықтың мәнін қазақ баласының ерте түсінуіне елдің тарихи өмірі ықпал етті. Сол үшін жастарымыз ерте ақыл тоқтатып, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын саралаған. Қоғам өмірінің болмысын кеңінен зерделеудің негізінде елдік сақталып, ол кісіліктің дәстүріне айналды. Бұл деңгейдегі кісілік жеке адамның дара болмысын емес, тұтас әлеуметтің тұлғасын сомдайтын ұғымға, ерекше мәдени құбылысқа айналды. Төле бидің Абылайдың бойынан ең алғаш көргенде байқаған қасиеті, табандылық пен ұстамдылық. Табандылық тұлғаның жауынгерлік рухының белгісі болса, ұстамдылығы даналықтың белгісі. Ханның халық алдындағы ең басты қасиеті өзінің мемлекет, ел туралы ойын сақтау, тұлға ойын халық оның ісі арқылы көріп отырған, халық игілігіне қажеті де сол, елдің дамуын идея емес, сол идеяның орындалуы жүзеге асырады. «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде – деп жазады Ш. Уәлиханов, Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет күдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр дастандардың арқауына айналған. Домбыра мен кобызда орындалатын небір күйлер соның дәуірінде дүниеге келген

және көбі сол кезенді сипаттайды» [2, 19 б.]. Билер тағылымынан байқап отырғанымыздай тұлғаға қойылған міндет, оның ішкі талғамының тереңдігі мен беріктігі. Хан баласы Абылайдың бойындағы ерекше мінезді Төле бидің сынауы, бұл халық тағдырымен байланысты тарих. Ол бидің хан тағдырына ара түсуінде емес, адам бойындағы тектілікті танып, сол қасиеттің түбінде елге игілік әкелетін жолын зерделеуінде. Тұлғасыз елдің тұрақты дамуы жоқ, тұрақтылықтың өзегі тұлғалық іс, ал оған адам асыл қасиеттерімен ғана қол жеткізбек. Адам бойындағы асыл қасиеттердің рухын бағалау, алдымен адам болмысына сын көзбен қараудан басталады. Бидің сыны даналық, ол қазақ руханиятының түп-тамыры. Абылайдың бала кезінде-ақ бойынан биге байқалған тектіліктің халық руханиятында сақталып қалуы, тұлғалар тағдырының, сол тарихи өмір айдынындағы болмысының ұлттық құндылыққа айналуында. Тектілер өмірден қалмайды, тағдырдан қайыспайды, арға сүйенеді, барға қанағат етеді, қиыншылықтан әлсіремейді, азға ренжімейді, сондықтан да тектілерді шыңдайтын өмір, сынайтын тағдыр, осы екі нәрсенің сынымен өтетін ұлт зиялыларының өмірі халық ұғымында мәңгі сақталады. Сонымен қатар тектілердің бойындағы қасиет жақсылықтың қадір-қасиетін бағалау, содан алған әсерін үнемі есте сақтап отыру, адамгершілік тектіліктің негізгі қазығы.

Текіден текті туады, Тектілік тұқым қуады. Тектілердің тұяғы, Таңдайды күз-қияны. Шын тектілер халқы үшін, Өлімге басын қияды. Жақсы, жаман деместен, Жанына жұртын қияды... Бекасыл Әулие (1822-1915).

Отан тарихы ғылымында зерттеушілердің дендеп бойлай алмай жүрген ділгірлігінің бірі – тектілік феномені. Тектілік пен оның эволюциясы сыры толық ашылмаған ең күрделі мәселелердің бірі және оның құпиясының ғылымда жұмбақ күйінде жатқан қырлары жеткілікті. Тәуелсіздікке дейін қазақ тарихын негізінен жергілікті ұлттың тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, этногенезісін жетік білмейтін өзге жұрт өкілдері жазғандықтан, аталған тақырып тесіле зерттеліп, тереңірек ашылмады. Басқа жұрттың дәстүрінен өзгешелеу көрінетін қазақ қоғамының қатпарларына жатжұрттық зерттеушілердің түсінік, парасат-пайымы жете бермеді. Шындығына келгенде, ұлтсыздандыру саясатын абайлап, жымысқылықпен жүзеге асыруға кіріскен кеңестік-коммунистік режим тұсында ұлттық дәстүр, ұлттық мәдениет, ұлттық құндылық сияқты мәселелерге нақты ғылыми тұрғыда көңіл бөлу мүмкін бе еді.

1 «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер...». Ортағасырлық жазба деректерде бірде Жәнібек хан ғұлама ғалым,

шипагерліктен кара үзіп шыққан Өтейбойдақ Тілеуқабылұлынан: «Қандай ауруды емдеу қиын?», – деп сұрағанда емші: «Тұқым қуалайтын ауруды емдеу қиын», – деп жауап береді. «Оның алдын алуға бола ма?» – деген ханның екінші сұрағына Өтейбойдақ: «Болады. Жеті атаға дейін туыс адамдар өзара қыз алыспау керек. Жеті қазақ үшін қасиетті сан», – деген екен. Аты аңызға айналған емшінің айтқанына тоқтаған Жәнібек хан жеті атаға дейін үйленуге тиым салып: «Кімде-кім жеті атаға толмай үйленсе, өлім жазасына кесілсін!» (Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. Араб қарпінен көшіргендер – К. Елемес, Д. Мәсімхан. – Алматы: Жалын, 1996. 15, 43 б.), деген жарлық шығарады.

жеке бас ерекшелігімізбен сақтай аламыз  
және біз осы рухпен біздің жастарды  
тәрбиелеуіміз тиіс.»*

*Н. Ә. Назарбаев*

Биыл Алаш қозғалысына – 100 жыл. Бұл еліміз үшін ерекше мереке. Алаш қозғалысының ғасырлық тойына еліміздің түкпір-түкпірінде ауқымды шаралар ұйымдастырылуда. Алаш жолын халықаралық

денгейде де, ел аумағында да зерделей түссек Қазақ елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» мұраты да баянды болмақ.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында және мәдениетінде рухани өрлеу үдерісі оқу-ағарту саласында нақты көрініс тапты. Қазақ еліндегі мектеп медреселердің дамыған тұсы бұл ғасырлар тоғысында орын алды. Бұл кезеңде қазақ зиялыларының көбі медреселерде білім, тәрбие алып шыққан, ғылым-білімді терең меңгерген ұлтжанды иманды азаматтар болатын [1].

Отарлық жүйенің руханияттың тамырларын бұзу нәтижесінде ер мінезді, өр тұлғалы, жаны жомарт, еркіндіксүйгіш, иманжүзді халықты жаптақ мінездіге айналдырды. Қоғамдағы ұлттық мәдениетте рухсыздану, маргиналдану үдерісі орын алды. Сол уақыттағы баспасөз беттерінде Алаш зиялылары жер, мәдениет, тіл, әдебиет, тәлім-тәрбие, дін мен діл мәселелерін көтеріп, ел талқысына салып жүрді. Алаш зиялыларының шок жұлдыздары «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінде ұлт, дін мәселесін көтеріп орыстандыру мен миссионерлік саясаттың жымьсықы әрекетін әшкерелеп көрсетті. ««Қазақ» газеті дінді мектеп пен мемлекеттен бөлуді жақтап, діни экстремизмге қарсы шықты, сонымен бірге жыныс, дін ұстану, ұлт айырмашылығына қарамастан, барлық ресейліктердің заң алдында тең екенін жариялап, жеке адамның бас бостандығы мен оның еркіндігіне қол сұқпауды қорғады».

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхаметжан Сералин және т.б. ұлттық идеяның тұғырларының бірі діни құндылықтарды ұлықтауға шақырды. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» тұғырнамасы ұлттық идеяның, ұлттық руханияттың негізгі ұстанымы болды [2].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, руханият пен мәдениет саласында қызмет етіп шығармашылық мұраларын қалдырған, қазақ оқымыстылары туған халқының ұлттық ой-санасын оятуға, заман көшіне ілесуге шақыра отырып, қазақ оқымыстылары отаршыл жүйенің қазақтың дәстүрлі мәдениет жүйесінің негіздерін шайқалтуға ұмтылғандығын айқын түсініп, ұлттық мәдениет пен руханияттың тірегі тілді, дін мен ділді сақтау арқылы жүзеге асатындығын сезінді.

Қазақ жеріндегі жәдитшілдік идеялар 1911-15 жылдарда Троицк қаласынан шығып тұрған «Айқап» журналында, 1913-18 жылдардағы Орынбар қаласынан шыққан «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланып тұрды. Бұл басылымдардағы мақалалар сол дәуірдің қоғамдық-саяси, мәдени-ағарту, құқықтық, діни, жер, шаруашылық мәселелерін

көтерді. Сондай-ақ «Айқап» журналының сандарында Ресейдің, қазақ қоғамының және шет елдерде болып жатқан маңызды оқиғалар туралы хабарламалар беріліп отырды. «Айқап» журналы қоғамдық-саяси, мәдени-ағарту және руханиятқа арналған өзекті мәселелерді көтерді.

«Айқап» журналында Ислам діні мен мәдениеті және құндылықтары туралы мақалалар шығарып тұрды. «Айқап» журналында қазақ елінің түкпір-түкпірінен ел өмірі, шаруашылығы, мәдениеті мен діні туралы хабарлар түсіп отырған. «Айқап» журналы өз бағдарламасында мектептер мен медреселер ашуға, қазақ елінің білімді, мәдениетті, өркениетті ел болуы, дін істерін өз қолына алуға, өзінің дербес мүфтиін сайлауы қағидаттарын басшылыққа алды. «М. Сералин бастаған «Айқаптың» ізбасарлары классикалық жәдитшілдіктің жақтаушысы болды. Олар қазақ қоғамының мешеулігінің, ескіргендігінің негізгі себебі – халықтың сауатсыздығында (надандық)» – деп көрсетті.

«Қазақ» газетінің беттерінде Алаш зиялылары жер, мәдениет, тіл, әдебиет, тәлім-тәрбие, дін мен діл мәселелерін көтеріп, ел талқысына салып жүрді. Алаш зиялыларының шоқ жұлдыздары «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінде ұлт, дін мәселесін көтеріп, орыстандыру мен миссионерлік саясаттың жымысқы әрекетін әшкерелеп көрсетті. ««Қазақ» газетті дінді мектеп пен мемлекеттен бөлуді жақтап, діни экстремизмге қарсы шықты, сонымен бірге жыныс, дін ұстану, ұлт айырмашылығына қарамастан, барлық ресейліктердің заң алдында тең екенін жариялап, жеке адамның бас бостандығы мен оның еркіндігіне қол сұқпауды қорғады».

«Қазақ» газеті өз уақытының көкейкесті мәселелерін көтеріп, ұлттық сананы оятуға, руханият тұғырын нықтауға, ұлттық рухты өсіруге, діни құндылықтарды ұлықтау жолында өлшеусіз еңбек етті. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде түрік әлемі мен мұсылман өркениетінің хал-ахуалы туралы хабарламалар кеңінен жарияланып отырды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұқаметжан Сералин және т.б. ұлттық идеяның тұғырларының бірі діни құндылықтарды ұлықтауға шақырды. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» тұғырнамасы ұлттық идеяның, ұлттық рухтың және ұлттық руханияттың негізгі ұстанымы болды.

«Ахмет пен Міржақып жасаған әдебиет, Әлихан жазған көсем сөз «Қазақ» газеті елдің оянуына жол ашты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды».

«А. Байтұрсыновтың осы рухта жазған «Маса», «Қырық мысал» кітаптары, Ә. Бөкейханов шығармалары зор беделге ие болды. «Айқап»,

«Қазақ» сынды газет журналдар, қазақ кітаптары бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға, ұлттық тұтастыққа баға жетпес үлес қосты».

Ұлт-азаттық мүддесі мен ұлттық идеяны ту етіп көтерген Алаш партиясының саяси бағдарламасында мемлекеттік басқару формасы, жергілікті бостандық, адам бостандықтары мен құқықтары, дін ісі, билік және сот, ел қорғау, білім мен мәдениет, салық жүйесі, жер мәселесі сынды аса маңызды мәселелер көтерілді. Бұл Алаш қозғалысының бағдарламасында дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер мен праволар, қазақтардың өзіндік мүфтийлігі болуы керек деген баптары болды. Осылайша қазақтың ұлттық мүддесі мен идеясын ұлықтаған Алаш зиялылары мен оқымыстылары қазақ қоғамы мен руханияты тарихының биік шыңы мен озық ойының үлгісіне айналды.

«Алаш партиясы мен Алашорда өкіметін құрған кездерінде демократиялық-республикалық мемлекет құрылымын таңдап, Ресей қоластында автономия болып қалуды жақтады. Алашорда үкіметін де таза қазақтардан құруды мақсат етпейді, басқа ұлт өкілдеріне орын қалдырады. Бұл жағдайлар олардың таза ұлтшыл емес, ұлттың сүйген, ұлт жанды, ұлт мүддесін биік қойған демократтар болғанын көрсетеді» (Қирабаев С. Тәуелсіздік идеясы және «ұлтшылық» әдебиет // Ақиқат. – 2009. – №1. – Б. 61.61 б.) [3].

Алаш зиялыларының осы демократиялық бағдарламалары іске аспай қалды. Қызыл террордың жүргізген саясаты Алаш мұратының жүзеге асуына тосқауыл болды. Алаш зиялылары ұлт тағдыры және руханият құндылықтарын аманат ретінде кейінгі ұрпаққа қалдырды. Халқының бостандығы мен еркіндігі келешегі мен тәуелсіз қазақ елінің биік мұраттары үшін жан сала күрескен Алаш зиялыларының арман-аңсарлары бүгінгі тәуелсіз еліміздің жағдайында жүзеге асып отыр.

1916 жылы 23 қараша – 1917 жылы 25 мамыр аралығында Ташкент қаласында ерлі-зайыпты Төгісовтер «Алаш» газетін шығарды. Бұл газеттің ұраны «Қазақ қоғамын өркениетті өмірге шақыру».

XX ғасырдың бас кезінде «Серке» газеті және орыс-қазақ тілдеріндегі «Қазақстан» атты газеттер қазақ қоғамы мен мәдениетіне қатысты мәселелерді көтерген. Бұл аталған газет, журналдар мен қазақ кітаптары қазақ тілді мәдени-ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға, ұлттық руханиятты сақтауға зор үлес қосты. Ұлт зиялылары руханият – дін, діл, билік, әйел, жер-су, білім мәселелерін ұлттық ой-сананы ояту мақсатында көтерді. Бұл идея кейін Алаш көсемдерінің қазақ мемлекетін құру идеясымен астасты.

Алаш зиялысы ұлтына «Оян, қазақ!» деп жар сала жүріп, ұлттың ойлантқан Міржақып Дулатовтың дінге қатысты ой-пікірлері «Серке»,

«Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналында жарияланып тұрған. 1907 жылы «Серке» газетінде жарияланған мақаласында: «Енді шенеуніктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, біздің молдаларға тиісті неке мәселесіне араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды» – деп, өткір сынға алды.

Имандылықтың ел арасында таралуына көңіл бөлген ойшыл 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Орынсыз шығын» мақаласында Медине қаласында оқып жүрген қазақ шәкірттерінің медресе салу ниеттеріне қатысты өз ойын білдіреді. Медресе салуды көздеген шәкірттердің жинаған қаржысына қиянат жасаған біреулердің іс-әрекетінен бұл ниеттері іске аспай қалған. Осыған қатысты ол жанайқайын былайша білдіреді: «Олар бір үй сатып алып, ішіне кіре қоюмен медресе салынсын, оған оқушы қайда? Осы арада қанша шәкірт бармақшы ақырында, бұл медресе де бұрынғы қазақ тектілері секілді әулиелік сатып жүрген сарт пен қожаның пайдасына қалмай ма? Мұны да ойлауға керек».

Ойшыл ауылдарда мектеп, медресе ашып, бала оқытуды заман талабына сай жүргізу керектігін айтады. Оның «Мешіт-медресе хақында» деген өлеңінде:

Дегенмен «мен мұсылман» іс бітпейді,

Бұл күнде жұрттың көбі дін күтпейді.

Қазақша киім киіп, сөйлегенмен,

Мойнынан парыз, уәжіп бір түспейді – деп, өз заманындағы діни сана мен діндарлық деңгейін талдап өтеді.

Қазақтың көп жерінде мешіті жоқ,

Жоғына себеп болған, миссионер поп.

Екінші халықтың өзі ықылассыз,

Не ғылып исламға ашылсын ход – деп, елдегі мешіт санының аздығына себеп біріншіден, отаршыл жүйенің саясаты, екіншіден, елдің немқұрайлығы себеп болып отырғандығын айтады. Өркениет пен мәдениеттің рухани тұғыры дін адамзат қоғамында өзіндік рөл атқаруда. Дін әлеуметтік институт ретінде қоғамда өзіне тән қызметтерді атқарады. Дін рәміздік жүйе ретінде қоғамдық өмірдің салаларының бір реттелген байланысын көрсетеді. Дін мен қоғам қарым-қатынасы бұл диалектикалық өзара әрекеттестік қатынасын көрсетеді. Алаш зиялылары діннің қоғамдағы атқаратын орны мен рөлін ғылыми түрде жете түсінген. Олар таптық жіктеуден бас тартып, ұлттық тұтастықты ойлады. Елді тәуелсіздікке жеткізетін жол ұлттық бірлік пен ұлттық құндылық жолы деп түсіндірген Алаш зиялылары діннің адамгершілік, құндылықтық ұстанымдарын осы жолда қызмет етеді деп есептеді.

Алаш зиялылары армандаған дербес мүфтияттыққа қазақ елі 1990 жылы жетті. Елімізде мешіттер саны көбейіп, медреселерде шәкірттер білім алуда. Бұл Алаш қайраткерлерінің арманы еді, Алаш зиялыларының мұраты тәуелсіздік арқасында іске асты.

Ә. Бөкейханның «Моллаларға» деген мақаласында қазақ молдаларына ел мүддесі үшін ауызбіршілік танытып қызмет етуді ұсынады. Өзге дін қызметкерлерінің ынтымағы жарасқан өмірін мысалға ала отырып, былай дейді: «Үлгі алсаң, қазақ молдалары осылардан ал».

Ұлтымыздың XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, ғалым Ахмет Байтұрсынов елінің мүддесі мен еркіндігі үшін табанды күрескер ретінде көрінді.

Ол 1913-1918 жылдары Ә. Бөкейханов, М. Дулатовпен бірігіп жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Бұл газетте қазақ өмірінің барлық салаларына қатысты ой-пікірлер жарияланып тұрғаны белгілі. Оның «Әдебиет танытқыш» (1926) атты ғылыми зерттеу жұмысында әдебиет тарихы, теориясы мен сыны, әдістемесіне алғаш рет егжей-тегжейлі анықтама жасалып, қазақ әдебиеттану ғылымының негізі қаланды. Ол ұлттық әліпбиді жасаған, реформатор ғалым. «Қазақ діні шынығып жетпеген, шала мұсылман халық. Мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай деген пікірмен, патша үкіметі қазақ пен ноғай арасына жік салып, екеуін айырғысы келеді» – деп, қазақ діндарлығына нұқсан келтірген миссионерлік іс-әрекетін ашып көрсетеді.

Алаш зиялысы Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларында Ислам құндылықтары үміт, сенім, ғылым, сұхбаттастық және бейбітшілік құндылықтары ойшылдың азаттық туралы көзқарастарымен қабаттаса көрінеді. Оның «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қисса, насихат, толғау, ғашықтық, терме сынды діндар дәуір ауыз әдебиетінің ерекшеліктері қарастырылады. Ахмет Байтұрсыновтың жұбайы орыс қызы Александра өз атын мұсылманша Бадрисафа деп өзгерткен. Ахмет өз өлеңдерінде Ислам дінін ұлттық бірлік пен бірегейліктің қайнар көздерінің бірі ретінде көрсеткен.

Алаш қозғалысының қайраткері, Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресінің жетекшісі Мұстафа Шоқай өзінің шығармаларында халқымыздың азаттығымен қатар руханият мәселесіне де көңіл аударды. М. Шоқай ұлт-азаттық күресте мына мәселеге көңіл аударады: «Біз барлық отандастарымызды үміт, иман, сенім тәрізді моральдық күшпен ғылыми-техника күшін бірлестіре отырып, ұлт-азаттығы жолында

жұдырықтай жұмылуға шақырамыз. Үміт, сенім, иман – ұлттық күреске бел байлап кіріскен адамдар үшін аса қажетті қасиеттер» [4].

М. Шоқай халықтың ұлттық санасын ояту үшін діни мәдениетке көңіл аудару керектігі туралы: «Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни, жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын тұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі деп көрсетеді». Қайраткер түркі тілдес халықтардың ортақ құндылықтарының төңірегінде ұлттарды топтастыру және түркістандықтарды азаматтық бірегейлендіру арқылы ішкі тұтастыққа біріктіру жолымен ұлттық санаға қол жеткізу, халықты біріктіруде зиялыларға маңызды міндет жүктеледі. Мұстафа Шоқайдың ұлттық сананы қалыптастыруға қатысты ой пікірлері бүгінгі күнде де өзекті. Ұлттық деңгейде ойлайтын бәсекеге қабілетті интеллектуалды ұлт қалыптастыру, индустриялық-инновациялық өркендеу жолына түсу мемлекетіміздің болашағына деген сенімінен туындап отыр. Қазіргі таңда ділді, дінді, тілді сақтап дамыту арқылы еліміздегі басқа ұлыстарды ұлтымыздың тілі мен ділі, мәдениеті негізінде топтастыру мен бірегейлендіру маңызды болып отыр.

Түрік дінтанушысы Осман Қарабиық, былай дейді: «Дін – адамдарды мәңгілік бақытқа қауыштыру үшін Аллаһ тарапынан көрсетілген жол».

Алаш зиялысы, жазушы, аудармашы Жүсіпбек Аймауытов «Сарыарқа» газетінің де, «Абай» журналының да қызметіне белсене араласты. Оның «Қартқожа», «Ақбілек» романдарында, «Күнекейдің жазығы» повесінде қазақ қоғамының өмірі және ұлттық мінез-құлық, әдет-ғұрып, көркем философиялық және психологиялық тұрғыдан талданады. Жүсіпбек Аймауытовтың «Алаш ұраны» атты өлеңінде:

Ұраным, қорғаным сен, Алаш!  
Жолыңа құрмалдық мал мен бас!  
Өнер тап, өрге шап, қару ап,  
Аллалап алға бас, ал, Алаш!

Алаш мұраты мен тәуелсіздігі жолында күресуге және өркендеуге шақырады. Ж. Аймауытов саналы өмірін елінің бақыты үшін сарп еткен, халқын ояту үшін күрескен ұлттың болашағы жолындағы өмірлік іс-тәжірибесін ізбасарларымен бөліскен, елдің елдігін сақтауды мақсат еткен ойшыл. Халқын ұлттық және діни құндылықтарына берік болуға үндей отырып, тарихи сана негізін жаңғыртып, рухты биіктетуді мақсат тұтқан.

1917 жылы 5-17 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен II Жалпықазақ съезінде жарияланған қазақ халқының ұлттық территориялық мемлекеттігі Алаш автономиясы деп аталды. Алошорда ұлттық кеңесі құрылып, Алаш партиясының бағдарламасында дін, оқу мәселелері сынды он үш мәселе енгізіліп қарастырылды. Дін мен мемлекеттің бөлектігі (зайырлық), дербес мүфтилігі болуы, барлық діндер тең құқылы және дінді ұстану құқығы қамтамасыз етілді.

Алаш қайраткерлері көтерген тәуелсіздік пен азаттық идеясы, халықты білім мен ғылымға тартуы, ұлт мүддесі мен руханиятына адалдығы мен жанашырлығы олардың шығармалары мен дүниетанымында айқындалды. Олар еліміздің мәдени-рухани дамуына, ұлт ынтымақтастығына қызмет етті. Алаш зиялылары қазақтың сол уақыттағы тыныс-тіршілігі тарихи-қоғамдық, мәдени-рухани өмірін өз шығармаларында жан-жақты қарастырып, ұлттық болмыс-бітімді, ұлттық рухты айшықтады. Олар тіл мен діннің тұтастығын, діл мен рухтың беріктігін ұлттық ұйысудың қайнар көздерінің бірі ретінде діни құндылықтарға мән берді. Ұлттық және діни құндылықтарды шығармаларына арқау еткен Алаш зиялыларының мұраты бүгінгі тәуелсіз елімізде іске асып отыр.

Ислам құндылықтары жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және Ислам дінінің ұстанымдарынан дүниетанымдық, құндылықтық, тәрбиелік, өмірмәндік негіздері халқымыздың дәстүрлі мәдениетінде көрініс тапқан. Ислам діні бұл бейбітшілік пен төзімділік, гуманизм мен сұхбаттастық діні, Ислам құндылықтары қоғам мен адам өмірінің барлық салаларын қамтитын өмір салттық ұстаным болып табылады [5].

Әрбір ұлт өзінің салт-санасына, ұлттық мәдениетінің ерекшеліктеріне сай Ислам құндылықтарын ұстанған, бұл ұлттық діл мен мінез-құлықтан, әдет-ғұрыптардан көрінеді. Тәубәшілдік, сабырлық, ұстамдылық, ибалылық, имандылық сынды қасиеттер ұлттық болмысты айқындайды, Ислам құндылықтарының ұлттық ділдегі көрінісі.

Түркі ойшылдары исламның діни-этикалық құндылықтарын түркі халықтарына түркілік дүниетаным мен ділдік ерекшеліктеріне сәйкес жеткізе білген. Олардың шығармашылығында Құран құндылығы мен даналығы, білім мен ғылым, әдептілік пен әділеттілік, ізгілік пен мейірімділікті насихаттаған.

Ақын-жыраулардың шығармашылығы Ислам дінінің парыздары, иман шарттары мен құндылықтарын поэзия үлгісімен жырлаған діни ахлақтық және тағылымдық, тәрбиелік бағыттағы қазына. Олардың



мұрасында бұл өмірдің мәні тұлға аралық қарым-қатынастағы ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, әділеттілік, имандылық, достық сынды қасиеттердің маңызына көңіл аударып, исламды өмірлік ұстанымға және ұлттық дәстүрге бейімдеген.

Қазақ ағартушылары халқын заман көшіне ілесуге және өркениетті елдермен тең болуға, өнер-білім үйренуге, отарлықтан азат болуға және рухани еркіндікке шақырған. Олардың ізденістерінің бір негізі Ислам діні мен оның құндылықтары болған [6].

Алаш зиялылары діннің тәлімдік, рухани негізіне мән бере отырып, Ислам діні мен құндылықтарын ұлт руханияты мен қоғам имандылығының өнегелілік үлгісі ретінде ұсынған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы. – Алматы : Қазақ университеті, 2009.
- 2 Қазақ әдебиеті «Маса» Ахмет Байтұрсынұлы. – 2015. – 25.10 – № 3.
- 3 Қирабаев С. Тәуелсіздік идеясы және «ұлтшылдық» әдебиет // Ақиқат. – 2009. – №1. – Б. 61.61 б.).
- 4 Есім Ф. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы, 2006.
- 5 Қасабек А., Алтаев Ж. Қазақ философиясы. – Алматы, 2007.
- 6 Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни –ағартушылық ағым. – А., 1998.

#### ШАМАНИЗМДЕ ЕЖЕЛГІ СЕΝІМДЕРДІҢ ОРЫН АЛУЫ

ОМАРОВА А. Е.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Сібір түркілерінің діни сенімдері әртүрлі уақытта пайда болып белгілі бір дәрежеде дамыған, осыған байланысты шамандар барлық құдайлар мен аруақтарға өтіне алмайды. Орыс мемлекетіне Сібірдің қосылу сәтінде Сібірдің барлық түркілерінің шамандары өте маңызды діни-жоралғыларды өз қолдарында ұстады. Шаманизм шындығында да патриархалды-туыстық қатынастардың ыдырау кезінде халықтардың кластық қоғамына өсті.

Сібір түркітерінің сенімдері бойынша таңғажайып тіршілік иелері адамдар арасында өмір сүре алған. Бірақ адамдардың көпшілігі олардың бар екенін сезбеген деп санаған. Бұл қасиет тек таңғажайып

тіршілік иелерін көретін және ести алатындардың қолынан келетін болған. Мұндай аруақ – адамдарды тәуіп немесе көріпкел, керееччо, кеспекчю деп атаған. Адамның аруағын шамандар да байқай алған. Олар көріпкелдерден гөрі көзге көрінбейтін келімсектерді көріп қана қоймай, олармен байланысқа түсе білген осыған байланысты бақсылар Сібір түркітерінің өмірінде маңызды орын алған [1, 45 б.].

Мүмкін, шаманизм ежелгі сібірлік мемлекет тектес құрлымында кластық дін ретінде роль атқарған да шығар. Бірақ XVII ғ. Сібірдің түркітілдес халықтарында қандас-тайпалық шаманизмнің кластық дінге айналу үрдісі аяқталмады. Сонымен бірге XVIII-XIX ғ. христианшылықтың ықпалымен (якуттар), алтайлықтар, мордалар, хакастар және ламаизм (тувиндықтар және алтайлықтардың кейбір бөліктері) шаманизмнің эволюциясы тоқтатылды. Шаманизм өзінің ұстанған бағытын сақтады, бірақ бірқатар өзгерістерге душар болды. Шамандыққа дейінгі немесе шамандық дінге сенгендердің көзқарасы христиандық немесе ламаизмдік сенімдермен үндесе бастады.

Түркі тілдес сібір халықтарының аңызының материалдары бойынша шамандар тек қана құдайлармен өздері сенген жоғары, ортаңғы және төменгі әлемнің мекен етушілердің арасында ғана делдалдық қызмет атқарғандығын растайды. Олардың діни көзқарастарында ерекше орын алған қамқоршы-аруақтарға немесе шамандардың көмектесуші рухтарына сену болды. Осыған байланысты құдайлар туралы, 3 әлемнің рухтарының және шамандық аруақтар туралы бөлек сенімдерді қарастырамыз.

Якуттардың діни сенімдері бойынша, жоғарғы әлемде ғажайып айылар басында Юринг айы тойонмен (Ақ мырза) және құдай абасы мекен етті. Якут аңызына сәйкес айылар құдайларының басшысы Юринг айы тойон ғаламды және пұтты (өмірдің мәнін), адамдарды, ірі қара малды жаратты деп санады [2, 123 б.]. Екінші деңгейлік айылар оның үй-іші мен жақындасы ретінде есептелді.

Осы құдайлардың құрметіне жасалған ырымдардың зерттеулері оларды тайпалық құдай – қамқоршылары болғанын көрсетеді. Осы құдайларға тайпалардың немесе рулардың бақыты мен игілігі тәуелді болды. Ру, тайпалардың байлыққа кенелуі және олардың өмірінің жақсаруын якуттар айы құдайларының халыққа қамқорлығы деп санады, ал қандай да бір рудың кедейленуін және бақытсыздығын құдай қамқоршының халықтарға көрсеткен ашуы деп санады. Осыған байланысты «айы» терминіне берген Э. Н. Пекарскийдің анықтамасын нақты деп санауға болмайды. «Ол айы-құдайлары барлық жақсыны бейнелейді» деп жазды [3, 145 б.]. Бірақ олар тек қана жай бейнелеп

кана қоймай, адамдарда – баласы, малы және игілігі болатындығы айы-құдайларына тәуелді болды. Олар өздерінің қалаушыларын жаулардан және аруақтардың шабуылдарынан қорғады, құдайлар табынған ру тайпаларға көзқарасы жақсы болды. Айы құдайларының шығу тегі өте күрделі болды. Оларға бағышталған діни – жораларды Ойуна айылары орындалды, олар «ақ» шамандар деп аталды. Олар құдай – қамқоршы айы тайпасының абызы болды. Олар экстазға түспеді, көмекші рухтары болмады, жоғарғы әлемге саяхаттамады, айыларға жалбарынды, оларға бағыштап малды құрбандыққа шалды. Ал құдайлар болса өздерінің игі ниеттері үшін адамдарға ақку мен торғайды делделдық қарым-қатынаста болу үшін жіберілді деп сендірді.

Якуттардың аңызы бойынша өткен заманда «қара» шамандар айы құдайларының құрметіне әдет-ғұрыпты рәсімдерін жасауға рұқсат етілмеді, себебі Улуу тойон (Ұлы тақсырдың) рухтарының қол астында болды. Айылармен қатар жоғарғы әлемде, якуттардың сенімдері бойынша рух аббастар тұрды. Олардың басшысы болып Улуу тойон құдайы есептелді. Сонымен Улуу тойон жақсы істер жасайды, демек ол аббас емес айы, біріншілер ешқашан да адамдарға жақсылық жасамаған».

С. И. Боло жоғарғы аббастарға Хотой айыны әкелді (Бүркіт айы). Бұл құдай әдетте айы құдайларының қатарында болды. Ол якуттардың сенімі бойынша якут пен орл руларын бір бөлігінің аңыз ата-бабасы ретінде танылды. Ақпараттанушы С. И. Боло Хотон айыны аббас саңына қосты. Өйткені бір ру мен тайпаға қамқоршылық ететін құдайлар мен рухтар оларды бөтен жаулардан және аңыз қамқоршыларының шабуылынан қорғады. Олар якуттардың наным-сенімдері бойынша басқа ру немесе тайпаның адамдарына дұшпан ретінде болды.

Осы арқылы, якуттерде жоғарғы аббастарға якут халқының ата-бабаларының құрамына енген ру немесе тайпаның қамқоршысы болған құдайлармен және рухтар жатқызылды, олар қайтыс болғанда шамандарға немесе адам аруағына айналып Юёря болды. Жоғарғы әлемде мекендеген Аббастардың рухтарының ішіндегі ең қадір тұтатыны Улуу тайон болды. Жоғарғы әлем аббастарымен адамдар арасындағы байланыс нәтижесінде шамандар пайда болды [4, 98 б.].

Якуттардың аңызы бойынша, өткен хаманда «қара» шамандар айы құдайлардың құрметіне ырым жораларды жасауға рұқсат етілмеді, себебі Улуу тойон қол астында болған рухтармен байланысты болды. Қызықтыратыны Омогой ұрпағының бір қатар тайпалары, якуттардың аңызға айналған ата-бабалары ысыах мейрамын жасамады, яғни айы құдайларына жылдық сайыну мейрамы, яғни олардың қалаушыларымен

атқырылған, бұдан шығатыны бұл руларға айы рулық қамқоршы болған жоқ.

Айлар мен якуттардың сенімдері бойынша аббастар рухтары жоғарыда тұрды. Олардың басшысы болып Улуу тайон құдайы есептелді. А. Е. Кулаковскийдің пікірі бойынша «ежелден Улуу тайонды айы құдайларының қатарына қосуға болады. Қазіргі якуттардың түсінігі бойынша Улуу тайон аббас болып кеткен, себебі қазіргі қара шамандар үнемі оған үндеу тастайды, яғни ауруды тигізеді».

Алтай аңызы бойынша жердің үстінде, аспаның әр түрлі сатысы мен қабығында көптеген құдайлар мен рухтар мекендеді. Оларға арналған аңыздар мен наным-сенімдер алтайлықтарда жоғарғы әлем құдайларының рактеоның қалыптасуының аяқтауын айтады. Алтайлық сенімдерді нақтылы көрсеткен С. А. Токарев, рулық табунушылықта рухтың және құдайлыққа сенудің қалдықтары сақталды. Сонымен бірге құдайлар туралы ойлардың алтайлық кешеніне әр түрлі рулардың табунушылардың элементтері кірді: түркілік, монғолдік, самодилистік – палеозияттық және Алтайдың ежелгі жергілікті рулық және тайпалық топтар кірді [5, 75 б.].

Көптеген алтайлық рулар жоғары әлемінің құдайының басшысы деп Ульгенді мойындады. Аспанда оның ұлдары мен қыздары мекендеді. Сонымен ұлдар құдай еместерге табиғаттан тыс жандар Дьайын, Сүйла, Карлык, Уткучи жатқызылды, шамандарға рух көмекшілері ретінде қызмет етті.

Ульген алтай аңызына сай Ай мен Күннің артында мекендеді, жұлдыздарын жоғары, алтын қақпалы сарайдың Ульгенің тұрғылықты жердің жеті немесе тоғыз кедергінің астында болды. Бұл аңыз жерге тек қана ермек шамандар жете алды, бірақ олардың өздері бесінші кедергіге дейін ғана жетті. Шолпан жұлдызына олардың бұл жерде Ульгенің елшісі Уткуч күтті. Ульген Күн, Ай, Аспаның және кемпір қосақтың, адамның басын, кірпігін, кіндігін, мал мен хайуанаттардың, жайлау мен адамдардың тұрағы мен отын жасаушы болып саналды. Ол аспан денелермен басқарды, найзағайды жасады, жауын мен бұршақты жіберді.

Аспан шығу-тегінен шыққан құдайлардың сапта алтайлықтар құдай Дьйықтың да қосады. Ульген оны жерге түсіріп, оған «адамды барлық жамандықтан қорғау мен өмір беруді» тапсырды.

Дьйындықтың бейнесі біздің дананың материалдар бойынша алтай-кіжілердің барлық жануарларында сақталды. Оны ақ қоян терісіндей қылып істейді, оған көздің орнына көгілдір түймелері тігіп, ал табандарына оқты орады.

Сүйла рухы адамдардың өмірін аңдыды және олардағы өзгерістері туралы хабарлады. Қайыр шамандар Суйлуды ат көзді бүркіт ретінде қарастырды. Жоғарғы және төменгі әлемге камлания жасалғанда рух-көмекші ретінде тартылды. Суйлу әрқашан Қарлық рухымен бірге жүрген. Олардың арасында алтайлақтардың сенімі бойынша «әйелі мен күйеуі арасындағы сияқты жақын байланыс» бар деп есептелді.

Камлания кезінде Ульген Шолпан жұлдызына құдай емес Уткучиді жіберді, ол шаманмен келіссөз жүргізіп, құрбанды Ульгенге дейін жеткізген. Жоғарғы әлемнің құдайлары туралы мәлімет Ахонимен жарияланған, онда жалпы жоғарғы әлемді мекен етушілері туралы сипатталған. Бұл ойлардың шығу тегі проблемасын С. А. Токарев зерттеді. Ол Ульгенді тек ғана жалпы алтайлық құдайлардың басшысы ретінде ғана емес, сеокиктермен де байланысқан құдай ретінде құрметтелгендігін айтқан [6, 69 б.].

С. А. Токаревтің ойы бойынша Ульген шығу тегі бойынша түркі тілдес тайпалық топтың құдайы болды, қыпшақтық немесе басқа да тайпаларда Алтайдан негізделген. Үздіксіз тайпалық араласу нәтижесінде, бір жерде көп ғасырлар бойы жүрген, Ульген қалаушыдан кейін, көптеген топтарға таралған. Темуеттердің анимистикалық тұрғыдан қарау туралы мәліметтер Н. П. Дыренкова еңбектерінде жарияланған. Оның жазбаларында жазылғандай шаман өзінің камланиясында тізбекпенен аспан аруақтарын санаған. Әке-ай, аспаның алтыншы қабатында тұрды, Ана-Түн аспаның бесінші қабатында тұрды; Қайракан Анасы төртінші қабатта тұрды;

Қайракан, Дьайуччы, Мерген және Бура әйел үлгісінде айтылады. Қайракан – бұл жалпы эпитет қайырымды құдайшылықты білдіреді. Дьайуччы – бұл шаман және Ульгеннің арасындағы делдал. Бура – А. В. Анохиннің материалы бойынша Ульгеннің ұлдарына қатысты. Л. Э. Каруновтың көз қарасы бойынша Кеге Менке ұлдары болады. Осыған шаман мерей көрсеткендей Бура хан – жан жасаушы адамдарды қорғаушы. Н. П. Дыренкованың ақпараты бойынша Бура хан – жоғары жаратылыстағы телеут руының бір ұрпағы.

А. В. Анохин телеуттер туралы қызықты мәлімет жинады. Одан мынаны көрсетеді – басты Ульгеннен басқа үлкендер болған. Телеуттердің наным-сенімдері бойынша бала кутын Ульген құрған, ал адамға Энем Дьайуччы – Ана жасампаз ұсынған. Ол «аспан сферасының 4-қабатында» тұрады деп ұйғарылған. Өзінің шешімін Дьайуччы ерекше кітапқа жазып отырған. Жоғарғы әлем туралы телеуттік ойлар оңтүстік алтайлық этникалық топтарының сенімдерімен дәл келді. Телеуттік анимистикалық сенім мәліметтері мен алтайлық жоғарғы

әлем құдайлары туралы ойларды толықтай сипаттауға мүмкіндік береді. Ежелде телеуттерде құдай емес бала куттын сыйлатын аналарға жатқызатын. Кейіннен олардың бір бөлігі «әке» деп мойындайды, яғни от басы «басшысы» және құдайларда еркектер болды [7, 26 б.].

Жоғарғы әлемнің алтай құдайлары туралы материалдар біркелкі еместігін көрсетеді.

Н. Ф. Катанов тувиндықтардан аспан сандары туралы әр түрлі хабарларды жазып алды. Бір ақпарат беруші аспан саны 33 десе, ал басқа – 9 деді. Тувиндық сенім бойынша жоғарғы әлемде жаратушысы Бурхан тұрады. Баланың және жердегі барлық затты адамдар құдайдан алады. Жақсы адамның жаны өлімінен 49 күнен кейін Бурхан құдайдың жеріне кетеді. Ол «онда туу керек болса қайтадан туулады, өлетін болса, ол өлу керек». Құдай ортанғы әлемнің өміріне жағаласады және оның жаман рухтарын күн күркіреу, найзағай шашумен қуады. Г. Н. Потанин белгілегендей тувиндықтар құдай емес күн күркіреушінің бар екендігіне сенді. Оны құдай Қайракан немесе Улу-Қайракан деп атады. Құдай термині жалпы алтай- хакастық жоғарғы әлемі басшысының – Құдай атымен дәл келеді. Тувиндықтар найзағайды тек қана жоғарғы әлемнің басшысымен байланыстырып қана қоймай, найзағай «өзінің құйрығымен қатты шайқайтын айдаһардан шықты» деп есептеді. Аспанның шайқалуы оның айқайынан шығады деп есептеді.

Аңыз кейіпкерлерінің халқы төменгі әлеммен байланысы болмайды. Сондай-ақ Сібірдің Оңтүстік түркілерінде Әрмен хан әлем рухтарының басшысы ретінде тек этникалық топтармен мәдени байланыстың болуымен негізделеді. Буряттар жер асты елінің басшысы Эрлик хан деп атады және оның бейнесі жалпы түркілік Эрлик ханның сипаттамасы өте жақын. Мұндай ұсынысты өз дамуында хакастарға Н. Ф. Катанов айтқан [7, 79 б.].

Эволюцияның кейінгі дәуірде Оңтүстік түріктердің сеніміне Эрликтің қыздары мен ұлдары болғандығы туралы ойлар да қатысты. Бұл аңыздың бейнелердің ерекшелігі осылардың және басқалардың сипаттарының тым қарама – қарсы келуі. Эрликтің ұлдары аңызда самт – хорамура әрекет етуші күшті жандар ретінде шығады. Олар адамдарға зиян келтіруіне қарамастан рулық рух – қорқыныш ретінде қызмет етті, шамандардың көмекшілері және жаман хандардың іс-әрекеттерінен адамдарға қорғаушы да болды. Эрликтің қыздары мерейлі, бұзақы ретінде бейнеленді, шамандарға төменгі әлемде саяхат жасауына кедергі жасады, шамандар адамдарды зерттеу үшін төменгі әлемге саяхат жасап отырды. Бұл Эрликтің ұлдары мен қыздары туралы наным-сенімдер Оңтүстік Сібірдің түркі тілдес этникалық топтарында

Якуттардың түркі тілдес ата-бабаларының Ұлы да белдеуінің негізгі пікірлерімен ажыратқаннан кейін. Олардың Якуттердің төменгі әлемнің басшысы Арсан Дуо – Лайдыу ұлдары мен қыздары туралы аңыз сәйкес келмейтінін түсінген [8, 13 б.].

Жер асты әлемінің мекен етушілері туралы телеуегтік наным-сенім түсінігі бойынша бір рудың табиғаттан тыс қамқоршылары екінші рудың мүшелеріне зиян келтіру сенімі үлкен роль атқарды. Өздерінің қол астындағыларға бұл жандар жақсылық тілейді және оларды бақытпен және игілікпен қамтамасыз етуі мүмкін. Егер руға құдай бала беруден бас тартса, кутына басқа ру қамқоршысына жалбарынған. Осы арқылы телеуттерде бала кутын Эрликтен алу мүмкіндігі жөнінде сенім пайда болды. Оңтүстік алтайлықтардың сенімдерінде Эрлик үлкенінің тапсырысы бойынша өз әлеміне ортаңғы әлем адамдарын алып кетеді, олар ол жерде жер асты елінің, қоғамның тек құқылы мүшелері болады, яғни Эрлик жері қайтыс болғанда көшіп және әрі қарай кәдімгі өмір сүруді жалғастыратындай болды.

Сібірдің түркі тілдес халықтарының қайтыс болған елдері туралы көзқарастар христандық тозақ туралы ойларымен сәйкес келмеді. Олардың түсінгінше адамдар жер асты еліне пірі болып түсеміндеп оны қоныстанғандарға хамақ болды және оларға әр түрлі жағымсыздық тигізді. Өздерінің территорияларында таңғажайып жандар адамдар секілді өмір сүрді. Аңшылықпен және мал өсірумен айналасты, балалар туды, ауырды және т.б. Төменгі әлемде адамдар болған ханындағы аңыздар Якуттерде Сагойуттерде және тофанарда ғана тіркелген. Бірақ оларды жалпы түркілік деп санауға болады. Алтайлардың, тувалықтардың және шарқалардың мұндай жазбаларының болмауы, бар материалдардың үзінділерімен түсіндіріледі.

Эрлик ұлдары туралы салыстырмалы мәліметтер бойынша басқа территорияларының рухтарымен, жер асты хандарымен, басқа рулардың қамқоршыларымен адамға жауыздық рөлін атқаратындығын растайды. Осылайша шолқалар Эрликтің ұлдары Қара күйе мен Қырғыс ханды санады. Біріншісі Оңтүстік алтайлықтарда Ұлыс ұлдарының топтарына қосылуы және кейбір руларға қамқоршылық етті, ал екіншісі нумандықтар Ұлысының ұлы деп санады және рулық рух – қамқоршысы деді. Мүмкін басқа рулардың қорғушылары шолқалардың жауыз хандар болып көрінді.

Сібірдің түркі тілдес халықтары әлем туралы көзқарасын қайта құра отырып, олардың төменгі әлемді тек ғана рухтарға тиісті жер деп санамаған. Якут сенімдері бойынша онда тәуелсіз ұсталар рух

– қамқоршысы Қытай Бахсы Құдай тұрған, ол адамдарға ұстамдық дарынын берген [9, 36 б.]

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алексеев Н. А. Шаманизм тюркоязычных народов Сибири: опыт ареального сравнительного исследования. – Новосибирск : Наука, 1984. – 403 с.
- 2 Эргис Г. У. Очерки по якутскому фольклору. – М. : Наука, 1974. – 403 с.
- 3 Пекарский Э. П. Материалы по якутскому обычному праву // Сборник МАЭ АН СССР, 1925. – Т. V. – Вып. 2. – С. 145; Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. – Т. I-III. – М. : Изд-во АН СССР.
- 4 Потапов Л. П. Алтайский шаманизм. – Л. : Наука, 1991. – 321 с.
- 5 Токарев С. А. Ранние формы религии и их развитие. – М. : Наука, 1964. – 399 с.
- 6 Токарев С. А. Очерк истории якутского народа. – М. : Наука, 1940.
- 7 Анохин А.В. Материалы по шаманству у алтайцев, собранные во время путешествий по Алтаю в 1910-1912 гг. по поручению Русского комитета для – изучения Средней и Восточной Азии. – Л. 1924. – 152 с. // Сборник МАЭ АН СССР. – Т. IV. – Вып.: 2). – С. 26.
- 8 Васильев В. Н. Шаманский костюм и бубен у якутов // Сборник МАЭ АН СССР, 1910. – Т. I. – Вып. 8. – С. 13.
- 9 Алексеев Н. А. Ранние формы религии тюркоязычных народов Сибири. – Новосибирск : Наука, 1986. – 308 с.

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР МЕН ӨНЕР

РАХИМОВ Е. Е.

дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, № 2 ЖОББМ, Ақсу к.

Ойнамайтын бала жоқ. Ойынға қызықпайтын адам жоқ. Көңіл көтермейтін адам, сауық құрмайтын халық жоқ. Үлкен де, кіші де ойнап көңіл көтереді, бір нәрсеге беріле қызығады, әр жетістіктен қанағат табады. Ал қызығу, қуану, қанағаттану – өмірді тамашалаудың көрінісі немесе өмірде сауық құрудың нышаны. Ойын-сауыққа үлкен-кішінің бәрі де әуес. Өмір кейде ойын-сауыққа ұқсас, ойын-сауықсыз адамның өмірін көз алдына елестетте алмайсың. Ойынның тарихы тереңде, көне дәуірден басталады. Оның қалыптасу кезеңдері мен



тарихы өз алдына әңгіме. Ойын – халықтың өмір сүру салтынан, өмір сүру үшін күресінен туындаған қажеттіліктің бірі. Ойын-сауық еңбектің мазмұны мен құралына орай түрленген, жетілген. Қазақ – ойын-сауықшыл халық. Бүгінде қазақтың 100-ден аса ойын түрлері мәлім. Қазақ «баланы жастан» дегенде, ойын-сауық арқылы жасөспіріммен тәрбиелік жұмысты ертерек және жас ерекшеліктеріне қарай жүргізуді пайымдайды. Ойынсыз ұрпақтың кім екенін, халықтың қандай екенін бағалау екіталай. Адам мен ойын түйіндес, түбірлес. Ойын-сауық қазақтың әдет-ғұрпына үнемі және айқын ықпал еткен.

Тас дәуірінде қалыптасқан таяқ жүгірту, асық, аксүйек, темір дәуірінде тараған – қарағие, садақ, бергі феодалдық дәуірдегі, яғни үйсін, қаңлы хандығы кезіндегі – ақбайпақ, алтыбақан, арқан тартыс, белбеу тастау, жасырынбақ, көрші бұғынай, айдап-сал тағы басқа ойындарды бүгінде білетіндер де, білмейтіндер де аз емес. Жануарлардың қозғалысына еліктеп жасалынған қозғалыстар да бертін келе ойын-бидің арқауына айналған, «Аң аулау» билерінің түрлері бір ізге келтірілмеген. Дегенмен олар барлық қауымдастық мүшелерін қызықтырғанын ескерсек, оның тартымды түрлерінің көп және жаттығуға икемді болғанына күмәнданбаймыз. Қыпшақтардың тайпалық одақтары түрік қағанатына қосылғанда хан жақсы ма, ханды қара басты, шалма, қарамырза, сайыс, ат үстіндегі тартыс, аударыспақ, балтаптап, «көк бөрі тарту» сияқты ойын түрлері таралған. Ұлттық ойынымыздың тарихы туралы Рашид-аддин, Низами әл-Мүлк, Мосуди, Махмұд Қашқари сынды ғұламалар пікірлерін қалдырған. Батыстың XIII ғасырдағы саяхатшысы Марко Поло Жетісу жеріндегі үлкен жиында «Қыз қуу» ойыны мен «Қыз бөрі» ойынын көргенін естеліктерінде тамашалап баяндайды. Ойында өмірдің еркіндігі, кедергісі мен мақсаты анықталады. Ойын-сауық – жеке адамның даму қажеттілігін арттырады, қарсыласпен татуласу немесе оны жеңу жолдарын іздестіреді. Шаруашылықтағы қимыл-әрекетті осы биік мақсатқа көтерді. Ойын - адамның ойлануы мен дене қабілетінің бәсекесі, қарсыласпен ашық жарыс. Оның мақсаты - жеңіске жету, ойындағы адамның қабілет күшінің үстемдігін көрсету, дәлелдеу.

Ойын-сауықта кісілік қасиет шындалады, адам қабілетінің құндылығы артады. Әр деңгейдің өз өнері мен өнегесіне қызыққан шетел саяхатшылары осы қайталанбас табыстарды қанша мәртеге дәл сипаттап жеткізе алған. Ән-би – сауықшылардың өнері ғана емес, теңдік пен туыстыққа тартатын өнегелі өмір. Ән-би сауығы – қысылып-қымтырылудан арылтатын, еркіндікке еміренушілік, әркімнің қырағылығы мен көрегендігіне демеушілік ететін ашық өнер,

оның қызбалы түрі. Мысалға, әнші мен биші, қалжыңқой не айтамын десе де, аңшы нені атамын десе де өз еркінде еді. Ән-би, қуаныш пен жұбаныштың бейнелі тілі. Өнер тілімен орындаушы мен көрермен, жеке мен көпшілік өзара түсінсе де, таныса да алады. Мұның бәрі де, бір жағы, сыртқы көріністерге ұқсайды, бір жағы, өзіндік кемшілікті жеңудің, өзіндік табысқа жетудің амалды әрекетіне жатады. Осындай белсенділікке қазақтың балалары ерте араласқан. Ойын-сауық белсенділігі – мінездегі кемшілікке, жеке адам мен қоршаған ортадағы келіссіздікке қарсылық, сондай-ақ бойдағы ебедейлікті көрсетуге шек қоймай жан таласу. Бұл ашық та, нақты сайыс. Оған деген халықтық ықылас жоғары болды. Қолдауы басым ортада әркім өзінің көргенін, көкейіндегісін жеткізуге алаңсыз әрекеттенеді. Өз қалауынша жарыстың түрі мен әдісін таңдайды. Ойындағының бәрі де өтпелі-төкпелі емес. Түттеп келсек, ойын тәртіпке, тапқырлыққа, туралыққа үйретеді, қалжың-өзілден нәр алады, бас қосып жүздеспек іңкәрдан серпіліс табады. Осы ерекшеліктердің ұлттық сипаты мен көріністері бар. Ұлттық ойын – халық өнері мен мәдениетінің негізгі бір саласы. Ойын кезінде қазақтың ұлттық ойындарына тән ерекшеліктерді қалай ұғамыз, оларды қолдауға қаншалықты бейімбіз деген көкейкесті сұрақтар өздігінен туындайды. Ұлттық ойын-сауықтар – ұрпақ пен елдіктің елшілігі, халықтың әдет-ғұрпының көрігі, әр перзенттің жүрегіндегі оттығы. Мұндай өтімді құндылықтар ойын-сауықтың ортақ сақтық қорын, жарқын дүниені демейтін әдеттің қайнар көзін құрайды.

Әдет-ғұрып ойындарына, алдымен, қыз ұзату және үйлену тойында болатын ойын-сауықтар жатады. Мысалы, жер-жерде үйлену тойының мынандай ойын-сауықтары таралған: «тоғыз аяқ», «тоғыз табак», «жар-жар», «беташар», «құда түсу», «қол ұстатар», «шаш сипар», «неке қияр», «кемпір өлді», «шымылдық байлар», «сақина салар», «есік ашар», «ат байлар», «түндік ашар», «ит ырылдатар», сондай-ақ «тоқым қағар», «қынаменде», «қыз көде» сияқты ырым – жоралар бар. Бұл әдет-ғұрып ойындардың бас кейіпкерлері – қыз бен жігіттің жеңгелер мен құрбы – құрдастары болса да, сауық өткізу рәсімі жер-жерде бірдей емес, түрленіп жатады. Тойдағы әндер мен жырлар, күйлер мен билер көңіл көтеретін, қуанышты білдіретін, ой тербететін, шабыт келтіретін, қабілет-қасиет сайысы, дәстүрлердің тоғысы түрленіп-ақ жатқаны. Әдет-ғұрып ойындары әдетте арнаулы жырмен, болмаса айтыспен басталады. Айтыс – ақыл парасат таластыру түрі, тартыс- күш сынасудың жариялы түрі. Айтыс – таланттарға жол ашу, шындықты жеткіздіре серпілту, өз артықшылығы мен үстемдігін мойындатқызу. Айтыста талаптылар мен таланттар түйіседі, табысады,

туыстасады. Ыстық сезім мен тұнық ынтықтан қайнап шыққан халық жыры тыңдаушының жанына жылы тиеді, жүрегінің қылын қозғайды. Адамның жан дүниесіне, кісілік қасиеттеріне жол ашады. Өйткені әнші көңілдегісін, арманын толғайды, ешкімге елікпей өзінше тебіренеді, мұрат пен мұңға орай өзінше ойын оқтайды, сөзін сипаттайды. Суырып салма жырымен өзінің де, өзгенің де жан-тәнін сергітеді, бақытты күймен серіктеседі. Жүрегі жырлағанның серіктесі – тапқырлық, шешендік сөз айтысы, пікірталасты сұхбаттасу. Ата-баба дәстүрі арқылы қанымызға сіңген – күрес, сайыс, найзаласу, садақ ату, бетпелбет келген қарсыласының жанды жеріне соға білу көшпелі өмірде дене тәрбиесінің күрделі болғанын білдіреді. Ойын-сауық – ақыл мен жігердің тартысы, қозғалыстағының таласы мен жарысуы, мыөтылар мен ептілердің жеңісі:

- жарысқандардың әңгімелесіп желпінуі, әндетіп серпілуі, әсемдене есеті;
- әзіл-әңгімесі мен әдеби жарасқандардың сәнділігі мен сенімділігі;
- тапқырлықтың алданышы, қуанышы, жұбанышы, ептілікті үйрену, батылдықпен үйлесу, қайсарлықты үйрету;
- нақты мақсатқа ұмтылу, жүйелі әрекетті ұйымдастыру, тиімді әдісті ұтымды пайдалану.

Ойын-сауық – жамағаттың белдесуі, бәсекелесуі, бауырласуы немес айтысуы, аңдысуы, айқасуы. Ойын-сауық шабуылдан қорғану, шабытты қолдану, жеңімпаздармен қолтықтасу. Сауықшылар күштілермен көршілес, епті өнегелілермен қоныстас, жанашырларға тілектес, өз ортасымен тағдырлас болады. Мұндай адамдық бәсекелі қатынаста тазалық, тұралық, татулық жоғары бағаланады. Өмір сүрудің қолайлы, дәстүрлі, тартымды, өтімді жолдары уағыздалады. Өзі мен ұрпақтың байлығын арттырған өнерліден әркім үйренеді, өз қуатына икемсіз жаманнан тез жиренеді. Өнерпаздық – ұқыптылық пен ынталылық нәтижесі, тәртіптілік пен қабілеттілік көрінісі, халықтың болашақ дамуының кепілі. Онда рухани жетістіктер іріктелінеді, құндылықтар қолдау табады. Өнерпаздарда бостандыққа деген сүйіспеншілік, кісіге деген кішіпейілділік, ертеңіне деген сенім, білімге деген құмарлық басым. Өнерпаздар өз ырқымен киелі қасиеттерді көпке таратады, жекеңің өтінішін көпшілікке жеткізеді. Өнерпаз өтініштен бас тартпады, шамасы келгенше көңілден шығуға тырысады. Ойы мен еркі, пайымдауы мен паркы, денелік шапшандығы мен шеберлігі үйлескен жандар ойын-сауықтың бас кейіпкеріне айналады. Өнерпаз өрескелдікті қабылдамайды, бұйрыққа жүрмейді. Жаны таза, рухы биік, денесі шымырлар ғана ойын-сауықтың беташарына жарайды,

ойын тәртібін сақтайды. Өзін ұстай біледі, бақылаулы және бақылаусыз кеністікті ажырата алады. Бақылаудан тыс қалмайды, біреудің жетегіне жүре бермейді. Ойынның бір түрінен қанағат таппаса, қызықтыратын басқа түрлеріне ауысады. Мұндай еркін таңдауда мәселе де, қарсылас та, тәртіп түрі де өзгеріп, жаңарып отырады. Үлкен мұрат үшін тер төккен өнерпаздан халық сый-құрметін аямайды, өнерпаз да еңбегі мен талантын құрметтегенді жақсы көреді. Құрмет көңіл ашады. Шабытына шабыт қосады. Ойын-сауық жарыссыз, бөйгесіз қызбайды. Жарыс – ой мен сөздің, мінез бен қимыл-әрекеттің жарысы, үміт пен үлгінің жарысы. Бөйге – бас қостыратын, өнер жарыстыратын, үлкен мен кішіні, алыс пен жақынды табыстыратын үлкен оқиға.

Бөйге – Тәңір мен ата-баба аруағын дәріптейтін халықтық мерекенің оттығы. Бәсекенің қан қыздырар бір түрі – жігіттер сайысы. Оған аударыспақ, күрес, ат жарысы, көкпар жатады.

Көшпенділердің қыс пен жаз кезінде бос уақыттары мол болады. Күн батқаннан кейін көпшілік топ-тобымен бір-біріне жақын, дөңгелене отырып, әңгіме немесе ертегі айтуға кіріседі, ән айтып қалжыңдасады, сауық құрып шулайды, тіпті, қобыз, домбыра, сыбызғы тартып, бірнеше сағат бойы қызықты тамашалайды. Әңгімеден жаңалық пен жақсылық күтеді, ән-бимен адалдық пен адамгершілікті үгіттейді. Жаңалықты дер кезінде жеткізуді жақсылық нышаны мен теңестіреді, мінез-құлқы баяндылардың қабіріне бөленеді. Жаңалықты және ол туралы өз ойын жеткізе білу хабаршының қабілетіне сын болды. Ел арасында жаңалықты көрші 20-30 шақырым жердегі ауылдарға атпен шауып барып, сүйінші сұрауға дайын адам әрқашан табылған. Осылайша «отыз тістен шыққан сөз лезде отыз рулы елге тарап кетеді». Бәрі де қуанышты бөлісіп шүйіркелеседі. Қуаныш жиі ойын-сауыққа, әртүрлі отбасындағы мерекелерге, тойға ұласып жатады. Игі істер мен жаңа, жақсы бастамалар ел аузына лезде ілігеді, көптің назарынан тыс қалмайды, қолдау табады. Осыдан қазақтардың хабарға құлағы сақ болып келеді. Хабар адамды бей-жай қалдырмайды. Хабар жеткізу – үлкен-кішінің лезде басын қосатын байланыс түрі, ел бірлігінің белгісі, шындыққа деген құмарлық қызығушылық іспеттес. Естілер хабарды нақты әрекетке мегзейді, жағымды сарынын орағытып жақындастырады. Топтасып біріккендер біртіндеп сөйлей-сөйлей шешен болады, көре-көре өздерінше көсемдік құрады. Бірігу – туыстасудың негізін құрайды. Туыстық жаңашырлықтан, батылдықтан, ақылдан нәр алады, діттегенін жүзеге асыратын әрекет ықпалынан тірек табады. Салттық рәсімнің төлтумасы – адасты сыйлауда, сауық құруда, ел қыдыруда. Сыйлау

адамның өзіне, ісіне деген сенімін арттырады. Сауықта адам өз мінез-кұлқын бақылауды үйренеді. Ел қыдырып, жүріс-тұрысын да ширатады.

Адамның өресін көтерген және көтеретін бұл бастамалар: а) жарық дүниенің бірлескен, дамыған жағын; б) мәдениеттің өзіндік, шығыстық-көшпелі түрін; в) қоғамдық өмірдің ерекше жетілген көрінісін құрайды. Үштік нұсқалар тоғысқан сайын қоғамдық құрылым мен қатынаста халықтық ықпал, халықтық дәстүр маңызын үстемелейді. Халық ақсүйектерге, сұлтандарға, қажыларға, хан тұқымдарына арқа сүйейді. Бірақ олардың бұйрығынан гөрі, би-шешендердің сөзі, өнерпаздардың өнегесі анағұрлым өтімдірек болады. Соңғылардың тілі, дүниетанымы және дүние сезімі кезкелген тыңдаушыларын бей-жай қалдырмайды.

Ойын-сауық адамның талдау, таңдау қабілетін шындайды, ортамен тіл табысуға, қарым-қатынасты жетілдіруге, жұмысын мазмұны етуге, жеңіске жетудің ең тиімді түрлерін қарастыруға, адамның бойындағы қасиетті әлеуметтік күшке және қозғалысқа айналдыруға итермелейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Төтенбаев Б. «Қазақтың ұлттық ойындары». – Алматы, 1994. – 27 б.
- 2 Сағындықов Е. «Қазақтың ұлттық ойындары». – Алматы, 1994. – 58-61 б.
- 3 Төтенаев Б. «Қазақтың ұлттық ойындары». – Алматы, 1994. – 19-24 б.
- 4 Балғымбаев М. «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері». – Алматы, 1985. – 86 б.
- 5 Бүркітбаев Ә. авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні». – Алматы, 1998. – 16-21 б.

### ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ МЕН ДАМУ ЖОЛЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

РАХИМОВА А. А.  
тарих пәнінің мұғалімі, № 2 ЖОББМ, Ақсу қ.

«Өзіндік ерекшелік» деген ұғымды біз тәуелсіздіктен бұрынғы және бүгінгі Қазақстанды, басқа елдермен, әсіресе соның ішінде 1990 жылдардан тәуелсіздігін алған және саяси, экономикалық жағынан нарықтық, демократиялық қатынасқа көшкен елдермен

Қазақстанды салғастыра отырып, олардан айырмашылықтары мен артықшылықтарын тауып көрсету арқылы баға беру деп білеміз. Атаулы тақырып аясындағы баяндамада мен осы бағытты ұстанып, қарастыруға тырысып бақтым. Өйткені айналасы ширек ғасырға да жете бермеген тарихи қысқа мерзімде біздің Қазақстан Республикамыздың тәуелсіздік жолымен даму шежіресінде өзіміз мақтаныш етерлік, өзгелер үлгі тұтарлық таңғажайып тәжірибелер мен тамаша табыс, жетістіктер аса мол деп ауыз толтырып айта аламыз. Ата-бабаларымыздың еркіндік аңсап, алмас қылышын намысына қайрап, қайтпай, қажымай қарсылық жасауымен, қынадай қырылған құрбандығымен келген, солардың соңғы көрінісі ретінде жарты әлемге азаттық дабылын қаққан Желтоқсан ереуілінен кейін-ақ солардың ақырғы шешуші түйіні болып, қансыз майдан, басын бәйгеге тіккен жүрекжұтты ерліктің арқасында келген тәуелсіздік жаңа таңдау жолын алға ұсынды. Сөйтіп, бұл ел бұрын капитализмді аттап, феодализмнен социализмге өткен болса, енді социализмнен нарықтық, демократиялық қоғамға өтіп, бейбіт жағдайда дамудың үлгілерін тыңнан жасады.

Жоңғар шапқыншылығы, 1916 жылғы көтеріліс пен жазалау, Қазан төңкерісіндегі ақ пен қызылдың айқасы, голощекиндік кіші көтеріліс, ашаршылық апаты, сталиндік қырғын мен қуғын-сүргін, дүниежүзілік соғыс, Ресей бодандығы қатарлы үш ғасырға жуық мерзімде қанды қасап пен қатал қыспақтың зардабынан жан саны қазіргіден неше есе кемуге келген; кең даласы кірмелердің меншігі, саяси айыпкердің қорлау лагері болып өзгеріп, өзінің жерінде азшылыққа айналып, ана тілі мен ұлттық салт-дәстүрінің жұрнағы ғана қалып, жойылу кезеңіне келіп жеткен қазақ халқы тәуелсіздігін жеңіп алып, аз уақыттың ішінде дәуірлеп дамыды. Бұл, шынында да, аталар аманаты орындалып, үзілген үміттің қайта жалғанғандығын, қол жетпес арманның ақиқатқа айналдығын, алғабасар азаматтарының ақыл- парасаттылығын, қара орман халқының қатпас қаһармандығын әлемге әйгілеп берді. «Қырық жыл қырғын келсе де, ажалды өлер» дейтін өз қағидасы қазақты құтқарып шықты.

Бүгін тәуелсіздіктің алғашқы жиырма бес жылы алыстап артта қалып, жылыстап, жырақтап кете бастады. Осынау екі мүшелдің бастапқы он жылын Республикамыздың тұңғыш Президенті, кеменгер көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайында сөйлеген сөзінде: «Соңғы он жылда он ғасырға татитын оқиға болды десек артық айтқандай болмас» деп бағалай отырып, сол он ғасырға татитын оқиғаларды айқын атап көрсеткен еді:

Қазақстан тәуелсіз дербес, әрі өз тарихында ең ауқымды, бүкіл дүниеге танымал мемлекет болып құрылып, әлеуметтік, экономикалық жаңа жүйеге көшті. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының, әлемдік қауымдастықтың, Біріккен Ұлттар Ұйымының тең құқықты мүшесі болып, егемендігін дүние жүзіне мойындатты.

Кеңестер Одағы жойылғанда, бұрын оның қол астында болған республикалар алды-алдына шаңырақ көтергенімен, олардың біреуі қаз тұра алмай жатса, енді біреулері іштен іріп, қақтығысып, қан төгісіп, тағы біреулері күнкөрісі нашарланғандықтан, өз жерінен безіп кеттіжәне біреулері тартыс, талас, текетіреспен күн кешіп жатқанда, Қазақстан Ата заңын қабылдап, алтын қыраны қалықтаған Елтаңба, көгілдір Ту, асқақ Әнұранын бекітіп, Ана тіліне бас мәртебе беріп, ұлттық валютасы Теңгені дүниеге келтіріп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, өтпелі кезең ауыртпалықтарына мойымастан берік сенім, бейбіт жол, береке-бірлікпен алға тартып бара жатты.

Қазақстан тәуекелдік етіп, тәуелсіздігін қолына алды, бірақ оны түбегейлі сақтап, ілгері басып кете алар ма екен, қиын өткелдердің қайсыбірінен өте алмай сүрінер деген күдік іште де, сыртта да, доста да, дұшпанда да көбірек болды. Ал Қазақстан аз уақыттың ішінде ұлттық қарулы күшін сайдың тасындай ұландарымен құрып, жаратқандырып, жаттықтырып үлгерді. Елбасының көрнекті саясаткерлік беделі мен дипломатиялық шеберлігінің арқасында мемлекеттік шекараны даудамайсыз анықтап бекітті. Экономиканы тұрақтандырып, нарықтық қатынасқа көшіріп, нығайта бастады. Мол инвестиция тартылып, экономикалық өсу елеулі жылдамдыққа жетті. Елдің алтын қорын жинақтап, болашақ ұрпаққа арнап Ұлттық қор ашты. Өтпелі дәуір ауыртпалығымен тұралаған халқының әл-ауқатын біршама көтеріп, өз жұртынан алғыс, өзге жұрттан бедел алып, үздіксіз ілгерілеу қарқынына ие болды.

Бұрын басқаның жетегінде өмір кешіп, қатал ережесі бойынша іс-әрекет етіп келе жатқан, осынау кең дала менің топырағым, мен қазақпын, дінім ислам деуді аузы батып айта алмайтын қазақ демократиялық жүйеге көшіп, бас бостандығына, сөз бостандығына, дін бостандығына қолы жетті, тағдыр тауқыметімен азып-тозып, ауа көшіп, жан сауғалап, ғаламшардың сан тарабына бытырап кеткен қандастарын ата жұртына, тарихи Отанына шақырып, асыға, аңсай жеткен оларды құшақ жайып қарсы ала бастады.

Ұлы Қытай мемлекетімен арадағы күрделі шекара мәселесі шешілді, жаңа Ресеймен мәңгілік достық шарты жасалды, Орта

Азиядағы көршілермен достық нығайып, АҚШ-пен стратегиялық әріптестік орнады.

Әлемдегі мандай алды елдердің қатарындағы мекен-жері кең, байырғы ұлтының иеленетін сыбағалы салмағы аз бола тұра, аса көп ұлттан құралған мемлекет бола тұра, аумалы-төкпелі аласапыран кезеңде ұлтаралық татулық пен өзекті ұлттың ауызбірлігін, ел тыныштығын сақтап қалу осы кезеңдегі ең бірегей жетістіктердің бірі болып тарих парағына жазылды.

Осылардың қай-қайсысынан да кем емес, ерлік пен өрліктің және бір айқын айғағы-әрбір ғимаратының өзі ертегідегі хан сарайымен бара-бара жаңа елорда – Астана қаласының айналасын төрт-бес-ақ жылда орнатып, ғаламдағы ғажайып шаһарлардың қатарына қосқандық болып табылады. Жолы түсіп біздің Астанаға келген мейман бұл қаланың ажар-көркін таңқала тамашалай жүріп, осы елдің бастан кешкен тарихынан, қазіргі дамысынан мағлұмат алып, қаланы санамен саралап, жоспарлап-жобалаған адамдардың білім-парасатына, салып тұрғызушылардың шебер іскерлігіне, қажыр-қайратына, Қазақ елінің қарымына тәнті болары анық. Тәуелсіздігін алғалы жүз жыл болған, елінің орталығын басқа жаққа көшіруді мақсат етіп айқайлағалы жиырма жыл өткенімен, ол өңірге өні түзу бір сарай салуға дәрмені жетпей отырған ел де бар. (Мысал, Біздің ежелгі көршіміз Моңғолия астанасын қазіргі Ұланбатырдан бұрынғы Керейдің бас қаласы Қарақорымға көшіру бағытын ұстанумен келеді). Ал Астана қаласының даңқы қазір әлемге кең жайылды.

Біздің ойымызша, Қазақстанның тәуелсіздігін орнықтыру, елді кідіріссіз дамытудың өзекті арқауы еліміз көшбасшысының білімі мен парасатында, батылдығы мен ұлтжандылығында, халқының тәуелсіздікке адалдығында және саяси, мемлекеттік құрылым Қазақстанның өз ерекшеліктері мен табиғатына үйлесіп сәйкескендігінде деп білеміз. Ұлы көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты күллі қазақстандықтар Президенттікке ең алғашқыдан бастап аманат артып, сенім жүктеп, әлденеше рет дерлік бірауыздан сайлап, ширек ғасыр бойы бірлесумен келеді. Азиялық көршілер аузына қарайды, ақылын алады, діндес, төркіндес халықтар ардақ тұтады, айбынды алып мемлекет басшылары нықтасып, тең санасады, соның арқасында Қазақ елінің беделі әлемдік аренада биіктелді. Өйткені Қазақстанның дамыс жолында орасан ауыртпалық ұшырасқан жоқ, дүниежүзілік дағдарыстың өзінен ұрымтал жолдар тауып, күйзеліссіз өтті. Өзге елдер душар болған әлденеше реткі саяси, экономикалық ауыр дағдарыстарды жеңуіне бас ақылшы, ұйтқы бола білді.



Мемлекеттік құрылым еліміздің өз ерекшелігіне, дәстүріне, дамыс кезеңіне үйлескен деуіміздің себебі біздің ата-бабаларымыздан қалған: «Екі аққуға да бір басшы» деген аталы сөз бар. Басшысы болмаса, ағайынды алтаудың өзі өзара ала, араз болады, олар ала болған соң «кереге басына пәле толады». «Көп шылдақ не бар, билемесе бір кемел» деп данышпан атамыз Абай айтқан. Ал бұларға қарама-қарсы түрде билік жүргізу үлгісін де қазақ халқы қолданып байқаған. Мысалы, төбе би Төле бидің тұсында, Сырым Датұлының тұсында. Әрине, олар да демократиялық билік еді. Бірақ оларда жергілікті өзін-өзі билеудің оңтайлы нышаны болғанымен, пайдасынан зины асып түсті, тұс-тұстан көз алартып түскен жау көп, жұртшылық берекесіздіктің ауыр сынағынан өтпеген, береке-бірлікті аңсап, зарықтаған уақыттағы ондай «сәби» демократия халықты ыдыраушылыққа, одан әрі басқаға телім-бодан болу қастеріне душар еткен. Әсіресе, аз халықтар ортасына мұндай «демократияны» орнатып беріп, «қиқымдарды» өзара билікталас, шенталастыққа салу 18-19 ғасырдағы Цин империясының басқа халықтарды өзара қырқыстырып қойып, әлсіретіп барып, оп-оңай басып алудағы басты таңдаулы тәсілі болғанын ұмытпаған абзал. Тәуелсіз қазақ елінің қуатын қайтаруды қасақана ойлайтындар мен осы жайды түсінбейтіндер, я болмаса осы елдің ұлттық ерекшелігімен, қазіргі халықаралық жағдаймен санаспай, мәселеге үстірт қарайтындар Қазақстандағы президенттік биліктің орнына парламенттік билік құру дұрыс, бұл нағыз демократия дейтіндері бар. Ал демократияның өзі адамзат баласының ойлап тапқан құрылымдарының ішіндегі ең бір тәуірі дегеніміз болмаса, мұның өзі жырғап тұрған нәрсе емес деп ең алғабасар демократ Уинстон Черчилльдің өзі айтқан және ағылшын философы А. Тойнби Черчилльдің бұл өсиетін қайталай отырып: «Алайда, парламенттік демократия жағдайында өмір сүретін халықтың елеулі кемшілігі саяси партия мүдделерін ұлт мүдделерінен жоғары қоятындығы болып табылады» деген екен. Осыны саралай келіп Н. Ә. Назарбаев: «Бәлкім, демократиядан кейде тоталитаризм мен фашизмнің өрбіп шығатындығы содан болар» – деген (Н. Ә. Назарбаев «Тарих толқынында». – А., 1999 ж; 226 б.). Олай болса жақсы жемістері арқылы демократия қанат жая берсін-ақ, бірақ ұлт мүддесін жауып тастап партия мүддесімен кететін парламенттік жүйенің, анархияға жетіп асқақтаған кезінде тоталитаризм мен фашизмге соқтыратын кері әсерлерден осы еді Президенттік билік сақтап келе жатқандығы тәуелсіз даму жолындағы елдің бірден бір дұрыс таңдауы деп білеміз.

Президенттік билік бұл халықтың бас бостандығы, сөз бостандығы, дін және басқа еркіндіктерінің ешқайсысына ешқандай кедергі, нұқсан

келтіріп, беттен қағып отырған жоқ. Қайта халықтың көкейтесті мүдделері үшін жаппай белгілі мұрат-мақсатқа бағыттап жұмылдыру, осы елдің бір азаматын екінші біреуіне басындырмау, мұқтаж етпеу, көздеген мақсат, алға қойған міндеттерді әркім тиісті мерзімінде жауапкершілікпен саналы түрде сапалы орындап шығуы үшін биліктің осы жүйесі бүгінгі кезеңде ең таңдаулы жүйе болып отыр. Мемлекет, үкімет оздерінің басты басқарушы, атқарушылық міндеттерімен қоса дінге де үлкен мән беріп келеді. Мұсылман қауымның өздері тұрғызып алуына тиіс айдар-күмбезін күн шалған зәулім де сәулетті мешіттерді салып беріп, имандылық пен игіліктің бастауына айналған қасиетті дінімізді қалпына келтіріп дамытуға мемлекет теңдесі жоқ қамқорлық жасап отыр. Онымен қоса, Қазақстан әлемдегі басты дінбасыларын астанада тоғыстыру, Қазақстан Халқы Ассамблеясын құрып, олардың өкілдерінің басын қосып, жиі-жиі ой тоғыстыру арқылы Қазақстанның, дүниежүзінің халықтарын тату бірлікке шақыру, әлемде бейбітшілікті орнықтыру жолында айырықша маңызды міндеттер атқарып келеді.

Елбасы көрегендігінің бірі «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы болды. Бағдарлама арқылы келген өзгерістер әлеуметтік, экономикалық дамысқа тегеурінді ықпал етті. Қазақстан халқы оның жемісін игіліктенді. Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауы арқылы толықтанып, айқындалып, жүзеге асыру тәсілдері нұсқалып отыруы арқылы дамыстың жарқын қыбламасына айналған Бағдарламаның өзінде айтылған: «Мемлекетіміз бен қоғамымыздың құрудың дұрыс стратегиясын тандап алудың өміршең мәні бар. Екшеле талданып жасалған стратегиялық жоспар назарды жинақтайды, тәртіпке жұмылдырады және жәрдемдеседі» дегенді жаңа түсінген әріптес елдер де алға басудың жөні осы деп басы ауған жаққа беталды тарта беруден бас тартып, болашақты болжап көздеген нысана, оған жетудің жөн-жобаның болуы дұрыс екен деп ұғынып осындай ұзақ мерзімдік жоспар жасап басшылыққа ала бастады.

Стратегиялық жоспарды жүзеге асырудың мәні мен мүмкіндіктері, әдіс, тәсілдері, жолай кезігетін кілттендер мен олардан өту жолдары жан-жақты толық көрсетіле келіп, ол арқылы жететін меже Бағдарламада Азияның айбынды да киелі жануары Алтайдың Қар Барысы ретінде бейнеленген. Алтайдағы арқар, тауешкінің бақташысы атанған тарғыл барыс өзгеге өздігінен тиіспейтін, зәбірі жоқ кербез, өзіне қастық жасағанды аямайтын ашушаң кекшіл, айбатты да алып күш иесі екен.

Демек, біздің бейнелеуімізше балғын барыстың жүні жетіліп, жүрісі түзеліп, жанары жарқырап, тісі мен тұяғы күн санап, жыл сайын өсумен келеді. Құдай каласа, енді ол толысып, кемеліне келеді.

Стратегиялық Бағдарлама аясында елдің сан салалы өмірін қамтыған маңызды бағдарламалар дүниеге келіп, жүзеге асып, жемісін бере бастады. Солардың басты маңызды біреуі «Болашақ» бағдарламасы арқылы әр елдің таңдаулы мектептерінде оқып, білім алып, мамандық игерген жастардың алдыңғы легі тың серпінмен туған елінің өміршен істеріне білек сыбанып кірісіп те кетті. Қазір Қазақстандағы озық салалардың бірібілім беру болса, енді бірі – денсаулық сақтау. «Болашақпен» бір «Дарын», «Балапан» бағдарламалары да – тәуелсіз жас мемлекеттің өзінің болашақ жасаушыларын дайындаудағы жаңа бастама, тың қадамдары.

Сайып келгенде, тәуелсіздік, даму жолындағы Қазақстанның ерекшеліктері мен жетістіктері туралы айтып сөз жеткісіз ұшан-теңіз.

Осы жетістіктер, таңдаулы тәжірибелер бағыт-бағдары дұрыс мемлекетіміздің, әлемдік көрнекті саясаткер, кемеңгер Н. Ә. Назарбаевпен ол кісінің алғар ойлы серіктерінің, қаһарман Қазақстан халқының, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық күресімен қолға келіп отырғандығын ешбір жан жоққа шығара алмайды. Тәуелсіздік, үдемелі намыс үшін біздердің баршамызға ортақ талпыныстарымыз бен құлшыныстарымыз жалғасын таба беретініне мен кәміл сенемін. Өйткені Тәуелсіздік – біздің ең асыл құндылығымыз, ең бірінші мұрат, мүддеміз!

Тәуелсіз елмен тапқан жарасымын,  
Тәу егер Бәйтерегім – дара шыңым.  
Ұғынған тал бесіктен дала сырын,  
Ұлымның мен де ұлтжанды баласымын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н. Ә. «Тарих толқынында». – А., 1999. – 226 б.
- 2 «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарлама.

### МАРАЛ ИШАН – СЫРДЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ КҮРЕСКЕР ШАМШЫРАҒЫ

САҒИДОЛЛИЕВА М. Б.  
мұғалім, ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.

Марал бабамыз қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткері болды. Пәлсапалық ойларымен көптің көзіне түсті. Ислам дінінің өркен жаюына өлшеусіз үлес қосқан ол үш жүздің пірі атанды.

Осындай әулиелік қасиеттері оны елден ерекшелеп тұрды. Марал ишан туралы аңыздар-қазақ халқының өмірінің қилы бір кезеңіндегі қоғамдық саяси халінен, көкейкесті мәселелерінен, тарихи тұлғалар өмірінен, іс-әрекетінен, қызыметінен, әлеуметтік құрылымынан, наным-түсінігі мен идеологиясынан дәйекті дерек, мағлұмат беретін әпсаналардың бір саласы. Марал баба аңызы да дүниеде болған адамның істеген істерінің қиялға айналған көрінісі. Халық өзі қаһарман, әулие, көреген ретінде кәміл сенген адамның істерін көзі тірісінде де аңыз қып таратты. Мысалы, Б. Момышұлы жайлы Ұлы Отан соғысы кезінің өзінде-ақ аңыз қылды. Аңызды тудыратын халық. Халықтың осылай болса деген асқақ ойы өмірде болған кейіпкерлерді көкке көтереді, аңызға айналдырады. Марал ишанда осыған лайық болған есім.

Марал Құрманұлы 1780 жылы Қостанай облысына қарасты қазіргі, Қорған – Көкшетау теміржолын кесіп өтетін Қызылжар – Қостанай тасжолының Қостанайға шыға берісте оң жақтағы қайыңды қалың орман ішіндегі «Кәрі көң» деген қоныста, Құрман емшінің отбасында дүниеге келген. Оның дүниеге келуінің өзі тарих. 1741 жылы қазақ-жоңғар соғыстарында Абылай хан тұтқынға түседі. Жоңғар қонтайшысы Қалдан Церен тұтқындағы Абылай ханмен келісім жүргізіп, 1743 жылы босатады. Баласы Әмірсамамен дос еткізгісі келіп, қазақ әйелінен туған екі қызын қоса береді. Сонда екі қыздың анасы Абылайға мынадай өтініш айтады. Қыздарымды анау-мынау нашар еркектерге қосып, қор қылмандар, – дейді Абылайға қыздардың анасы.

– Е, қыздарыңның қандай қасиеттері бар? – дейді Абылай.

– Қыздарымның бірінен әулие, бірінен батыр туады, – дейді анасы.

Қыздар бөліске түскенде, әулие туатын қыз емші Құрманға тиеді де, батыр туатын қызды Абылайдың өзі алады. Құрман алған Фатима атты қыздан Құлжа, Арал, Марал, Бибі, Асылтас туса, ал Абылай алған Топч-ханым атты қыздан Қамбар, Қасым төре дүниеге келеді.

Әкесінен тоғыз жасында жетім қалып, он үш жасында анасымен бірге Қызылжардан Ақмешіт жағына Жаланажық ишанның ауылын іздеп шығады. Жол азабын тартқан жас бала мен ана Ақмешіт маңайындағы Құланбай ишанның үйіне келеді. Одан әрі жүруге шамалары жоқ Марал анасымен бірге осы үйдің жалшысы болып, малын бағып жүре береді. Байдың малы ұры-қарыдан, ит-құстан аман болады, малдың өлімі де азайып мал басы көбейе бастайды. Баланың қасиетіне көзі анық жеткен Құланбай ишан бір күні Маралға:

– Балам, қызым Мендібикені саған қосып, сені қияметтік бала еткім кеп отыр. Түбінде осы азды-көпті байлығымның иесі өзін боласың, – дейді.

Анасы бұл ұсынысты қуана қабылдағанмен Марал елден Жалаңаяқ ишанды іздеп шыққанын, қалайда сол кісіге жету керектігін айтады.

Ақыры, қызын Маралға атастырып, бірақ әзірге білім алу үшін оның жолына бөгет болмай, болашақ күйеу баласын Жалаңаяқ ишанның тұрған жеріне аттандырады. Жалаңаяқ ишан қазіргі Өзбек Республикасының Қаттақорған қаласынан батысқа қарай 70 шақырым, ал Бұхара қаласының шығысында 50 шақырым жердегі, осы екі қаланың ортасындағы Жам тауының үңгіріндегі мешіт-медресенің ғұламасы екен. Атақты Әулие Жалаңаяқ ишанның қарауында 100 шәкірт оқиды екен, 101-ші болып Марал қабылданады. Осы медресені 7 жыл оқып, білімін тереңдету үшін тағы 3 жылға қалады. Он жыл оқыған Марал ишан елі Арқаның Қайранкөл жазығына оралып, халқына орасан зор қызмет етеді, ауру-сырқауларды емдейді, тәбиғаттік кәсіпін көрікпел-сәуегейлікпен ұштастырып отырады.

Сыр бойындағы халықтың діни сауатын ашып, мәдениетін көтеру мақсатында Сырдария өзенінің Қараөзек деп аталатын саласы қазіргі Қараөзек станциясында жағалай 7 мешіт – медресе салдырады. Марал салдырған мешітте жұрт намаз оқып, Аллаға ғибадат жасаса, екінші жағынан, жергілікті халықтың балалары оқып, діни тәрбие алған, сөйтіп медресенің де қызметін атқарған. Ол мешіттер: «Қара бөгет», «Ишан ауылы», «Қолаң төбе», «Байбол», «Қырғы мешіт», «Қыш мешіт», «Оспан мешіті». Сол себепті бұл аймақты жұрт «Қырғық мешіт» атап кеткен [1, 92 б.]. Еліне атқарған қызметі үшін халық оны ерекше құрметтеген. Сөзімнің айғағы Қостанайлықтар Марал Әулиенің жаз жайлауы болған айналасы көгал, сабатты көлге «Әуликөл» деген ат берген. Бұл Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Жетікөл, қазіргі Ленин ауданына қарасты жер. Сонымен қатар Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы орталығындағы Марал баба атындағы мешіт және Қостанайдағы Қамысты ауданы, Бестау ауылы мен Қостанай қаласындағы бас мешіт «Ақмешіт» Марал есімімен аталады.

Ақмешіт. Қазір Марал ишан деп аталатын XIX ғасырдағы көне мешіттердің бірі. Мешіт 1930жылға дейін халыққа қызмет еткен. Ұлы Отан соғысы жылдарында эвакуациялық пункт орналасты. Соғыстан кейінгі жылдары кинотеатр, 1980-1991 жылдары филармония жайғасты. 1991 жылғы 1 қарашада мешіт халыққа қайтарылды. Сол жылы 70 жыл үзілістен кейін алғаш рет Құрбан айт намазы оқылды.

Мешіт күрделі жөндеуден өткізілді. Алынып тасталған күмбезі қалпына келтірілді, мұнарасы ұзартылды, ішіде шарифатқа өңделіп, арнайы әйелдер залы, оқу бөлмелері, ерлер залына жағалай сөлентілер салынып, Аллаһ үйі мың адам ғибадат ететіндей етіп қайта

жабдықталды. Бұл іс 2001 жылдың 28 қазанында аяқталды. Қазақстан бауырларының ықыласын қабыл алған Бас муфти болған Әбсәттар қажы Деріпсәлі Ақмешітке данышпан – Әулие Марал ишанның есімін беру туралы шешімге 2002 жылдың 28 желтоқсанында қол қойды.

Атадан жеткен аңыз бойынша Марал Ишан Әулие кезінде елде осы замандағы сияқты «жасанды Әулие Алланың елшісі т.б.» қаптап кетеді. Ауыл азаматтарын Әбден шаршатады. Ел азаматтары қырық түйе сексеуілді алғызып, оны шенбер етіп жайып, оның ішіне Марал Ишан Әулиені және ана «Әулиелерді» жинап отырғызып сырттарынан өрт қояды. Өрт басталғанда Әулиелер қашып шығады. Марал Ишан Әулие от ішінде қалады. От толық жанып бітеді. Марал Ишан орнында отыр. Бір уақытта орнынан тұрады. Елге қарай жүреді. Ешқандай жерін от шалмаған.

Тек қана шекпенінің бір жақ етегі кішкене сарғайыпты. Бұл сарғыш сөйтсе жас баланың дәреті тиген жер екен. Содан бастап халық жасанды «Әулие», – дегеннен құтылған екен [2, 63 б.]. Қазіргі күні Марал ишанның уақыт пен кеңістік құпиясын меңгерген қасиетті адам болғаны аңыз есебінде айтылады. Марал ишан кеңістіктің бірінен екіншісіне өту заңдылығын меңгерген екен. Ғалымдар кеңістіктің үш өлшемнен тұратынын айтады. Алайда оның одан да көп екені жайында пікір білдіріп жүргендер баршылық. Марал ишан оны екі ғасыр бұрын дәлелдей білді. Ғылыми жолмен айқындалған бұл дәлелге қарсы тұрарлық нақты тұжырым әлі де кездесе қойған жоқ [3, 3 б.].

Қазақ халқының мақтанышы Шоқан Уәлиханов туғанда атын исламша қойып, ақ батасын берген – Қалқай ишан (Марал ишанның баласы). Шоқан жайлы осы бір тұсты «Аққан жұлдыз» романында Сәбит Мұқанов төмендегіше баян етеді:

«...Шыңғыстың үйінде қонақтап жатқан Қалқай ишанға:

– Әулие, сіз қойып беріңіз нәрестенің атын! – деп өтінді Уәли тұқымдары, Зейнеп ұл тапқаннан кейін. Қалқайдың сенімінде, бүкіл ислам тарихындағы ең зор ғазуытшы: Мұхаммед пайғамбардың әрі қызы Фатиманы алған күйеуі әрі әскерінің бас қолбасшысы Хазіреті – Ғали. Оның үш әйелінен он сегіз ұлы болған, бәрі де батыр болған. Солардың ішіндегі ең батыры – Мұхаммед-Ханафия дейтін ұлы екен, әкесіне еріп, ғазуыт соғысын сол жүргізген деседі [4, 113-114 б.].

Марал бабадан мирас болып қалған «Көк аса» бабадан Елібай ишанға, одан Үндемес ишанға, одан Жүнісхан ишанға, кейін Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Мамырөл ауылында тұратын Темірханға қалған. Сапалы болат темірден соғылған «Көк асаның» ұзындығы

70 см, жалпақтығы 5 см, үш жағы 3 см. Қатты ағашпен жұмырланып қапталған сабының ұзындығы 10 см [5, 24-26 б.].

Марал бабамыз тек діншіл ғана емес, ол-қоғам қайраткері, азаттық үшін күрескер, ұлт-азаттық күрестің рұхани көсемі. XIX ғасырдың 30 жылдары Марал ишан қазақ халқын «Ғазауат» соғысына шақырды. Алдымен Құсмұрын атырабында басталған бұл қозғалыс Қазақстанның солтүстігінің біраз жерін қамтыды. Кейбір зерттеушілер «Ғазауат» соғысын қолына қару алып, жауға қарсы тұру деп есептейді.

1819 жылдың жазының басында Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің басты адамдарының басын қосып, Қақ сорының жағасында өткізген құрылтайында Еснейді боз биенің сүтіне шомылдырып, үстіне шымқай ақ киіздер кигізіп, Марал ишан әулие, дуалы ауыз билер мен бектер, батырлар ақ баталарын беріп, ақ киізге көтеріп, Сібір қазақтарының шорасы етіп сайлапты. Шора болып ел басқарумен қатар, Есней өз ұстазы Марал Құрманұлы бастаған ғазауатқа бұрынғыша қатысып, оған әскерге елден ат, азық, киім жинап беруге көмектеседі. Оған Баһрам ақын Шақшақұлының «Қайғылы белбеу» дастанының ішіндегі мына шумақтар дәлел бола алады.

Зеңбіректеп келсе де,  
Кәпірдің жолы болмаған.  
Марал ишан ұстазын,  
Есней шор қолдаған.  
Сарбаз жинап берсін деп,  
Бектерге сәлем жолдаған.  
Жауға қарсы шықсын деп,  
Елге жаршы жіберген.  
Сарбаздарға ат жинап.  
Жеңістен үзбей күдерді [6, 4 б.].

Қазақ жерін отарлау әкімшілігіне II Екатеринаның қолы қойылған құпия нұсқау болған. Онда орыс әкімшілігіне мынаны міндеттеген: қырғыз-қазақ халықтарының ру басшылары мен сұлтандарын «бір-бірімен араз қылып, бір-бірімен иттей таластырып, бірінің етін бірі жейтіндей іс қылыңыз.» Бұл нұсқау сол тұстың өзінде-ақ орындалды. Марал ишан заманындағы «Ғазауат» соғысы мен ұлт-азаттық көтерілістерінің жеңілуінің бірден-бір себебі осы болды.

Демек Марал бабамыздың қолбасшыларды желеп-жебеп, ақ батасын беріп отырғандығы да кездейсоқ емес. Бұл- рух құдіретінің киелі парасаты. Даңты Кенесары өзінің қарын бөлесі Марал ишанның данышпандығына бас иіп отырған. Көтеріліске қатысушыларға діни басшылық жасау үшін Марал келісім беріп, хан сарайының Кеңес

құрамына кіреді. Кенесары көтеріліс бастап, бодандыққа қарсы шайқасып жатқан кезде Батыс Сібір мұсылмандарының өз бетінше бас мүфтиі болады [7, 4 б.]. Бұдан былай даулы мәселелер шарифат үкімі бойынша шешіліп отырды. Көтерілісшілерге рухани демеу көрсетіп, кей жағдайда өз бойындағы керемет қасиеттерімен көмек көрсетеді.

Кезінде Кенесары әскерінің бірсыпыра жеңістерге жетуіне, халық алдында беделінің артуына әулиенің көп үлесі болды. Орыстардың әскер техникасының артықшылығын, артынан келер көп күш бар екенін айтып, осы соғысты одан әрі соза бермеуге Кенесарыға кеңес береді.

Ендігі жерде көтеріліске қатысқан халықтың жағдайын жақсартып, игілікке жеткізудің таптырмайтын көзі- оларды егіншілікпен айналастырып, отырықшылық тұрмысқа үйрету керек екендігін Марал ишан үнемі шегелеп айтып отырған. Орынбор шекара комессиясының есептерінде былай жазылған: «Ресей төңірегіне оралуға мүмкіндігі болмағандықтан, Кенесары өзінің жақтастарына Іле мен оның тармақтарының жағалауларында егіншілікпен айналасуға ақыл береді». Кенесары жақтастарының егіншілікпен айналасқандығын оның ордасында болып қайтқан Дәулеткелді Беспәев әңгімелейді: «Қиын жағдайда болғандықтан, өзінің жақтастарына тамақ табудың жалғыз жолды әрі лайықты шара ретінде егіншілікпен айналасуды ұсынды». Сонымен Кенесарының егіншілерді қолдау саясаты егіншілікті одан әрі дамуына әсер етті. XIX ғасырдың 50-60 жылдарында-ақ егіншілікпен қазақ руларының едәуір бөлігі айналысты. «Кенесарының көтеріліске қатысушылардың материалдық жағдайын жақсартудың жалғыз жолы егіншілік деп түсіну керек». Бұл Кенесарының қарын бөлесі Марал Құрмановтың сөзімен расталады, ол өзі «Сендерді егіншілікпен байытамын», – деп қазақтарға уәде беріпті [8, 41 б.]. Осылайша, мұрағат құжаттарында Марал ишанның отарлаушы орыс мемлекетінің саясатына қарсы болғандығы, қазақ елінің дербестігін қалағаны туралы тарихи деректер жазулы тұр.

Ұлт-азаттық жолындағы күрескер, ишан 1943 жылы өзі қоныс тепкен Әулиеатаға бара жатқан кезде қайтыс болады. Анасының айтып кеткен сәуегейлігі бойынша оны Қызылорда облысы Қармақшы ауданына жерлейді. Әулиенің басына жан-жақтан қаншама халық ағылып келіп тәу етіп, ауруына шипа, дертіне дауа, тілегіне пірден медет сұрап жатады. Марал ишанның даңғайыр тұлғасы, өміршең іс-әрекеттері, ғибратты өмір жолы халқымызбен бірге жасасып, халық жүрегінде мәңгі сақталып осынау ұлы күнге жетті.



## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұртайұлы С. Ислам және Марал баба. – 1996. – 92 б.
- 2 Дайрабай Т. Сырдың сырлы сыры. – Алматы, 2005. – 63 б.
- 3 Ақтаев С. Марал ишан-кім? // Ақиқат. – 2003. – №7.
- 4 Мұқанов С. Аққан жұлдыз. – Алматы, 1967. – 113-114 б.
- 5 Бүркітбайұлы С. Марал ишанның нұр шапағаты. – Қостанай, 1998. – 24-26 б.
- 6 Бекенұлы С. Есеней және Марал // Қостанай таңы. – 2002. – 15 қазан.
- 7 Шүкіров С. Рухы мықты елдің тұғыры да нық. // Қостанай таңы. – 2002. – 15 қазан.
- 8 Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. – А.: Санат, 1994. – 416 б.

### ОСОБЕННОСТИ ТЕХНОЛОГИИ ПРОИЗВОДСТВА ВОЙЛОКА

САДВОКАСОВА З. М.

учитель, КГУ «СШ села Сарышыганак», Кызылжарский с/о, г. Аксу

Одним из древнейших материалов, сохранившихся ручной способ производства и до сих пор используемых в странах Азии для производства одежды, обуви, жилья, декорации интерьера, является войлок.

История войлока уходит далеко вглубь веков. Для многих народов особенно кочевых, войлок был единственным известным видом текстиля и сопровождал человека всю жизнь. Люди спали на войлоке, одевались в войлочную одежду, коней укрывали войлочной попоной. Войлок оберегал от злых духов и вражеских стрел, спасал от зноя и холода. И все же по сравнению с ткачеством, возраст которого ученые оценивают в 20 тысяч лет, войлок был изобретен довольно поздно. В чем же причина такого отставания? Дело в том, что единственный материал, из которого может быть изготовлен войлок – это шерсть, причем лучше всего овечья шерсть. Шерстяные волокна имеют верхний чешуйчатый слой – кутикулу. Благодаря нему волокна могут сцепляться друг с другом под воздействием горячей воды и пара. На этом основан принцип войлокования. Шерсть дикой овцы почти не сваливается, так как она не имеет чешуйчатого слоя, поэтому первые войлоки могли появиться не раньше, чем была одомашнена овца. Но количество шерсти, которое

можно получить с одной овцы сравнительно невелико – 3-5 кг, а на покрытие для юрты требуется 100-120 кг шерсти. Поэтому начало истории войлока относится к тому времени, когда была одомашнена лошадь (5-6 тыс. до н.э.). Примерно в это же время была одомашнена и собака – помощница человека в пастбе овец. Использование верховых лошадей и собак стало возможным организацией овец в большие отары, и именно с этого момента войлокование из локального домашнего производства становится массовым для многих народов [1, с. 171].

Шерсть – одно из основных натуральных волокон, сырье для шерстеперерабатывающей промышленности. Шерсть – это волосяной покров овцы, козы, верблюда, коровы, ламы, альпаки, яка и др., а также козий, заячий и кроличий пух. Шерстяное волокно обладает высокой гигроскопичностью, эластичностью и теплозащитными свойствами. Из шерсти в основном вырабатывают пряжу для тканей, трикотажа, ковров, а также используют в валяльно-войлочном производстве и для выработки технических тканей. Козья шерсть делится на 3 основные группы: однородная, неоднородная и пух. Однородная козья шерсть или ангорская (мохер) волнистая, белого цвета, с сильным шелковистым блеском, очень прочная. Почти не обладает валкоспособностью. Длина волокна 10-22 см, а иногда до 35-48 см.

В общем объеме заготовок и использования лидирующее положение занимает овечья шерсть. Основной поставщик шерсти – это Австралия (1е место в мире), далее Новая Зеландия, Аргентина, Уругвай, ЮАР, Австралия. Основной поставщик мериносовой шерсти (80%) в основном тониной 20-25 мкм и длиной волокна 70-80 мм, часть шерстяного волокна длиной 100 и более мм. Австралийские мериносы – это тонкорунная порода овец, получившая мировое признание. Отличительная особенность мериносов – наличие складок кожи на шее, иногда и на туловище [2, с. 17].

Существует несколько типов тонкорунных овец, имеющие существенные различия по экстерьеру и по качеству шерсти. Тип фэйн- овцы бесскладчатые, с очень тонкой шерстью (18 мкм и выше). Тип медиум – овцы с 2-3мя складками. У них шерсть толщиной от 18 до 23 мкм. Тип стронг – наиболее крупные овцы, дающие шерсть тониной 23-27 мкм. Но общее для всех типов австралийских овец – это высокое качество состригаемой с них шерсти.

Войлок – валяная овечья шерсть обладает уникальными теплоизоляционными и лечебными свойствами. Обувь из войлока отлично поглощает влагу и удерживает тепло ноги оставаясь при этом сухой. Такое сухое тепло уберегает и лечит Вас от простудных

заболеваний. Войлок содержит ланолин – животный воск, помогающий при ревматических, суставных и мышечных болях. Обувь из войлока полезно носить при ревматизме, остеохондрозе, ортопедических, бронхиальных заболеваниях. При ношении обувь из войлока массирует Ваши ноги, улучшает кровообращение и снимает усталость.

Изготовление войлочного ковра – очень трудоемкий и древний способ обработки шерсти. Только шерстяные волокна обладают таким ценным свойством, как валкоспособность, дающая возможность получения разнообразных валяльно-войлочных изделий. Войлоком покрывали стены и купол юрты: он не только утеплял жилище степняка, но и защищал от палящего солнца, ливневых потоков, ветров и ураганов. Позднее, с переходом башкир к оседлости, кошмами застилали пол и нары в домах. Из войлока изготавливали молитвенные коврики, чепраки, чехлы, переметные сумы. Узорные кошмы вместе с чепраками, одеялами и подушками, сложенные в стопки, размещались на расписных деревянных подставках или сундуках, внося особый уют в жилище башкир. Использовали войлок и в изготовлении одежды, головных уборов, сумок. Красотой и нарядностью отличались обрядовые и праздничные изделия, в первую очередь, свадебные. В состав приданого в южных и восточных аулах Башкортостана традиционно включали однотонные и узорные войлоки. Под седло нарядно убранной лошади стелили свадебный чепрак на войлочной основе (серге, сергетыш), а через седло перебрасывали коврик (кызыл тушэк) [3, с. 7]. Красочным войлоком покрывали сундук с вещами невесты. У башкир, как и у других кочевников-скотоводов Евразии, предпочтение отдавалось белому войлоку. В некоторых районах Башкортостана до наших дней сохранился древний обычай стелить белый войлок под ноги невесты в момент прибытия ее в дом жениха. По прибытию невесты свекровь приглашала ее пройти в комнату и сесть на нары, застеленные (белым) войлоком. Для многих народов, особенно кочевых, войлок был единственным известным видом текстиля и сопровождал человека всю жизнь. Люди спали на войлоке, одевались в войлочную одежду, коней укрывали войлочной попоной. Войлок оберегал от злых духов и вражеских стрел, спасал от зноя и холода.

Единственный материал, из которого может быть изготовлен войлок – это шерсть, причем лучше всего овечья шерсть. Шерстяные волокна имеют верхний чешуйчатый слой – кутикулу. Благодаря нему волокна могут сцепляться друг с другом под воздействием горячей воды и пара. На этом основан принцип войлокования.

Первые войлоки найдены на территории современной Анатолии, они относятся к 3 тыс. до н.э. Шерсть дикой овцы почти не валяется, т.к. не она не имеет чешуйчатого слоя, поэтому первые войлоки могли появиться не раньше, чем была одомашнена овца.

Войлок обычно делают в виде полотнищ, которые имеют различную толщину, в зависимости от назначения. Наиболее тонкие войлоки использовались как головные покрывала, из самых толстых делались доспехи, обувь, юрты.

Так называемая иранская традиция, в которой выполнены первые из известных войлоков – вваливание узора. Носителями этой традиции являются современные туркмены, которые и сегодня изготавливают кошмы точно так же, как это делалось века и тысячелетия назад. Основные цвета туркменских войлоков – белый, красный и черный, а основной узор – стилизованный бараний рог. Узор выкладывается шерстью на циновке, затем циновка скручивается, и приступают непосредственно к валянию кошмы [4, с. 27-28].

Пазырыкская линия войлоков получила свое название от самого знаменитого, можно сказать, культового войлока – занавеса площадью более 30 кв. м, найденного в одном из Пазырыкских курганов. Сейчас этот войлок можно увидеть в Государственном Эрмитаже. Войлок отличает тончайшая ювелирная аппликация необыкновенно ярких цветов. Аппликация войлоком по войлоку и сегодня широко используется для декорирования войлочных изделий.

А в Бурятии в своем, можно сказать, первоизданном виде живет сунская традиция войлокования. Первые образцы таких войлоков были найдены во Внутренней Монголии. Эти войлоки чаще одноцветны, зато сплошь украшены мелкой стежкой сухожильными нитями. Древние магические узоры стежки используют и сейчас.

Если с валянием небольших изделий отлично справляются женщины, то валяние «серьезных» вещей – это мужская работа. Готовое к валянию, например, полотнище для юрты навивается на палку, зашивается в кожу, и палка привязывается к стременам оседланного коня. Конь таскает эту палку по полю до тех пор, пока войлок не сваляется. Считается, что для этого достаточно протащить ее на 15-20 полетов стрелы (примерно 2 км) [5, с. 46].

Славянские народы войлоки не изготавливали. Зато им были хорошо известны так называемые полувойлоки – тканые и потом подваленные материалы. Классическим примером такого материала является всем хорошо известное сукно, которое с древних времен использовалось для изготовления верхней одежды.

С древних времен выработано множество способов декорирования и украшения войлочных изделий. Наиболее известны способы:

- вваливание узора;
- аппликация. В качестве аппликативного материала может использоваться не только войлок, но и другие материалы - ткань, кожа;
- мозаичный способ или инкрустация войлоком. При этом способе обычно используется также декоративная стежка по войлоку;
- иногда используется вышивка по войлоку, украшение изделий бисером и ракушками;
- изредка встречается роспись по войлоку;

«Фильдцевание» – это техника уплотнения шерстяных волокон с помощью специальной иглы – «фильдца» – техника сухого валяния. Она хороша для изготовления ювелирных украшений, игрушек

Таким образом войлок – это плотный материал из валяной шерсти или из синтетических волокон. Изготавливается обычно в виде полотнищ, которые имеют различную толщину, в зависимости от назначения. Единственный природный материал, из которого может быть изготовлен войлок – это шерсть, причём лучше всего овечья шерсть. Шерстяные волокна имеют верхний чешуйчатый слой – кутикулу. Благодаря нему волокна могут сцепляться друг с другом под воздействием горячей воды и пара. На этом основан принцип войлоковаления. Войлок издревле широко применялся в быту башкир – им покрывали стены и купол юрты: он не только утеплял жилище степняка, но и защищал от палящего солнца, ливневых потоков, ветров и ураганов; его использовали и в изготовлении одежды, головных уборов, сумок.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Кузеев Р. Г., Ганеева А. Р. Северо-западные башкиры: состояние изученности, задачи исследования // Этнические и этнографические группы в СССР и их роль в современных этнокультурных процессах (тезисы докладов). – Уфа, 1989. – С. 171.

2 Масалимов Т. Х., Ахадуллин В. Ф. Художественный войлок: учебное - пособие. – Уфа, 2007.

3 Полевой материал Давлетшина З. М. 2008 г., д. Тушаул Хайбуллинского района Республики Башкортостан.

4 Шитова С. Н. Народное искусство: войлоки, ковры и ткани у южных башкир (Этнографические очерки). – Уфа, 2006. – С. 27-28.

5 Янгузин Р., Рахматуллина З. Башкирский сабантуй - праздник весны (история и современность) // Ватандаш. – 2003. – №6. – С. 46.

## ЕУРОПА МЕН АЗИЯНЫ БІРІКТИРГЕН ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

СУЛАЙМАНКУЛОВА Р. Ю.

тарих пәнінің мұғалімі, № 108 Хамза атындағы ЖОМ, Шымкент қ.

Ұлы Жібек жолы-адамзат өркениеті жасағын тарихи ескерткіштердің бірі. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол Еуропа мен Азияның-Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болған. Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін тұсында VI ғасырдан бастап, екі бағыт: Сырдария және Тянь-Шань жолдары бағыттары кең өрістелген. Бірінші жол Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан Қашғар арқылы Жетісуға, содан Сырдарияны жағалап, Арал маңынан әрі қарай Батыс елдеріне өткен.

Жібек Жолы географиясы Еуропадан басталып Мысыр, Сомалия, Арабия түбегі, Иран, Ауғанстан, Орталық Азия, Пәкістан, Үндістан, Бангладеш, Java-Индонезия, және Вьетнам елдері арқылы, ақыры Қытай келіп жетеді. Жол бұдан 3-4 мың жыл бұрын болған. Ол Қытайдың Хан патшалығы кезінде ғана өркендей бастаған, себебі Хан патшалығының Хан Уди патшасы Жаң Чянды батыс өңірге екі рет жіберіп, Орталық Азиядағы елдермен достасуға пейілді болған. Жаң Чян қазіргі Ферғана, Самарқан және Балқаш көлі сияқты жерлерге барған. Жаң Чянның сапары бұл жолды шығыс пен батыс үкіметтері арасындағы байланыс жолына айналдырған. Осыған орай саудагерлер де «Жібек жолында» ат ізін суытпаған. Жаң Чян батыс өңірге және Орта Азияға Қытайдың жібек өнімдерін ала барған; ал елге қайтарында барған жерлерінің тауарлары және батыс өңірінің музыкасы сияқты алуан түрлі мәдениетті алып қайтқан. Жаң Чянның сапары қытайлықтардың батыс өңір мен Орта Азияны түсінуіне мүмкіндік берді [1, 3 б.].

«Жібек жолы» іс жүзінде өзгермейтін тұрақты жол емес, қайта ол уақыт ізімен өзгеріп отырған, бірақ тарихтағы дәстүрлі сорабы өзгермеген: жол шығыста Чаң-аннан (қазіргі Ши-ан) басталып, Тарым ойпатынан өтіп, Памир үстіртінен асып, Орталық Азияны, Батыс Азияны кесіп өтіп, Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін барады, жалпы ұзындығы 7000 км асады.

VII ғасырдан кейін, теңіз қатынас-тасымалы дамығандықтан, «Жібек жолы» біртіндеп екінші орынға түсті, бірақ XII ғасырға дейін шығыс пен батыс қатынасының маңызды жолы болып келді. IX ғасыр басында, Испанияның елшісі Қытайдың 800 түйелік сауда керуенін өз көзімен көріп тұрып Самарқанның жағдайы туралы былай деп жазады: «Жібек жолы тек сауда жолы болып қана қалмастан, дүние

жүзі өркеніетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына өшпес үлес қосты. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда байланыстары болғандығын ежелгі қолжазбалардағы мәліметтер дәлелдейді. Шаштан (Ташкенттен) жол Гизгирдка, Испиджабқа келіп, одан әрі керуен Таразға бағыт алған. Тараздан солтүстікте Адахкет, Дех-Нуджикет қалалары орналасқан қимақтарға, оңтүстікте өздерінің туған өлкесінде – Шельдяни, Куля және т.б. қалаларға тірелген. Сондай-ақ Тараздан Төменгі Барысханға, одан әрі Құлан, Мерке арқылы Аспараға жететін болған. Атаулы керуен жолы XX ғ. басына дейін сақталып келді, тіпті, Ресей, Қазақстан және Орта Азияның қалалары мен елдімекендерін байланыстырып отырды, оған жақын жерлерде жәрменкелер ұйымдастырылды.

Орхон ескерткіштері – бұл түрік қағанатының Орхон, Селенга, Тоғыл дарияларының бойында қалдырған жазу үлгілерінің тарихи-мәдени мұралары болып табылады. Байырғы түріктер бұдан 1200-1500 жыл бұрын түріктік дүниетанымының алтын бағанасы – Бөгү (Тәңірлік) дінін ұстанып, елдік құрып, төр (үкімет) орнатып, тілі мен дінінің, тарихы мен әдебиетінің алтын сандығы – байырғы түрік алфавитін (БТА) жетілдіріп, далалық өмір мен қалалық салтты ұштастыра қалалар тұрғызып, сәулет өнерін шыңдап, өткен аруақтарына арнап мүсін қашап, ұрпағына мол тарихи-мәдени мұралар қалдырды.

Алаша хан күмбезі – X-XI ғасырлардағы архитектуралық ескерткіш. Қаракенгір өзенінің оң жағалауында орналасқан. Пішіні төртбұрышты, биіктігі 10 м. Кірпіштер қолдан тоқылған кілем (алаша) өрнегімен қаланған. Алаша хан ел аузындағы аңыз бойынша қазақтардың басшысы, ақылды, батыр, байтақ далада тұңғыш рет ірі мемлекет құрған хан болған.

Ахмет Йасауи кесенесі – көне архитектуралық ескерткіш. Әуелі Қарахан дәуірінде (XII ғ.) тұрғызылып, оның қираған іргесіне XIV ғасырдың аяқ шені мен XV ғасырдың басында Әмір Темірдің бұйрығымен салынған. Бұл кесене Түркістанда түркі халықтарының тәу ететін орталығы болған. Ахмет Йасауи кесенесі – БҰҰ-ның дүниежүзілік ескерткіштері қатарына енгізілді. Бұл кесене – халық өнерінің лағыл маржанын біздің заманымызға дейін жеткізген ғажайып асыл туындылардың бірі.

Сарайшық-Атырау қаласынан 55 шақырым жерде, Жайықтың оң жақ жағасында бір кездегі атақты Сарайджук (Сарайшық) қаласының қираған орны жатыр. Қаланың іргесі XI ғасырда қаланған, гүлденген дәуірі XIII-XIV ғасырлар аралығы. Қала Еуропа мен Азияны

жалғастыратын керуен жолы бойында орналасқан. Мұнда салтанатты сарайлар, керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медреселер салынған. Қала Алтын Орда хандары жерленген қасиетті орынға айналған.

Тараз қаласының орнындағы ежелгі қала. Бұл жайындағы алғашқы дерек грек елшісі Земархтың хабарламасында айтылады, ал 630 ж. Сюань Цзанның жазбасында ірі сауда қаласы ретінде сипатталады. Тараз VII-VIII ғасырда Ұлы Жібек жолында орналасқан сауда және қолөнер орталығына айналған.

Отырар-Қазақстанның ортағасырлық ірі қалаларының бірі. Сырдарияның Арыс өзеніне құяр сағасына таяу орналасқан. Отырар қаласының аты VIII ғасырдан бастап аталғанмен, оның бастапқы тарихы б.з.б. II ғасырда Сырдарияның орта ағысында пайда болған Қаңлы (Кангой) мемлекетінің тарихымен тығыз байланысты. IX ғасырдың ортасынан бастап Отырар (Фараб деп те аталған) Самани әулеті мемлекетінің ықпалында болды. Осы кезеңнен бастап бұл өлкеде сауда-саттық жасау, ғалымдардың «білім қууды көздеген» саяхаттары адамдардың ой-өрісін кеңейтті, өнердің, ғылым мен қолөнер кәсіпшілігінің таралуына ықпалын тигізді.

Құлан-орта ғасырдағы (VII-XII ғ.) шағын қаланың орны. Жамбыл облысындағы Тұрар Рысқұлов ауданының орталығы Құлан ауылы. Қала туралы алғашқы тарихи деректер VII ғасырдан бастап белгілі. Саяхатшылар Ибн Хордадбек, Құдам жолжазбаларында Құлан Тараз қаласының шығысына таман, Ұлы Жібек жолындағы қала деп көрсетіледі. Әл-Макдиси Құланды 10 ғасырда былай сипаттады: «Күмбезді мешіті бар, мықты қоршалған қамал.

Қойлық Іле алабындағы аса ірі ежелгі қаланың орны (IX-XIII ғ.). Қойлық Қарлұқ қағаны - Арыслан ханның ордасы болған. Бұл қала туралы монғол қағаны Мөңкеге жіберілген француз елшісі Вильгельм де Рубрук 1253 жылы жолжазбаларында: «Біз сол жерден бұрын базары болған және оған көптеген көпестер катынап тұрған Қаялық деген үлкен қала таптық» – деп жазады. Қаланың тұрған орны туралы түрліше жорамалдар бар.

Саудақент орта ғасырлардағы ірі қалалардың бірі. Қаратаудың солтүстік беткейінде қазіргі Байқадам кентінің маңында орналасқан. Ежелгі деректерде ол Сугулхан (X ғ.), кейінірек Сулхан (XIII ғ.) деген атпен белгілі. Саудақент VII-XII ғасырларда Қаратаудың солтүстік бөктері арқылы өтетін керуен жолы бойындағы ірі сауда мен қолөнердің орталығына айналған [1, 34-66 б.].



Мәдениеттердің өзара қарым қатынасы

Көшпелі және отырықшы жұрттардың арасындағы қатынас әр заманда, әр түрлі аймақта әрқалай болды. Олардың қарым-қатынасында қақтығыс, соғыстармен қатар бейбіт сабақтастық, шаруашылық, сауда, мәдени өзара әсерлер аз болған жоқ. Мал өнімдеріне мамандандырылған көшпелі экономика егіншілік өнімдерін, қолөнер бұйымдарын отырықшылардан алса, отырықшылар мал өнімдерін, кейбір қолөнер заттарын, қолөнерге қажетті шикізаттарды көшпелілерден алып отырды.

Қыпшақтардың оңтүстік Ресей даласында пайда болуы Киев Русін өзінің оңтүстік-шығыс шекараларын қорғауды ұйымдастыруға, бекіністер салуға мәжбүр етті.

Көшпелілер мен отырықшылардың шекаралық аймағының материалдық мәдениеті аралас болды. Аралдың шығыс маңы, Сырдың төменгі ағысы, Шу, Талас өңірі, Жетісу көшпелілер мен отырықшылардың ежелден және ұзақ уақыт тоғысқан аймағы болды.

Қазақстан аумағында исламды таратушылар арабтар емес, Орталық Азияның қалалық мәдениет орталықтарынан шыққан саманидтер болды. Араб мәдениетімен бірге араб жазуы, араб сәулет өнері, қыштан жасалған бұйымдары, эпиграфикасы келді. Мұсылмандық түркі қоғамының интеллектуалдық өміріне біршама өзгеріс әкелді. Арабтық, мұсылмандық мәдениетті меңгерген ғалымдар тобы қалыптасты: әл-Фараби (X ғ.), Жүсіп Баласағұни (XI ғ.), Махмуд Қашқари (XI ғ.), әл-Хорезми (XIV ғ.), т.б. Қазақстанда мұсылман дінін таратушы топтар пайда болды. Олар: хатибтар, мутаввалдар, молдалар, имамдар, т.б.

Сонымен, көшпелілер мен отырықшы халықтардың арасында тығыз байланыс болған. Бұл байланыс бірде жаугершілік, бірде арагүдік қақтығыстар, алым-салық түрінде болса, ал көпшілік жағдайда бейбіт қарым-қатынас, сауда, айырбас түрінде іске асты. Көшпелі мәдениет пен отырықшы өркениеттердің жиі, тығыз араласуына Ұлы Жібек сауда жолындағы қалалар үлкен өсер етті. Көшпелі және отырықшы шаруашылық-мәдени тұрпаттың өзара әсері, әсіресе олардың шекаралық аймақтарында күшті жүрді. Көшпелілер мен отырықшылар шаруашылық-экономикалық, мәдени байланыстары арқылы бір-бірінің мәдениетін байытты.

Ұлы жібек жолының жолдары мен бағыттары

Егер Жібек жолымен батыстан шығысқа қарай жүрсек, оның Қазақстандағы учаскесі Шаштан (Ташкент) шығып, Тұрбат асуы арқылы Исфиджабқа, Сайрам (Сарьямға) келеді. Ежелгі қаланың осы күнге дейін сақталған. Шымкент түбіндегі бір қыстақ тап осылай аталады, оның дәл кіндік тұсында Жібек жолындағы бір кездегі ең ірі

орталықтардың бірі болған орта ғасырлық қала жұртының қалдығы сақталған. Исфиджабтан құлдарды, бөз маталарды, қару-жарақты, семсерлерді, мыс пен темірді әкетіп жатқан. Исфиджабтан шыққан керуендер шығысқа қарай бет алып, Шараб және Будахкент қалалары арқылы Таразға барады екен.

Таразбен қатар Жамухат деген шаһар тұрған, ол да VI ғ. хатқа енген. Жамухаттың жәдігерліктері Талас алқабында, Жамбылға таяу жерде, Талас өзенінің бойындағы Михайловка селосына қарама-қарсы бетте жатыр, оның үйінділерін қазір Қостөбе деп атайды. Алқаптың жазық жағында Атлах қаласы бар, 751 ж. оның бінде осы араны ықпалында ұстау үшін арабтар қытай әскерімен шайқасқан болатын. Тараздан таяқ тастам жерде, Талас бойымен теріскейге қарай кететін сауда жолы үстінде Адақкет пен Нуджикес қаласы тұратын. Талас алқабының таулы бөлегінде сол сияқты Шелжі, Сүс, Күл және Текабкет деген қалалар болған. Бұлар күміс кендеріне жуық жерден қоныс тепкенді. Керуендер Талас алқабына Ферғана аймағынан Шатқал қыратындағы Шанаш асуы және Талас Алатауындағы Қарабура арқылы да өтіп келетін. Жолдың осы бөлігі Жібек жолының және Жетісулық бағыттарын біріктіретін. Тараздан шыққан жол шығысқа, Құлан қаласына қарай асатын Тараз бен Құлан аралығындағы территория қарлұқтарға жататын. Құланға бара жатқанда жол Касрибас, Күлшөп, Жолшөп сияқты қалалардан өтетін. Құланнан өрірек шығыста бір-бірінен фарсактай жерде Меркі мен Аспара қалалары барды [3, 303 б.].

Қырмыраудан жол салдырып отырып, Жетісудың ең ірі қаланың бірі – Науакентке (Қытайша Синчен) апаратын. Бұл екі атау да Жаңа қала деп аударылады. Науакент түрік қағандарының сарайы және соғдылардың қаласы болған.

Жол Науакенттен шыққасын Пенджикент (Бунджикет) арқылы Жетісудың аса үлкен қаласы, Батыс Түріктерінің астанасы (кей түргештер, қарлықтар астанасы) Суябқа келеді. Бұл қала туралы қытай, араб саяхатшылары X ғ. дейін жазып келген. Соңынан астана рөлі Баласағұнға көшеді, тегі оның ертеректегі аты Беклиг немесе Семекна болса керек. Баласағұн қарахандардың, сосын қарақытайлардың астанасы ретінде белгілі, оны кейін XIII ғ. бас кезінде қарақытайлар киратады. Қала содан қайта салынады, бірақ XIV ғ. тағы да ойрандалып, үйінділері ғана қалады. Бұл қалалардың тұрған жері көзіргі Токмақ қаласына жақын жерде және орта ғасырдың көпке белгілі екі ескерткішіне – Ақбешім мен Боран қала жұртына сәйкес келеді.

Суяб қаласынан керуен жолдың не солтүстік, не оңтүстік тармақтарымен жүріп, Ыссық көлдің жағалауына шығады. Оңтүстік

жақпен жүрген керуендер Жоғарғы Барысхан деген үлкен қаланы басып өтеді, ал жолдың солтүстік тармағында шағын керуен сарайлар орны кездеседі, олардың аттары бізге дейін жетпеген. Сосын осынау екі айрық жол Бедел асуында бір-бірімен қосылады да, не осы асу арқылы, не Ташрабат арқылы Жібек жолы Қашғар мен Ақсудан барып шығады.

Ал керуен жолы Ыссық көл қазан шұңқырынан Санташ асуы арқылы Қарқара жайлауына барып, төмендеп Іле алқабына түседі де, өзеннің оң жағалауын бойлап отырып, Үсек пен Хорғос алқаптарынан өтіп, Алмалық қаласына барады, ал сосын Такла-Мақан шөлінің солтүстік жиегін айналып, Хами мен Тұрфан көгал аймақтарын басып, Дунхуан мен Қытайға жететін болған [4, 98 б.].

Іле алқабына басқа жолмен де келе береді екен: Құлан мен Аспа-радан немесе Нүзкенттен шығып, Шудың орта және төменгі ағысындағы қалаларға барған. Сосын Тасөткел қайраңынан өтіп, жол Шу – Іле тауларының теріскей жоталарын жағалап келіп, Іле Алатауының теріскей бетіндегі қалаларды қуалай жүрген.

Төлхизден Жібек жолы екіге айрылады: оңтүстік желісі Есік пен Түрген, Шелек үстімен жүріп, Іленің Борохудзир маңындағы өткелінен өтіп, оның оң жағалауын қуалап, Хорғос арқылы Алмалыққа жетеді де, осындағы Ыссық көл жақтан келген жол тармағымен қосылады. Жолдың осы бөлігінен археологтар Есік, Түрген, Лауар сияқты кішкене қалалардың, үлкен қала Шелектік төбешіктеніп қалған орындарын тапты, Іленің оң жағымен жол қазіргі заман қыстағы Көктал мен Жаркент арқылы өтеді. Көктал маңында Ілебалық қаласының орны бар.

Жол Екіоғыздан шығып, қарлықтар жабғысының астанасы Қаялыққа (Қойлақ) барады екен. Бұл шаһардың хан базарларымен аты шыққан. Онда мұсылмандармен бірге, өздерінің шіркеуі бар христиандар да тұрған. Ол жөнінде моңғол ханы Мөңкеге бара жатып, осы қалаға соғып кеткен, Людовик IX – елшісі, монах-сопы В. Рубрук хабарлайды. Қаялық – қарлықтар орталығы болған, IX ғ. – XIII ғ. бас кезінде Іле алқабының солтүстік-шығыс бөлегі қарлықтар қоластына қараған. Қаялық Қаратал өзені алқабында көзіргі Антонов селосының шет жағында тұрған. Рубруктың жазбаларына қарағанда, Қаялыққа жақын-жуық жерде христиандар селосы болған, Жібек жолы сол арқылы өткен. Содан әрі қарай жол Тентек алқабымен жүріл, Алакөлді айналып өтіп, Жоңғар қақпасын басып Шихо алқабына жетеді, сосын Бесбалықты басып, Дунхуанға барады да, Ішкі Қытай жаққа шығандап кетеді екен.

Испиджаб қаласынан шығатын керуен жолы Арыс бойындағы Арсубаникетке, содан Отрар-Фарабқа иек артып, Сырдария бойымен

жүріп, Арал өңіріне барған. Сырдария бойын қуалай жүретін керуен жолы үстіндегі қалалардың ірісі Отырар-Фараб пен Шавғар екен. Бірінші қаланың аты Арыстың Сырдарияға барып құятын жеріне жақын орналасқан, аса үлкен қала жұртының атында сақталып, осы күнге дейін жеткен.

Шавғардан шыға жол оғыздар астанасы – Янгикентке қарай тартатын. Осы арадан Қызылқұмды басып, тағы бір жол Хорезмге баратын.

Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін негізгі арқауынан жол тарамдалып, терістік пен шығысқа қарай, Орталық және Шығыс Қазақстан аудандарына, кейін Сарыарқа атымен мәлім болған Дешті-Қыпшаққа, Ертіс жағалауы мен Алтайға, Моңғолияға асып кетеді екен. Осы арамен атты көшпелілер тайпалары жүретін дала жолы өткен. Сөйтіп малға, жүн мен теріге, металға бай Орталық Қазақстан аймағы сауда-саттық байланыс жүйесіне, оның ішінде халықаралық жүйеге тартылып, көптеген керуен сүрлеулері арқылы Жібек жолы торабымен тоғысады [5, 289-293 б.].

Қазір Жібек жолының тарихын зерттеу, оны жаңғырту, осы жол бойындағы елдердің саяси, экономикалық, мәдени байланыстарын ұлғайту қайта қолға алынып отыр. 1987 жылы ЮНЕСКО-ның бас конференциясының XXIV сессиясы «Ұлы Жібек жолын зерттеудің халықаралық жобасын» қабылдады. Оған Грекия, Португалия, Египет, Италия, Қытай, Индонезия, Моңғолия, Оман, Шри Ланка, бұрынғы Кеңестер Одағы қатысты. «Адамды қоршаған орта, жер мен теңіз қорлары», «Мәдениет және болашақ» атты бағдарламалар бекітілді. Осы бағдарламаларды іске асыруға қатысты. 1991 жылы Қазақстанда «Жібек жолы» атты Ұлттық комитет құрылды. Ұлы Жібек жолы көне дәуірде де, қазір де Еуразия халқы үшін мәдени байланыс, саяси рухани мәселелерді шешуде маңызы үлкен.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 3 б.
- 2 Қазақстанның физикалық географиясы. – Алматы : Атамұра, 2008. – 34-66 б. 3 Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005. – 202 б.
- 4 «Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы». – 98 б.
- 5 «Сен білесін бе?» энциклопедиясы / Құраст.: Қ. Ж. Райымбеков, Қ. Т. Байғабылов. – Алматы : Аруна, 2011. – 289-293 б.

## ҰЛЫ –ДАНА

СУЛЕЙМЕНОВА Ж. С.

тарих пәнінің мұғалімі, «Сарышығанақ ауылының орта мектебі» КММ,  
Қызылжар селолық округі, Ақсу к.

Тақырыптың өзектілігі. «... Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей ұлы үлес қосқан аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын. Платон, Аристотель, Птоломей сияқты ғұламалар музыканы жөнді меңгере алмағанын өздері жазып кеткен...». Бұл жарты ғасырдай уақыт бойы үзбей әл-Фараби мұрасын зерттеумен шұғылданыш келе жатқан ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың тұжырымы.

Осынау жолдарды оқи отырып: егер Ақанның жазушылық таланты геологтік, маркшейдерлік мамандықтарымен ұштаспаған болса, егер ол замана ағымын күйттеп, ислам ғылымынан іргесін аулақ салған болса қаншама тер төккенімен баба мұрасын өзі көтерген деңгейге жеткізе зерттей алмаған болар еді-ау деген ойға келесің. Рас, әл-Фарабидің математикалық, әсіресе философиялық трактаттарына зер салушылар жоқ емес. Бірақ ұлы бабаның музыка теориясына арнаған еңбегін математикасымен өрнектеп, геометриясын аспан әлемімен астастыра қазақтың ежелгі аспантаным түсініктері тұрғысында тұжырымдап, бәрін-бәрін табиғат болмысымен байланыстыра әл-Фараби тұлғасын сомдап, ұрпағына зерделеп берген Машановтан басқа зерттеуші әзірге арамыздан шыға қойған жоқ [1, б. 288].

Шындығында әл-Фараби тек ғалымдығымен ұлы емес, ол көп қырлы ғұлама, өнерпаз, ақын да. Ал біздің заманымызда оған жақын, рухани сабақтас адам бар ма десек, біз алдымен Абайды атар едік. Ұлы адамдар дүниеге мың жылда бір-ақ келеді дегендей қазақ топырағынан шыққан екі ойшыл данышпанның арасы да мың жыл шамасы. Осы екі алып тұлғаны жеке-жеке тануда едәуір істер атқарылғанын айта тұра, олардың ортақ даналық сипаты мен рухани сабақтастығын зерттеуді былай қойғанда, азаматтық болмысының өзін ұрпағымызға жеткізе алмай келеміз-ау деген күдік көңілді аландата береді. Ұлы Абайды халқымыз ақын ретінде тануы, әл-Фарабиді ғалым деуге бейім тұратындығы осыдан болса керек. Әрі бармай-ақ қоялық, тек Абай даналығын айтуды бүгінге шейін әдеби шеңбермен шектеліп келген сияқтымыз. Ал, ол кісінің ғылыми, табиғи, философиялық мирастары күні. бүгінге шейін өз деңгейінде зерттелмей отыр.

Екі ұлы бабаларын дана дейді ұрпағы. Сонда олардың даналығы неде? Егер екі алыптың даралығын айта берсе олардың рухани сабақтастығын неге зерттемеске!

Екі ұлының арасын жақындастыру, үндестіру халқымыздың мыңжылдық рухани, мәдени дүниесін тірілту деген сөз емес пе?! Демек, бұл бір ғана адамның емес, халқымыздың мақсаты болғандықтан бүтін қауым қолға алар қастерлі іс. Міне, оқушы қауымға ұсынып отырған – әл-Фараби мұрасын зерттеуге жарты ғасырлық ғұмырын бағыштаған ұлы бабасын ұрпағымен қауыштырған ғұлама: жер ғылымы саласының белді маманы, алпыс жылдай кен мамандарын дайындауда ұлағатты ұстаздық еткен профессор қазақ әдебиетіндегі балауса жанр – фантастиканың бастауында тұрған және ғылыми – көпшілік жанрды да жаңа деңгейге көтерген жазушы Ақжан Машанов қаламынан туған «Әл-Фараби және Абай» атты кітап осынау ұланғайыр істің соны бастауы, халқымыздың мың жылдық мәдени тарихының сабақтастығын зерттеген алғашқы еңбек десе де болғандай. Сонымен қатар мұнда оқушы қиялын қанаттандыратын батыл болжам мен үшқыр ой бар, ұғынуға ұмтылдыратын ғибраттық соны ұғымдар бар, ғалымдыққа баулитын ғылыми қиястар бар, тарихқа қайта үңілдіріп, ескілік деп ескерілмей келген, кертартпа деп мансұқ еткен рухани байлығымыздың бастауы бар. «Әл-Фараби музыкант, біз оны философ дейміз, Абай философ, оны ақын дейміз» деген Ақан тұжырымына кітап парағын аударған сайын көз жеткендей болады [2, б. 210].

Заманымыздың ойшылы М. Әуезов Абай нәр алған рухани үш қайнар көз бар деген-ді. Олар: біріншісі – қазақ халқының көнеден келе жатқан мәдениеті мен өнері, екіншісі – орыс мәдениеті сол арқылы келген Батыс мәдениеті, үшіншісі – Шығыс мәдениеті мен өнері. Осының біріншісі, әсіресе үшіншісінің Абайға да, әл-Фарабиге де ортақ екендігі талас тудыра қоймас [3, б. 100].

Арабстанда баба ғұмыр кешуі, Абайдың орыс мәдениетінен хабардар болуы олардың кемелденіп есеюінің себебі ғана. Бірақ Абай болмысындағы даналық төркінін мәдениетіне қарыздар ететіндей пікірдің үстемдік етуі тіптен ұлы Мұқанның да мұны баса айтуы империялық сананың кіріптар етуінен екені белгілі. Ал шындыққа жүгінсек, Батыс мәдениетінің, әсіресе ғылымының бастауы орта ғасырлық араб елінде жатқан жоқ па. Бұл жерде араб елін айналып өте алмайсың. Сөйтіп араб мәдениетін екі данаға ортақтастыра қарап, Абай дүниетанымына ықпал еткен орта ғасырдағы араб ғылымы десек, сол орта ғасыр ғұламаларының көшін бастаушы әл-Фараби болғандығын ескерсек, мұны екі дана арасын жалғастырар нәзік

жіптің желісі демеске неге болмайды. Және Ұлы бабаларымыздағы ұқсастықты олардың ата-тегінен іздестірудің де әбестігі жоқ сықылды.

Мың жыл бұрын әл-Фарабидің кіндік қаны Отырарда – Сыр топырағына тамса, Абай атамыздың шыққан жері де сол Сыр өңірі емес пе еді. Рас, жерге, елге ортақ тарихи жағдайлар жұрттың бәріне бірдей болғанымен (Жердің бәрі әл-Фараби, Абай бола алған жоқ қой. Сондықтанда олардың ата-тегін айтқанда даналардың бойына ана сүтімен дарыған табиғи дарын ұқсастығын тілге тиек еткен жөн сияқты.

Егер Абайдың ғылыми мирастар деңгейін шырқау биікке көтерген әл-Фараби ілімінің нұр сәулесі десек, кестенің бізіндей өрнекті Абайдың көркем де нәрлі тілі арқылы ұлы бабаның терең қағидалары сап алтын күйінде қонымды да түсінікті түрде халқына жетті. Бұл халқымыздың рухани өміріндегі ұлан асуы деуге әбден тұрарлық мақтаныш. Сөйтіп ұлы бабамыздың ғылыми мирастарын туған ел топырағына оралтып, халық санасына жеткізуші Абай болғандығына автор болжаммен шектелмей салықалы ой түйіндеуі оқушы қауымға ұсынып отырған дүниенің құндылығын қомақтандыра түсері сөзсіз. Айтты айтпады ұлы Абайды халқымыздың ақын ретінде дана данышпан деп тану құпиясының бір тар баба ғылымын поэзияға айналдыруында жатпасын!

Ал, Абай қара сөздері ғылыми ойға, философияға толғамға тұнып тұр ғой. Осыларды жете талдап көрер болсақ әл-Фараби ілімінің ізін Абай шығармаларының бәрінен кезіктірер едік. Алдымен ақын, сосын музыка ақырында дүние жүзіне философ ретінде танылған әл-Фарабидің аспантаным, математика, медицина, сәулет, механика, физика, оптика салаларындағы құнды еңбектерімен көпшілігіміз таныс емеспіз [4, б. 100]. Сондай-ақ табиғат танудағы әл-Фарабидің басты еңбегі «Табиғат тағылымы» («Табиғат матбуғат») идеясы шығармаларында кеңінен айтылатындығын Ақаң кітапта екі алыпты жалғастырар желі етіп тартуы тегін емес. Мәселен әл-Фараби «Ғалымның көркі оның иесін тану: жолы» екендігін ескертсе, Абай жер жүзін безендір тәңірім шебер деп ғалам иесіне тәуба келтіреді. Нем бабаның: «Әр адамның ғаламда орны бар» деген тұжырымын, Абай: «сенде бір кірпіш дүниеде» деп анықтай түседі. Сол сияқты әл-Фараби ғаламның тартылыс күшін магнит те, жер зағы – темір деп бүгінде қапысыз дәлелде; ғылыми ойын, Абай: «Қара жер адамзатқа болған мек қазына іші толған әртүрлі кен. Ішінде жүз мың түрлі асылы бар. Солардың ең артығы қайсысы екен?» деді жұмбақтап баба ойын «сөз патшасы өлеңге» айналдыр алған соң, қалың оқушы зердесіне бірден жететіндей ет' «айналасын тептегіс жұмырлаған» соң шешуі – темір екенін өзі айтады.

Ақжан Машановтың әл-Фараби әлеміне келуі де ерекше, Абайды тануы да ерекше. Ақаң халық үшін қандай соны істі қолға алмасын, тыңнан соқпақ салып, ғылымының жаңа бетін ашпасын сүйенер құдыреті қазақтың қасиетті тілі, ғылыми, ислами жолы және бүгінгі табиғат ғылымның жетісіктері. Бұған оқушы қолындағы «Әл-Фараби және Абай» шығармасы айғақ. Ұлылықты айта білу ұлағатының сыбағасы, даналықты ашуға дарын қажет – осы қасиеттің бәрі Ақжан Машановтың ойынан табылады.

Ақжан Әл-Машанидің шығармашылық және ғылыми-педагогикалық өмірі жаңаша талданып, оның барынша халықтың мүддесіне сай қызмет еткені ашылды. Бұрын белгісіз болған ғылыми басылымға еңбеген ғұламаның еңбектерін алғаш рет толық зерттеп, бүгінгі күн уақыт талабы тұрғысынан қарастырады.

Көп жылдар бойы ізденістің, бабаның ғылыми трактаттары мен тарихи оқиғаларды салыстыра зерттеу нәтижесінде кітаптары автор әл-Фараби – Абай даналығын жалғастырар ұқсастықтарды логикалық жолмен түйіндеумен шектеліп қалмай, дәлелді дәйектер де ұсынады. Сондықтанда ұлы бабаның Абайдағы рухани жалғасын кітап авторының әдебиет, поэзия саласынан, музыка саласынан, есеп саласынан, физика саласынан, алхимия саласынан, аспантаным саласынан, социология саласынан, Югика (мантика) мен философия салаларынан, дін және инабат пен тәлім – тәрбие салаларынан іздеу салып, бәрін байланыстыра қарастыруын құптайсыз.

Табиғатында жазушылық дарыны бар жан техника саласын қуып кетсе де жазушылық қаламын ұштауда болды, Абайдан үйренуді үзбеді. Абай туралы диссертация жазбады демесек Ақжан 1943 жылы ұлы дананың 100 жылдық мерей тойында Қ. Сәтбаевтың тікелей тапсырмасы бойынша Абай шығармаларындағы табиғат ғылымының көріністері тақырыбынан баяндама жасайды. Мұхтардай алып бастаған Абайтанушы ғалымдар, жазушылар және қалың қауым алдында данышпан ақын қақында техника саласы ғылымының айтар ойы қаншама мағыналы да терең болуын тілер еді. Ақаң артқан үмітті ақтады да.

Ел алдындағы борышы санап Ақаң, тоқсанға аяқ басқанда Абай тақырыбына қайта оралып, екі алып баба арадағы рухани, ғылыми байланыс арқауын зерттеу нәтижесін «Әл-Фараби және Абай» арасында түйіндеп отыр. Екі дананың қағидаларының тарқатыла таратылып, оқушысының жасы мен жасамысы көусарын қандырарлықтай ғылым мен қиялына астасар ұрпаққа қажет ұғымдарды жаңғырта, жаңадан мағынасын ашып өніп-өсуге мезгейтін дүние бұл. Ұлы Абайдың



150 жылдық тойына татымды да тартымды сыбаға бұл. Халқымыздың «Жаксы адам-қазына» деген нақыл сөзі бар. Сондай адамдардың бірі емес, бірегейі Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани өміріне көз жіберсек, ол кісінің өте бір бай өмір кешкенін байқаймыз.

Байлық деген, біреу үшін ақша, біреу үшін дүние-мүлік. Әрі беріден соң, біздің жер астындағы қазба байлықтармызды ысырапсыз пайдалана берсек, қайтадан қалпына келмейтінін, сарқылатынын білеміз. «Сонда таусылмайтын қазына не?» – дегенде, ол – адам бойына ана сүтімен бітетін дарын. Дарынды адамдар күнделікті өмірде, қарым-қатынаста, жұмыста, үйде, түзде жан-жағындағы адамдарға бойындағы қабілеттің шуағын шашып жүреді. Сондай, өмірінің ақырғы сағатына дейін біздерге білім мен ғылымның, өнеге мен үлгінің нұрын шашқан, таусылмас қазына қалдырып кеткен академик, Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, профессор Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани еді [5, б. 100].

Ұлы данышпан адамдар әр халықтың мыңдаған жылда бір ғана рет дүниеге келеді деген қағида біздің осы екі данаға келетін сияқты. Әл-Фарабидің ұлы ғалым екені, көп қырлы ғұлама – хакім екені, өнерпаз ақын музыкант екені мәлім. Әл-Фараби мен Абай арасын жақыдастыру, оларды үндестіру, біздің халқымыздың мың жылдық рухани мәдени – руханы дүниесін тірілту деген сөз.

Әл-Фараби еңбегінде логика екі айқын түрге айналдырды; оның бірі мантики қаллами-яғни формалдық логика сөздік қисын-схоластика: екіншісі мантики масбути-дәлді өлшеген, тексерілген ғылыми қияс математикалық логика.

Оның бірінші көрінгеннің қолына түсе беретін жеңіл түрі. Екіншісі көп еңбекпен, тәжірбемен, өлшеумен, бақылаумен, есептеумен келетін ауыр түр. Бұл кейінгісі әркімнің қолынан келе бермейді. Осы екеудің арасындағы талас бүтін дүние таласы деуге болады.

Соның бір айғағы ретінде ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың ғылыми еңбектері әлемдік тұрғыдан насихаттауда. Ол өзінің өмірінің соңына дейін халқына білім мен ғылымның өнеге мен үлгінің нұрын шашып, таусылмайтын рухани қазына қалдырды. Қазақ ұлттық Ғылым академиясының корреспондент – мүшесі, Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, профессор Ақжан Машанов атамыздың 100 жасқа толуы 2006 жылы ЮНЕСКО шеңберінде аталды.

Ақжан Машанов өз уақытынан оза туған ұлы болды. Оның кеменгерлігі мінез-кұлқында, ғылым мен өмірге деген көзқарасында анық байқалады. Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың ғылыми дүниетанымы геология мен тау кен ісі ғылымдарының аясында

шектелмейді. Ол тау-кен ғылымының қазіргі кезде маңызды бір ғылыми бағыты – геомеханикалық Қазақстандағы мектебінің ірге тасын қалаушысы. Шығыстың ұлы ойшылы Әбу-насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасын зерттеудің негізін салған бірегей тұлға. Ұлы ойшыл ғалым тау – кен ғылыми саласындағы көптеген озық жетістіктердің ашылуына, жаңа алтын кен орындарын ашу, іргелі ғылымдар тарихын зерттеу, ғылыми-техникалық білімді насихаттаудың ұйытқысы болды [6, б. 590].

Ақжан Жақсыбекұлы жер қойнауының қажымас зерттеушісі болды. Ол өз ісіне шынайы бірілген зерттеуші және публицист. Ақжан Машанов тау-кен, геология саласына сұрапыл соғыс жылдары келді. Алғашқы қадамын қатардағы тау-кен инженері геологтан бастаған ол ғылым жолында айтулы із қалдырған ғалым ретінде даралана білді. Алғашқы қазақ геологы А. Ермеков, орыс ғалымдары П. К. Соболевский, П. А. Рыжов сынды ұстаздардан дәріс алған Ақжан Машанов үшін ең басты тірек – өзінің жеке таланты мен еңбекқорлығы болды. Оның болмысында үнемі алға ұмтылу, қажымас қайрат, ғылымға шексіз берілу, жігерлілік, сенімділік сияқты ұлы күш болды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әл-Машани А. Таста түйілген тарих. (Ғылыми-фантастикалық роман. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Алатау баспа-полиграфиялық корпорациясы, 2006. – 4т. – 288 б.
2. Сәтбаев Қ. Сөз басы. Әл-Машани А. Жер сыры. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Алатау баспа-полиграфиялық корпорациясы, 2006. – 3 т. – 210 б.
3. Машанов А., Машанова Ж. Ғажайып от ошағында. – Алматы : Республикалық баспа кабинеті, 1996. – 100 б.
4. Әл-Машани А. «Ай арысь» ғылым жаңалықтары. – Алматы : Республикалық баспа кабинеті, 1996. – 100 б.
5. Ақжан аль – Машани. Аль – Фараби и современная наука. – Алматы, 2007. – 218 с.
6. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы, 2001. – 590 б.

## АХМЕТ ЙАСАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

ТӘУЕКЕЛОВА Ұ. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 93 орта мектебі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы*«Ахмет Йасауи хикметтерінің тәрбиелік мәні  
Дінімізді, Ділімізді, Тілімізді сақтау – Ұлтымызды,  
Мемлекетімізді сақтау. Ұлттық идея сөз болғанда  
– оның көшбасында Дініміз тұруы керек.»***Н. Ә. Назарбаев**

Ұлт деп аталатын ақиқаттың негізгі екі тұғырының бірі – тіл болса, екіншісі – тілдің негізгі тасушысы мәдениет. Мәдениет саласының ішіндегі адам мен қоғам үшін ең ықпалды әрі маңыздысы да дін екені мәлім. Ислам дінінің және түрік мұсылмандығының қалыптасуына үлкен із қалдырған, өзіндік ілімі қалыптасқан тұлғаның бірі – Қожа Ахмет Йасауи.

Кенестер Одағы кезінде ресми идеология қыспағында атеист болып көрінгенмен, көпшілігі Ахмет Йасауидің руханиятына берік қалып, осы уақытта ұлттық болмысты сақтап қалған. Йасауидің атын естісе де естімесе де Түрік әлемінің әр жерінде тікелей оның мирасы мен мұрасының іздері бар. Ахмет Йасауи салған жолдың жәдігерлері оның «Диуани хикметтерінде» жатыр. Хикметте айтылған ойлар арқылы оның өмір жолын, көрсеткен іс-әрекеттерін байқаймыз.

Қожа Ахмет – софылық ағымның үлкен бір өкілі. Өзі де софы, діндар және дін уағызшысы. Ол өзінің нанымна, танымына мейлінше адал. Сондықтан да барлық жалғандық атулыға, ұрлық-қорлыққа, зорлық-зомбылыққа барынша қас. Адамды түзету арқылы қоғамды, қоғамды түзету арқылы заманды түзету, жалпыға бірдей әділетті, өмір орнату-оның адамдық мұраты. Діндарлық мақсаты, ақындық парызы. Бұл оның таза табиғатында бар қасиет. Аты аңызға айналған, аңызға айналардай қасиет бар, адамгершіліктің бүкіл шарттары бір бойына жиналған ұлы тұлға. Бұл – оның ана сүтімен, ана тәрбиесімен дарыған қасиет. Бұған ол өзінің адалдығымен, бүкіл ғұмыр бойындағы адал еңбегімен, таза мінез-құлқымен жеткен.

Қожа Ахметтің бүкіл өмірі – ұстазға адалдықтың, адамгершілік парызына адалдықтың өзінің нанымна, дініне адалдықтың айқын көрінісі. Өтірік айту, жалған сөйлеу, көлгірсу, жасандылық, тәкаппарлық дегендердің қандайын болса да қатты айыптайды. Өзінің хикметтерінде жалған сопылықты, софысынған суайттарды әбден

әшкере етеді. Хикметтерді оқып отырғанда кездесетін: «Құран ұстап ондырмас жалған ғалым», «Жалған ғашық, суайт софыны жүндей түттім», «Арың сақта, болсаң да малға кедей», «Жалғаншылар дозқының өзі ғой», «заман азар уағында, патша айнарлар залымға», «алдамшылар, жалғаншылар, бұзықтар мен арамдар» деген сөздерде адамның құлқын тазартудың қаншалықты маңызды екені өткір айтылады.

Бабамыздың биік мұраты, күрескерлік қуаты мына бір жыр жолдарында жинақтала айтылғандай, кімнің кім екенін ашы да болса айтып тұрғандай:

Дүние-мүлікке құмартып жаһан малын жиғандар,  
Құзғын жемін жегендер арамға әбден батпақшы.  
Молла, мүфти болғансып, жалған дұға қылғандар,  
Ақты қара дегендер тамұққа барып жатпақшы.

Ахмет Йасауи жетім өсті. Әпкесі Гауһар анамен жастай Йасыға келіп, бұл жерде жеті жасқа келгенше Арыстан бабамен жолығады. Одан Хз Мұхамедтің аманатын алады, шәкірті болады.

Жеті жаста Арыстан бабаға бердім сәлем,  
Хақ Мұстафа аманатын бергін тамам,  
Нәпсім өліп, Хаққа қарай үштүм міне,  
Жеті жаста Арыстан баба мені тапты,  
Сырмен көріп, пердемен жауып, тықты.  
Аллаға шүкір, көрдім деп, мені өбіп,  
Сол себептен 63-те кірдім жерге.  
Арыстан бабамен бірге жер бетінде көп бола алмайды.

Арыстан бабаның ықпалы Ахмет Йасауи өмірінде де, мағына әлемінде де онымен байланысының үзілмегендігін көрсетеді. Деректерде Хорасанның ең мәшһүр пірлерінен, қожалардан шыққан Қожа Жүсіп Хамаданмен кездесіп, оның атакты төрт шәкіртінің бірі болған. Оның орнына лайық деп табылған тұста Йасыға қайта оралған. Йасыда өз жолын, ілімін қалыптастырады. Түрік тілі мен ділінің негізіндегі алғашқы түрік – ислам сопылық жолы кейіннен Түркістан болып өзгертілген Йасыда құрылған болатын.

Ахмет Йасауи Йасыда мектеп ашып, тәрбиелеп шығарған шәкірттерін әлемнің төрт бұрышына жолдаған. Сөйтіп тарихтан жана бет ашып, түркілік рухтың қайта жандануын қамтамасыз етті. 125 жасқа келгенде айтқан хикметтерінде қарапайымдылықпен, кішіпейілділікпен:

Ерендерден шабытпен сыр ала алмадым  
Жүз жиырма бес жасқа келдім, біле алмадым.  
Хақ Тағала тағаттарын қыла алмадым,

Естіп, ұғып жерге кірді Қожа Ахмет.

Хижра жыл санағы бойынша 126 жасқа келгенде 63 жыл бұрын «өлмес бұрын дәмін татқан өлімді» қайта қарсы алды. Бұл 1227 жыл болатын. Жерленген жеріне кішкене кесене қойылған. Одан екі ғасыр өткен соң Әмір Темір тарапынан бүгінгі ғимарат орнатылған. Бұл жер ғасырлар бойы діннің, ақиқаттың орталығы болғандықтан түріктер Түркістан қаласын екінші Мекке деп атайды.

Сопылық жолы-адамды мұратқа жеткізетін, өте қиын жол. Бұл жол – шәкіртті бұрыннан осы жолмен жүріп өткен, жол көрсетуші деген куәлігі бар кемел пірлер арқылы мақсатқа жеткізеді. Осы жолдың ұстаздарын пір емесе шайх дейді. Сопылық жолға пірсіз түсуге болмайды.

«Диуани хикметте»:

Бұл жолға, ей бауырым, пірсіз кірме,  
Хақ жадын еске алудан ғапыл жүрме.  
Тәңірден басқасына көңіл берме,  
Шайтан лағнет өз жолына салар, достар!

Йасауи атамыз сопылық жолға пірсіз кіргендердің шайтанның жолына түсіп кетуі мүмкін екендігін ескертеді.

Нағыз сопылар әр істе Хақты еске алып, көңілінде одан басқа нәрсеге орын бермеу керек. Көңілінде Алладан басқа нәрсенің болмауы дегеніміз – оның еңбектенуден, өмір сүруден, адамдарды сүю мен кез-келген сүйіспеншіліктен бас тарту емес, көңілдің мұраты Аллаға жету.

Пір осы қиын жолда шәкіртіне жол сілтейді. Мұндай пірі болған адамның жолы жеңіл болады.

«Диуани хикметте»:

Пір риясы, хақ риясы болар достар,  
Хақ тағала рахметіне алар достар,  
Риязатқа сыр сөзінен болар достар.

Жол көрсетуші болу үшін діннің сыртқы қағидаларын жақсы білетін, өзі сондай адамнан тәрбие көруі керек.

«Диуани хикметте»:

Бұл жолдарды білмей тұрып, шайхпын десе,  
Кереметпен, әулиелікпен хабар берсе,  
Өзінді ондайлардан қорғау керек.

Өзін-өзі шайх, әулие және жол көрсетуші деп жариялағандарға мүлдем жоламау керек. Ондайлар дүниені зынданға айналдырады.

«Диуани хикметтен»:

Шайхпын деп, ісіп-кеуіп, хақпен таласады  
Менмендікпен Тәңірдің сүйіктісі бол алмайды.

Өзі шірік, мұңсыздарға әулие болып,

Бұл дүниені мұңсыздарға зындан қылар»

Өтірікші, азғын шайхтардың кесірі мен кесапаты шайтаннан бетер.

Жалған шайхтар өздеріне қол берген адамдарға да, сопылық жолға да, Ислам дініне де зиян келтіреді. Хикметте мұндай шайхтар былайша сыналған:

Өзінді шайх санайды білімі жоқ,

Жиырма беске жетпей оның жасы

Насихат айтар кәрі мен жасқа

Айыра алмай тұрса да жақсы менен жаманды.

Йасауи жолының негізгі дерек көзінің бірі болып табылады. Бұл еңбегінде Ахмет Йасауи жалған шайхтарға сипаттама береді:

Суфи болғансып, нәпсің мен әр дем есікке қарайсың,

Сияпат алып келді мен деп келген кісіге қарайсың,

Алланың лағнетін мойныға әр дем тағасың,

Суфи-сипат болдың, бірақ, еш мұсылман бола алмадың.

Бұл істе қалай сақтану керек? Оның негізі жолы-өздеріне қол бергендерді қолданып, қанап, сауда мен саяси күшке айналдырған шайхтардан аулақ болу керек.

Ахмет Йасауи мыңдаған ұстаз тәрбиелеп әлемнің түкпір-түкпіріне жіберген кезінде бала-шағасын өзі жасаған ағаш қасық пен шөміш сатып асыраған. Мұсылмандарға асты қасықпен жесін деп, қасық жасаған. Яғни, Йасауи жолында дүниеге құл болу да, тіленші болу да атымен жоқ.

Суфи болмай қайтсін. үйде қылатын ісі жоқ,

Сопылық жолға түсер, халыққа берер аыс жоқ.

Ах-ух дегенмен, көзіне тамшы жасы жоқ,

Бірақ еш мұсылман бола алмадың.

Яғни, адамзат алдымен еңбек етіп өндіреді, халыққа ас береді.

Сосын халыққа риякерлік жасамайды. Алла үшін, Алла жолына болады. Йасауи жолының өкілі, үлкен ұстаз Жүніс Әміре де бұл туралы:

Еңбек ет, табыс тап, же, жегіз!

Жарлының көңілін тап, ұшыртып қиял атын!

Мың қағбадан да артық, – деңіз

Бір көңілге жасаған зияратың, – дейді.

Ахмет Йасауи жолы-білімнің ортасындағы сара жол. Жақсылықты жаю, жамандықты тыю, білім-ғылым табу – Йасауи жолындағы тәрбиелік арналар.

Білімсіз, білімнен артық қалғандарды Йасауи атамыз надан дейді. Надан-білімсіз, білім үйреніп, арттыруға тырыспайтындар деген ө сөз. Хикметінде:

Алдымен жақсылар кетті, жалғыз қалдым,  
Надандардан бір жақсы сөз естімедім,  
Дана кетті надандардан шекім жапа,  
Жол таба алмай, адасып қалдым, міне  
Тағы бір хикметінде:  
Кұл Қожа Ахмет ғалымдарға қызмет қылғын!  
Ғалымдардың сөзін естіп, амал қылғын!  
Амал қылып, Хақ жолында жаныңды бер!  
Амалсыздар дидар көрмес, ей достар!

Білім-ақиқатқа ұласуды, болмысты тануды қамтамасыз етеді. Болмысты танудың жолы-білім жолы. Болмысты танығандар өздерін де таниды. Өзін танудың жолы да білім. Сабырлылық, кісіге қамқорлық Йасауи хикметінің негізі десек те болады. Оны мына хикметтер дәлелдей алады:

Өз көркіңе өзің мәз бола берме,  
Өзіңе – өзін сұқтанғаның, сірә, жөн бе?  
Алланы айтып, тәубе қылғын, жөнге кел де,  
«Дүние-дүние» дей берме, бір Алла болсын айтарың,  
Кісі ақысын жей көрме, ысырап көпір бар, байқағын,-деп әділдікке шақырады.

Қорыта келгенде, Йасауи хикметтерінің өскелең ұрпаққа берер тәлімі шексіз. Бір қуанарлық жайт – қазіргі уақытта бабамыздың хикметтерін жатқа айтудан түрлі сайыстар өткізілуде. Бұл бабамыздың ұлағатты мұрасын игерудің айғағы. Діни тәрбие, имандылыққа баулудың негізі осы – Диуани хикметтерде деп айтуға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Зейбек Н. К. «Қожа Ахмет Йасауи жолы және таңдамалы хикметтер». – Анкара, 2003.
- 2 Йасауи Қ. А. «Хикметтер». – Алматы, 1995.
- 3 «Имандылық әлемі» газеті. – № 10. – 2011.

## ВЕРСАЛЬ-ВАШИНГТОН ЖҮЙЕСІ МЕН ОНЫҢ ТАРИХТАҒЫ АЛАТЫН ОРЫНЫ

ШОКИНА Б. Р.  
магистрант, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемді қайта реттеу мақсатында жүргізілген Версаль-Вашингтон жүйесінің тарихта алатын орны ерекше. Соғыстың аяқталуы халықаралық дипломатия және саясатта жаңа жолдың басталуына түрткі болды. Соғыста «жеңгендер» мен «жеңілгендер» арасында дипломатиялық шиеленістер мен қайшылықтар төңірегінде саяси «ойын» басталды. Соғыста жеңген елдер Версаль-Вашингтон жүйесі бойынша халықаралық қатынасын бекіте түсуге қадам жасады.

Сонымен, бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемді бейбіт жолмен реттеу проблемасы бойынша жеңген елдердің басшылары: Францияның премьер-министрі Ж. Клемансо, Ұлыбританияның премьер-министрі Ллойд Джордж, Америка Құрама Штаттарының президенті В. Вильсон тарихта Версаль-Вашингтон жүйесі деген атпен танымал болған халықаралық бейбіт конференция ұйымдастыру жұмысын жүргізу туралы шешім қабылдады. Бұл соғыстан кейінгі ұлы державалар арасындағы дипломатиялық «шайқас» болды. Күн тәртібіндегі басты мәселе Франция үшін жеңілген Германия, Австро-Венгрия, Түркия сияқты империялардың территориясын бөлшектеп, отарларын иемдену болса, Ұлыбритания үшін Еуропада өзінің бұрынғыдай алып держава орнынан айырылмай болды, ал АҚШ үкіметі бұл Париж конференциясында Ұлттар лигасын құру және қарусыздану мәселесін ұсынумен болды.

Сөйтіп, соғыс аяқталысымен 1918 жылы 11 қараша айында Компьен орманында Францияның сыртқы істер министрі Фош Германиямен бейбіт келіссөз жүргізу мәселесі бойынша құжатқа қол қойды. Сонымен герман мәселесін талқылау үшін бейбіт конференция 1919 жылы 18 қаңтар күні Парижде осыдан 48 жыл бұрын Германия империясының құрылғанына куә болған Версаль сарайының Айналы залында ашылды. Жиналыстың ашылу барысына сөз алған президент Пуанкаре өз сөзінде соғыстың кінәлілері мен жаңа соғысқа жол бермеу мәселесін айтып өтті. Париж конференциясына 27 мемлекеттен делегаттар келді, сонымен бірге 5 мемлекет – АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Италия, Жапония державалары конференцияда «бестіктер кенесін» құрып, оған Франция төрағалық жасады. Бұл Версаль-Вашингтон конференциясының



тарихта алатын орны ерекше, мұнда соғыс өртін бастап, адамзат өміріне үлкен қайғы-қасірет алып келген «Үштік одақ» державалары мәселесі бойынша арнайы келіссөздер жүргізді. Осы Париж конференциясында төрағалық құрып отырған Франция қаралар мәселенің көп жағын «немістерден өш алу» жағына бұра берді, ал соғыста жеңілген Германия үшін бұлай «арттан соққы алулары» өте ауыр қасірет болды. Әрине, мұның да өзіндік ерекшелігі бар еді, яғни сонау Франкфурттан кейінгі француздардың немістерге деген өшпенділігі орынды да еді. Сонымен бірге бұл конференцияда АҚШ президенті В. Вильсон барлық халықтардың халықаралық тағдырлары мен мүдделерін бірінші орынға қоятын Ұлттар лигасын құрып «Жарғысын» қабылдау, мандаттық жүйе енгізу сияқты мәселелерді алға тартты. Мұндай ұсынысты бастапқы кезде Франция мен Ұлыбритания өкілдері қабылдаудан бас тартты. Өйткені барлық халықтардың мүдделері мен тағдырларын бірінші орынға қоятын «жарғы» талаптары еуропалық ұлы державалардың басты тізгін етіп ұстап отырған территориялық және қаржылық саясаттарынан оп-онай айырылып қалғылары келмеді.

Сонымен, 1919 жылы Париж конференциясында көп жағынан оқшаулана берген АҚШ мемлекеті енді (1921 аяғы – 1922 басы) Вашингтонда өздері бейбіт конференция ашты. Бұл конференцияда ең басты қаралған мәселе соғыстан кейінгі қарусыздану проблемасы болды.

Франция астанасына соғысқа қатысушы мемлекеттердің өкілдері келді. Бітімшартын жасауға Германия мен жеңілген мемлекеттер, сондай-ақ Кеңестік Ресей қатыстырылмады. Конференцияның негізгі мақсаты Германиямен бітім-шартын дайындау болды. Конференцияға Францияның, Ұлыбританияның басшылары және АҚШ президенті жетекшілік етті. Француз делегациясы өзінің негізгі қарсыласы – Германияны барынша әлсіретуді талап етті. Франция Саар көмір алабын және Рейннің сол жағалауындағы неміс жерін қосып алғысы келді. Ұлыбританияның алдына қойған мақсаты орындалды. Германия оның теңіздегі және дүниежүзілік саудадағы бақталасы болудан қалды. Алайда Германия отарларын және Таяу Шығыстағы түріктер иемденген мұнай байлығын бөлісуде Ұлыбритания мен Францияның арасында келіспеушілік байқалды. Ағылшын премьер-министрі Ллойд Джордж Германияны сақтап қалуды ұсынды. Ол Еуропада Франция күшейетін болса, оған қарсы Германияны пайдалануды ойлады.

АҚШ президенті В. Вильсонның халықаралық бейбітшілік ұйымын құру идеясы, онда АҚШ-тың басты рөл атқаруы ең қызу мәселелердің бірі болды. Ұлттар Лигасына халықтар арасындағы ынтымақтастықты дамыту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

Халықаралық мәселелерді талқылау үшін жыл сайын Ұлттар Лигасының Ассамблеясы шақырылатын болды және ассамблеямен бірге дәл сондай өкілеттігі бар Кеңес құрылды. Кеңестің тұрақты мүшелері қатарында 5 мемлекет – АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия және Жапония болды. Ұлттар Лигасы Жарғысында басқыншы мемлекеттерге ұжымдық шара қолдану әрекеті белгіленді. Вильсонның талабымен Ұлттар Лигасы Жарғысына мандат ұғымы енгізілді. Ұлттар Лигасы атынан 1919 жылғы мамырда Ұлыбритания мен Франция герман отарлары мен Осман империясына қараған бірқатар елдерге қамқоршы ретінде мандат алды және Того мен Камерун жерін өзара бөлісті. Мариан, Каролин және Маршалл аралдарына, сондай-ақ Шаньдун түбегіне Жапония мандат алды. Эльзас пен Лотарингия Францияға қайтарылды. Саар облысын басқару ісі 15 жылға Ұлттар Лигасына берілді. Кезінде Германия иеленіп алған Польша жері (Познань, Пруссия мен Померания аудандары) Польшаның өзіне қайтарылды. Бельгия, Дания, Литва елдері Германия қарамағындағы өз жерін қайтарып алып, аумақтарын кеңейтті. Версаль бітімшарты Германиядан дүниежүзілік соғысты ушықтырушы ел ретінде төлем өтеуін талап етті және оған әскери шектеулер қойды. Антанта елдерінің соғыс шығындарын өтеу үшін Германия репарациялық төлем (лат. *reparatio* – орнына келтіру) төлейтін болды. Германияға әскери флот, авиация, жаяу әскер ұстауға тыйым салынды. Армияның қызметі тек мемлекеттің ішкі тәртібін сақтауға ғана бағытталды. Германия делегациясы 1919 жылы 28 маусымда Версаль шартына қол қойды. Бұл шарт неміс халқына үлкен ауыртпалық әкелді. Германияның одақтастарымен жасалған бітімшарттар Версаль шарты үлгісінде құрастырылды. 1919-1920 жылдары Австриямен, Венгриямен, Болгариямен және Түркиямен келісімшарттарға қол қойылды. Германияның одақтастарына әскери шектеу белгіленді. Олар да төлем төлеуге міндетті болды. Версаль жүйесі арқылы Франция Еуропадағы басым жағдайын, Ұлыбритания Таяу Шығыс-та және теңіздегі үстемдігін қамтамасыз етті. АҚШ делегациясы Париж конференциясында көздеген мақсаттарына толық жете алмады. АҚШ сенаты Версаль бітімшартын бекітуден бас тартты. Шаньдун түбегінің Жапонияға берілгеніне қарсылық білдіріп, Қытай да қол қоюға келіспеді. Париж бітім конференциясынан кейін отарлы державалардың Қиыр Шығыс пен Тынық мұхит алабындағы қайшылықтарын реттеу қажеттілігі туды.

1921-1922 жылдардағы Вашингтон конференциясы. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Жапония Тынық мұхиттағы және Қиыр Шығыстағы үстемдігін нығайтып алды. Ол Қытаймен бірқатар

келісімдер жасасу арқылы экономикалық жеңілдіктер алып, Қиыр Шығыс- тан АҚШ пен Ұлыбританияны ығыстыруға талаптанды. Париждегі бітім конференциясында Жапония Шаньдун түбегіне өзінің құқығын бекітіп, Тынық мұхиттағы Германияның бірқатар отарларын иеленіп алды. Осыған байланысты АҚШ-тың басқарушы топтары Қиыр Шығыс- қа қатысты Париж шартының шешімдерін қайта қарап, теңіз қарулы күштері туралы мәселе талқылау қажет деп шешті. Аталған мәселелерді қараған конференция Вашингтонда 1921-1922 жылдары өтті. Оған АҚШ-пен бірге Ұлыбритания, Жапония, Франция, Италия, Бельгия, Португалия, Голландия, Қытай мемлекеттері қатысты. Кеңестік Ресей Тынық мұхиттағы ірі держава болғанымен, 20 бұл жолы да конференцияға шақырылмады. Конференция отырыстары үш негізгі келісімшартқа қол қоюмен аяқталды:

1 Төрт держава келісімі (Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Италия) Тынық мұхит аумағындағы аралдар иеліктеріне қол сұқпауға халықаралық кепілдіктер берді.

2 Бес держава келісімі (Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Жапония, Италия) салмағы 35 мың т-дан артық әскери кемелер шығаруға тыйым салды, бұл АҚШ дипломатиясының үлкен жеңісі болды. АҚШ-тың теңіз күштері аса ірі кемелер иесі – Ұлыбританиямен теңестірілді.

3 Тоғыз держава келісімі бойынша Вашингтон конференциясына қатысушы мемлекеттер Қытай аумағына қол сұқпауға, барлық елдер үшін Қытай аумағының есігі ашық болғандықтан, оның тәуелсіздігі мен егемендігін сыйлауға келісті. Шаньдун түбегі Қытайға қайтарылды.

Әділетсіз Версаль – Вашингтон жүйесі 1929-1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың қысымына шыдай алмай, ыдырай бастады. Еуропа аймағында монополистік топтардың қолдауымен өкімет басына келген фашистік күштер дүниежүзін қайта бөлісуге бел байлады. Олардың қатарынан Германия, Италия және Жапония мемлекеттері бой көрсетті.

Версаль Вашингтон жүйесінің құрылуы көп маңызды шешімдермен аяқталды. Бұл конференциясымен әлемнің күшті мемлекеттер бірінші дүниежүзілік соғыста соңында басқыншы мемлекеттерді шектеуге тырысты. Бұл конференцияда АҚШ, Қытай, Жапония, Франция, Италия және тағы басқа мемлекеттер қатысты. Олар басқыншы мемлекеттердің әскері күшті шектеді. Мысалы, Жапония елге үлкен кемелерді құрастыруға тыйым салынған. Тағы да, Қытай мемлекетте сол уақытта көп Жапония жауынгерлер болды. Оларды Қытай аумақтан шығарды. Тағы да, мемлекеттер отар мемлекеттерінің азаттық қозғалыстарға тыйым салынған.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алексашкина Л. Н. Всеобщая история. XX – начало XXI века. – М. : Мнемозина, 2011.
- 2 Клейменова Н. Е., Сидоров А. Ю. Версальско-Вашингтонская система. – М. : МГИМО МИД РФ, 1995. – 147 с.
- 3 Мир между войнами. Избранные документы по истории международных отношений 10-40-х годов». Сост. А. В. Мальгин. – М. : МГИМО МИД РФ, 1996. – 302 с.
- 4 Демидов С. В. Международные отношения в Европе в 1919-1939 гг. – М., 2001.
- 5 Киссинджер Г. Дипломатия / Г. Киссинджер. – М. : Ладомир, 1997. – 848 с.
- 6 Кабардин М. С. О роли Версальско-Вашингтонской системы в становлении нового порядка в мире: начало, развитие и прекращение Версальско-Вашингтонской системы // Молодой ученый. – 2014. – №11. – С. 279-281.

### 1.1.7 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар. Кешбасшылық философиясы

#### 1.1.7 Социально-гуманитарные науки. Философия успеха

## О ВИДАХ БЕЗОПАСНОСТИ КАК СИСТЕМООБРАЗУЮЩИХ ЭЛЕМЕНТАХ БЕЗОПАСНОСТИ СОЦИУМА

БАЗАРОВ Е. Т.

докторант Phd, Академия КНБ РК, г. Алматы

Большую роль в организации системы обеспечения безопасности личности, общества и государства играет классификация видов угроз по тем или иным основаниям..

Страна – это своего рода единый общественный организм, который состоит из целого ряда подсистем – политической, экономической, социальной, военной, и в каждой из них развиваются противоречия вокруг основных материальных и духовных ценностей. В свою очередь, эти противоречия могут обостряться и превращаться в источники опасности для безопасности страны, для всех жизненных интересов общества.

А для того, «чтобы иметь объективную возможность отслеживать процессы возникновения и развития противоречий, эффективно управлять этими процессами и воздействовать на них, общество, государство вынуждены и обязаны классифицировать всю сумму отношений на однотипные, имеющие свою сущностную характеристику, свои закономерности развития и поддающиеся системному и проблемному анализу» [1, с. 34].

Поэтому есть большая необходимость в классификации всех отношений в области безопасности на те или иные виды. Однако при этом нам надо помнить о том, «что, по-видимому, прежде всего следует отказаться от понимания общей теории безопасности государства как объединенной универсальной теории, рассматривающей все виды опасности, вырабатывающей единые принципы обеспечения безопасности государства в любой области» [1, с. 37]. Оно и понятно, ведь этих областей множество. Нельзя просто взять и объединить, например, разделы экологии и экономические науки, политологию и информатику, юридическую и военную науки.

Критерием деления содержания национальной безопасности на виды/элементы можно считать степень влияния угроз безопасности жизнедеятельности человека, общества и государства в тех или иных сферах жизни общества. Другими словами, виды/элементы национальной безопасности включают в себя безопасность среды обитания, а также безопасность социальной, экономической, политической, духовной и информационной сферы.

Каждая из указанных сфер общества представляет собой отдельную сложную систему, в которой выделяются наиболее важные элементы, безопасность которых определяет возможность существования и развития и общественной сферы, и общества.

Сам сложный характер общественной жизни порождает разнообразие социальных субъектов, главнейшей характеристикой которых является безопасность. Выходит, что в каждой сфере жизни общества можно выделить вид безопасности. Как неоднократно отмечалось в научной литературе, существует большое и разнообразное количество определений как видов безопасности вообще, так и национальной безопасности в частности. Это объясняется многими причинами [2; 3; 4].

Наличие четкой классификации видов национальной безопасности играет важную методологическую роль в построении всей системы национальной безопасности и в ее правовом регулировании. Значимость данного утверждения связана с тем, что нельзя «размывать» понятие

